ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қонаев университеті»

ӘОЖ Қолжазба құқығында

Тасыбаева Сауле Кенесбаевна

«Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбек құқықтарын сотпен қорғау»

6D030100 - Құқықтану

Философия докторы (PhD)

дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші :
Қонаев университетінің доценті,
Заң ғылымдарының докторы
Өмірәлі Жәзира Өмірәліқызы

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Құқық докторы
Даниэль Войтчак
(Катовице қ, Польша)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2025

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР..... 3
АНЫҚТАМАЛАР..... 4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР..... 5
КІРІСПЕ..... 6

1 АЗАМАТТАРДЫҢ ЕҢБЕК ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ.. 15
1.1 Еңбек құқықтарын қорғаудың мәні және қағидалары..... 15
1.2 Еңбек құқықтарына қатысты заңнаманың қалыптасуы және дамуы : ұлттық және халықаралық аспектілері..... 34
1.3 Азаматтардың еңбек құқықтарын сотпен қорғау – құқықты қорғаудың тиімді тәсілі ретінде..... 54
2 ЕҢБЕК ДАУЛАРЫН СОТТА ҚАРАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ..... 66
2.1 Еңбек дауларын сотқа дейінгі шешу тәртібі..... 66
2.2 Азаматтық, әкімшілік және қылмыстық істерде еңбек дауларын сотта қарау тәртібі..... 90
2.3 Азаматтардың жекелеген санаттарына қатысты еңбек дауларын қараудың ерекшеліктері..... 99
2.4 Еңбек дауларын қараудың шетелдік тәжірибесі (Польша, Германия және АҚШ мысалында)..... 109

3 ЕҢБЕК ДАУЛАРЫНЫҢ КЕЙБІР САНАТТАРЫН ҚАРАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ..... 132
3.1 Жұмыскерді жұмысына қайта алу туралы дауларды қараудың ерекшеліктері..... 132
3.2 Тәртіптік жазаның күшін жою туралы дауларды қарау тәртібі..... 142
3.3 Еңбек шарты тараптарының материалдық жауапкершілігі туралы дауларды қарау..... 147

ҚОРЫТЫНДЫ..... 158

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ..... 166

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы (2022.19.09. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек Кодексі (2025.16.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі (Жалпы бөлім) (2025.20.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (1999 ж. 1 шілдедегі № 409-1) (Ерекше бөлім) (2025.12.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

«Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік Кодексі» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V Кодексі (2025.20.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

«Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Кодексі (2025.20.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қылмыстық кодексі (2025.16.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V Қылмыстық-процестік кодексі (2025.16.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

«Медиация туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 401-IV Заңы (2025.22.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

«Кәсіптік одақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 27 маусымдағы № 211-V Заңы (2024.20.08. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

«Төрелік туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 488-V Заңы (2024.01.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

«Соттардың азаматтық істер бойынша жеке ұйғарымдар шығару тәжірибесі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2010 жылғы 25 маусымдағы № 1 Нормативтік қаулысы (2022.07.10. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

«Еңбек төрелігі туралы үлгілік ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1018 бұйрығы. (2020.28.08. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек даулары мен жанжалдарын шешу тәртібін оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 15 ақпандағы № 199-VII Заңы.

АНЫҚТАМАЛАР

Бейбәсекелестік туралы талап – жұмыс берушіге нұқсан келтіруі ықтимал әрекеттерді жүзеге асыруға жұмыскердің құқығын шектейтін, бейбәсекелестік туралы шарттың талаптары;

Еңбек дауы – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану, келісімдердің, еңбек және (немесе) ұжымдық шарттардың, жұмыс беруші актілерінің талаптарын орындау немесе өзгерту мәселелері бойынша жұмыскер (жұмыскерлер) мен жұмыс беруші (жұмыс берушілер), оның ішінде бұрын еңбек қатынастарында болғандар арасындағы келіспеушіліктер;

Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектор – еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ішкі бақылауды жүзеге асыратын жұмыскерлердің өкілі;

Жұмыс берушінің қызметін декларациялау – жұмыс берушінің қызметін ол берген өтініш негізінде Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес келеді деп тану рәсімі;

Жұмыскерлердің өкілдері – кәсіптік одақтар және олардың бірлестіктері, ал олар болмаған кезде осы Кодексте көзделген жағдайларда жұмыскерлердің жалпы жиналысында (конференциясында) жұмыскерлердің (конференция делегаттарының) кемінде үштен екісі қатысқан кезде қатысушылардың көпшілік даусымен сайланған және уәкілеттік берілген сайланбалы өкілдер;

Келісу комиссиясы - жұмыс беруші өкілдері мен жұмыскерлер өкілдерінің бірдей санынан тепе-тең негізде ұйымдарда құрылатын, тұрақты жұмыс істейтін орган;

Мемлекеттік органның шетелдік жұмыскері – еңбек шарты бойынша мемлекеттік органға тартылған шетелдік;

Сотқа жүгіну құқығы - азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, соның ішінде еңбек құқықтары мен бостандықтарын қорғауға кепілдік беретін негізгі құқықтарының бірі;

Өтемақы төлемдері - жұмыстың ерекше режимі мен еңбек жағдайларына, жұмысынан айырылуына, жұмыскерлерге еңбек міндеттерін немесе Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де міндеттерді орындауына байланысты шығындарды өтеуге байланысты ақшалай төлемдер, сондай-ақ жұмыскерлерді немесе еңбек қатынастарында тұрмайтын өзге адамдарды (бұдан әрі – білім алушы) кәсіптік даярлаумен, қайта даярлаумен және біліктілігін арттырумен байланысты төлемдер болып табылады.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АЕК – айлық есептік көрсеткіш
АҚ – Акционерлік қоғам
АҚШ – Америка Құрама Штаттары
БАҚ – Бұқаралық ақпарат құралдары
БОАК - Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті
БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы
ЕО – Еуропа Одағы
ЕтЗК – Еңбек туралы заңдар кодексі
ЖОО – Жоғарғы оқу орны
ЖШС – Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
КСРО - Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
Қазақ КСР - Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы
ҚР – Қазақстан Республикасы
ҚР АПК - Қазақстан Республикасының Азаматтық-Процестік кодексі
ҚР ӘҚБтК - Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі
ҚР ЕК – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі
ҚР ҚК - Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі
ҚР ҚПК - Қазақстан Республикасының Қылмыстық Процестік кодексі
НҚ - нормативтік қаулы
РКФСР - Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасы
ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ҰҚҚ – Ұлттық Қауіпсіздік Қызметі
ҮЕҰ - Үкіметтік емес ұйымдар
ХЕҰ - Халықаралық еңбек ұйымы
ІІМ – Ішкі Істер Министрлігі
т.б. – тағы басқалар
QSG - Qazaqstan Steel Group
UNCITRAL - БҰҰ-ның халықаралық сауда құқығы жөніндегі комиссиясы

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертация Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбек құқықтарын сотпен қорғау мәселелерін зерттеуге арналған. Жұмыста еңбек құқықтарын қорғаудың мәні және қағидалары қарастырылды; азаматтардың еңбек құқықтарын қорғау нысандары мен тәсілдерінің (өзін-өзі қорғау, кәсіптік одақтармен және соттық қорғау, еңбек заңнамасы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау) тұжырымдамалық аспектілері зерттелді; еңбек құқықтарына қатысты заңнаманың қалыптасуы және даму тарихына шолу жасалып, еңбек қатынастары саласына қатысты Қазақстан Республикасының құқықтық актілерін реформалау тарихы кезеңдерге бөлініп қарастырылды; азаматтардың еңбек құқықтарын қорғау және олардың сотқа жүгіну құқығы, еңбек құқықтарын қорғаудың тәсілдері жан-жақты зерттелді; азаматтардың еңбек құқықтарын сот арқылы қорғаудың тиімділігін арттыру және сот органдарының өкілеттіктерін кеңейтуге қатысты ұсыныстар берілді; еңбек дауларын сотқа дейінгі шешу тәртібі, оның ішінде еңбек құқықтарын қорғаудың соттан тыс (мемлекеттік бақылау органының қызметін, келісу комиссияларын, еңбек төрелігі, татуластыру комиссиясы, медициялық келісім) және сот арқылы қорғау тәсілдері зерделенді; «ұжымдық еңбек дауы» және «жеке еңбек дауы» ұғымдарына авторлық анықтама ұсынылды; еңбек дауларын шешудің тиімді процессуалдық-құқықтық механизмін қалыптастыруға бағытталған бірқатар ұсыныстар берілді; еңбек заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартудың жалпы негіздері талданып, сотқа дейін еңбек дауларын реттеу тәртібі негізінде келісу комиссиясының шешімін бұйрық өндірісімен атқару мүмкіндігін арттыру бойынша ұсыныстар берілді; азаматтардың жекелеген санаттарына қатысты еңбек дауларын қараудың ерекшеліктері сараланды, «қызметтік дау» ұғымына анықтама беріліп, қызметтік даудың жеке еңбек дауымен өзара байланысы талданды; еңбек дауларын сотпен қараудағы (Германияның Федералдық еңбек сотының үлгісі бойынша) шет мемлекеттердің тәжірибесі талданып, еңбек заңнамаларына салыстырмалы талдау жүргізілді; жұмыскерді жұмысына қайта алу туралы дауларды қарау тәртібі, соттың заңды және дәлелді шешім қабылдауы жеткілікті дәлелдеу нысанасына қатысты мәліметтерді қамтитын фактілерді қарастыру жолдары ұсынылды; тәртіптік жазаның күшін жою туралы және еңбек шарты тараптарының материалдық жауапкершілігі туралы дауларды қараудың ерекшеліктері сараланды.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 23-бабында «әр адамның еңбек етуге, жұмыс түрін еркін таңдауға, әділ және қолайлы еңбек жағдайына, жұмыссыздықтан қорғалуына құқығы бар. Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар» делінген [1].

Адам капиталы индексінің сапалы көрсеткішін құрайтын еңбек күші жоғары кез-келген мемлекет үшін әлеуметтік қатынастарды тиімді реттеу, оның ішінде мемлекет пен халық арасындағы диалогтың тұрақтылығын сақтау мен

әлеуметтік қақтығыстарды болдырмау, сондай-ақ, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылғы 2 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «...біздің қоғамымызда заң мен тәртіп үстемдік құруға тиіс. Бұл – бүкіл қоғамның және әр адамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты ең басты талап. Біз сонда ғана Әділетті, Таза және Қауіпсіз Қазақстанды құра аламыз. Мемлекет пен қоғам арасындағы диалогтың сапасын одан әрі арттыра түсу үшін бәріміз адал әрі әділ болуымыз, тек заң аясында әрекет етуіміз, берген уәдеміз бен ісіміз үшін жауап бере білуіміз керек.» деген болатын [2].

Елімізде азаматтардың еңбек құқықтарын құқықтық қамтамасыз етуде Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексі еңбек қатынастарын әлдеқайда кең көзқарас тұрғысынан жаңғыртуға – жеке, сондай-ақ ұжымдық деңгейлерде де ынтымақтастық рухын жандандыруға, адами капиталға инвестициялардың маңыздылығын неғұрлым кеңінен тануды және жеке қызметкерге, оның отбасылық міндеттемелеріне деген құрметті қамтамасыз ету үшін қызметкерлердің сот арқылы қорғалуын күшейтуге арналған [3, 31].

Қазіргі таңда еңбек қатынастары саласында қабылданып жатқан нормативтік құқықтық актілер жүйесі сапасының едәуір жақсарғанына қарамастан, кемшіліктер көптеп орын алуда. Соңғы уақыттардағы экономикалық тұрақсыздық салдарынан жұмыссыздықтың көбеюі немесе жұмыстан қысқартылу, жалақының уақытылы төленбеуі және еңбек қатынастары тараптарының мүдделерінің қайшы келуі, азаматтардың еңбек құқықтарының жиі бұзылуы жағдайларын еңбек заңнамасының әлі де жетілмегендігімен түсіндіруге болады.

2016 жылдан бастап жұмыс орындарында құрылған келісу комиссияларының жеке дауларды сотқа дейінгі міндетті реттеу тәжірибесінің енгізілуіне қарамастан, еңбек дауларын сотқа дейінгі реттеу тәсілдері қанағаттанарлықтай тиімді нәтиже бермегендіктен, өз құқықтарын қорғау мақсатында сотқа арыз-шағым түсіретін азаматтардың саны күн санап артуда.

ҚР Жоғарғы Сотының мәліметіне сүйенсек, еңбек дауларына қатысты республика соттарына 2021 жылы - 6770 талап арыз келіп түскен, оның ішінде бірінші инстанцияда 2132 іс бойынша сот шешімі шығарылып, апелляцияға 1020 іске шағым келтіріліп, кассацияда 28 іс қаралған.

2022 жылы 6117 азаматтық іс қаралып, 1821 іске сот шешімі шығарылған. апелляцияға 946 іске шағым келтіріліп, кассацияда 24 іс қаралған.

2023 жылы 5394 азаматтық іс қаралып, шешім шығарумен – 2046 іс аяқталады және апелляцияға 1054 іске шағым келтіріліп, кассацияда 14 іс қаралған [4].

Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға конституциялық құқығын жүзеге асыру кепілдіктеріне байланысты, сот нысаны қорғаудың басқа нысандарына қарағанда басымдыққа ие. Яғни, соттар

материалдық құқық нормаларын дұрыс қолданып, нақты құқықтық ұстаным болғандықтан көп жағдайда сот істері оң шешімін тауып жатады.

Сонымен қатар, азаматтардың еңбек құқықтарын тиімді қорғауға қатысты сот жүйесінде де қателіктер жіберіліп жатады. Жоғарыда келтірілген статистика қайта зер салсақ, соңғы 2022-2023 жылдың өзінде аппеляциялық шағым бойынша 2000 азаматтық іс қаралып, бірінші сатыдағы сот шешімдерінің шамамен 90%-ға жуығы бұзылып, 38 іс кассациялық сатыда қаралған. Бұндай келеңсіздіктердің орын алуын біріншіден, судьялардың біліктілігі, яғни сот тәжірибесінің жеткіліксіздігінен аңғаруға болады, салдарынан типтік қателіктер көптеп жіберілуде. Оған себеп, біріншіден, іске қатысты маңызы бар мән-жайлар толық емес және дәлелдеу пәні дұрыс анықталмауы, ұқсас істерді шешу бойынша бірыңғай ұстанымның болмауы, еңбек заңнамасы нормаларына түсіндірмеде бірізділіктің болмауының салдарынан қарама-қайшылықтардың туындауына әкеледі.

Екіншіден, еңбек дауларын қарау кезінде сот арнайы заңнаманы басшылыққа алуы тиіс, себебі заңда тікелей көрсетілуіне байланысты, еңбек құқығының (талап арыз беру мерзімі, еңбек дауларының соттылығы және т.б.) нормалары дауларды қарау кезінде қолданылмайды. Көп жағдайда судьялар дауларды шешу барысында азаматтық-құқықтық қатынастарға сүйенеді. Сондай-ақ, еңбек қатынастарын реттеуде жергілікті еңбек инспекторлары қолданыстағы біркелкі әдістемелік жүйенің болмауынан, қолданыстағы заңнамаларға түсіндірме берілмегендіктен қиындықтарға тап болады. Сондықтан, еңбек қатынастарын реттейтін органдардың, судьялардың жүйелі түрде біліктіліктерін арттыруды енгізу және сот органдары мен құқық қолдану практикасын жетілдіру жөніндегі жұмыс тобын құру қажет деп санаймыз.

Үшіншіден, бірінші сатыдағы шығарылған сот шешімдерінің сапасына қатысты, сот актілерінде мәлімделген талаптар бойынша уәждеу немесе нақты соттың тұжырымдасы берілмейді. Көп жағдайда талап арыздың мәтіні толығымен көшіріліп алынады, ал, іс материалдары мен тараптардың түсіндірмелері, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты қабылдаған сот шешімдерін стандарттау шаралары біржақты қалып, ескерілмейді. Осы ретте, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына заңгер ғалымдар, кәсіподақ бірлестіктері мен жұмыс берушілер, уәкілетті орган мен Үкіметтік емес ұйымдардың (бұдан әрі – ҮЕҰ) өкілдерінен еңбек даулары бойынша заңнамаға сапалы түсіндірме беру қажеттілігі туындайды.

Төртіншіден, ҚР Жоғары Сотының № 1 жеке еңбек дауларын қарау бойынша нормативтік қаулысының (бұдан әрі - НҚ) өзінде түсіндірме ашылмаған. Еңбек кодексінің көшірмесі, бұл өз тарапында практикадағы судьяларға, заңгерлерге, т.б. тұлғаларға еңбек кодексінің нормаларын қолдану жағдайында қиындықтар туғызады. Түсіндірме болмағандықтан, 1-инстанциядағы жеке еңбек дауларын қарау бойынша сот шешімдерінде қарама-қайшылық байқалады.

НҚ мазмұнын талдау оның жеткіліксіз зерттелуіне, көптеген қарама-қайшылықтар мен ескірген ережелерге, НҚ нормаларына сілтеме жасаудың

үлкен көлеміне, жеке параграфтардың тұжырымдамаларының шектеулілігі мен мағынасыздығына көз жеткізуге мүмкіндік береді.

Еңбек заңнамасында еңбек дауларын сотта қарау мәселелері жеке қарастырылмаған [5, 6]. Жұмыскердің бұзылған құқықтарын қалпына келтірудің тиімділігі мақсатында еңбек заңнамасы жеке еңбек дауларын шешудің баламалы тәсілдерін қарастыруы тиіс. Мысалы, соңғы уақытта еңбек юстициясын құру, Еңбек процессуалдық кодексін қабылдау және т.б. туралы мәселелер жиі талқыланып жүр [6, 116].

Әрине, біздің сот жүйемізде Германия, Нидерланды, Ұлыбритания сияқты дамыған елдердегідей еңбек соттарын құру туралы бастама көтеру әлі ерте деп санаймыз. А.Ж. Исаеваның «еңбек дауларының статистикасының өсімі мен судьялардың жүктемесін есепке ала отырып, Жоғарғы және облыстық соттар жанынан еңбек сот алқаларын құру қажет, соның нәтижесінде еңбек дауларын қараудың сапасы да, жеделдігі де артуы тиіс» деген пікірімен толық келісуге болады [5, 11].

Жоғарыда аталған тезистер мен ғылым көзқарастарға сүйене отырып, азаматтардың еңбек құқықтарын қорғауды және оны қалпына келтіруді, әлеуметтік кепілдіктердің ең төменгі деңгейінің кепілдіктерін қамтамасыз ете алатын еңбек даулары бойынша сот ісін жүргізуде Жалпы юрисдикция жүйесінде еңбек даулары бойынша сот рәсімдерінің тиімділігін арттыру үшін еңбек заңнамасы жан-жақты зерделеуді қайта талап етеді.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Еңбек даулары, еңбек дауларын құқықтық реттеу тәртібі, еңбек құқықтарын қорғаудың мәні және қағидалары, сондай-ақ, азаматтардың еңбек құқықтарын қорғау заңнамасының қалыптасуы мен дамуы тарихын зерттеп жүрген келесідей бірқатар ғалымдардың атап айтсақ, Ғ.С. Сапаргалиев., В.Н. Уваров., М.К. Сулейменов., А.С. Ибраева., А. Нуртдинова, В.В. Архипов., В.Н. Толкунова., Т.Б. Шубина., И.И. Яблокова., Л.А. Губжокова., А.Б. Иванов., К.М. Варшавский., Д.А. Лепёшин., Г.М. Давидянның еңбектерін атауға болады.

Еңбек құқықтарын қорғау тәсілдерін зерттеуде Е.Н. Нургалиева., М.Х. Хасенов., Ж.А. Хамзина., А.Ш. Хамзин., А.Ж. Исаева., Б.Ш. Нурашева., Д.Б. Толеуханова., Д.У. Рыскалиев., Е.А. Бурибаев., Г.Г. Галиакбарова., А.Т. Есембаев., М.Д. Сейтжанов., Д.Ж. Белхожаева, Д.С. Байсымакова., сондай-ақ, И.А. Костян., Т.А. Нестерова., Л.В. Зайцева., К.Н. Гусов., А.Г. Авдей., С.В. Агиевец., О.С. Курылева., Е.В. Мотина., Т.М. Петоченко., А.В. Ясинская-Казаченко сияқты ғалымдар еңбектерін арнады. Бүгінгі күні азаматтардың еңбек құқықтарын сотпен қорғау бағытындағы ғылыми зерттеулер мен еңбектер әлі де жеткіліксіз.

Диссертациялық жұмысты жазуда еңбек құқығы, азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу құқығы саласындағы шетелдік ғалымдардың да еңбектері зерттелді. Олардың қатарында, В.Ф. Цвых.,T. MacDermott., J. Riley., M.Quijoux., Rudolf Traub-Merz., Tim Pringle., К. Осакве., сондай-ақ, еңбек құқықтарын қорғаудағы халықаралық ынтымақтастық саласында С.Н. Лебедев., Е.С. Батусова., Л. Брославский., И.Я. Киселев., А.В. Завгородний және т.б. еңбектері бар.

Еңбек дауларын сотқа дейінгі шешу тәртібіне зерттеу жүргізген С.Б. Идрисова., Ж.Т. Қарашева., М.Ж. Калшабаева., С.А. Сартаев., К.Р. Усеинова., Д.З. Копбаев., А.М. Майтанов., Е.И. Носырева., А.И. Рашидова., З.М. Дарчинянды атауға болады.

Азаматтардың еңбек құқықтарын қорғаудың сот тәртібін еңбек дауының түріне қарай әртүрлі қырынан қарастыруға болады.

Азаматтардың жекелеген санаттарына қатысты еңбек даулары ең көп тараған санаттардың бірі. Зерттеудің мәнін құрайтын осы санаттарды зерделеуде Т.М. Абайдельдинов., Е. Нургалиева., И.З. Куанова., Н.С. Алпысов., В.М. Абдрашитов., Е.Л. Невзгодинаның еңбектері қарастырылды. Ал, азаматтық, әкімшілік және қылмыстық істерде еңбек дауларын сотта қарау тәртібі Я.М. Плошкина., Н.М. Митина., В.В. Кулинкова., М.В. Пресняков., С.Е. Чаннов., В.Н. Кудрявцевның зерттеулерімен сараланды.

Азаматтық сот ісін жүргізудегі сот дәлелдемелері Е.Б. Айдаров., А.А. Карандашева., А.Ю. Александров ғылыми еңбектерінде кеңінен зерттелген.

ҚР Конституциясына, ҚР Қылмыстық кодексіне сәйкес, кемсітушілік адамның нәсіліне, жынысына, жасына, діни көзқарасына, әлеуметтік жағдайымен және т.б. сабақтас құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін бұзу болып табылады. Ал, еңбек заңнамасында азаматтарды еңбек саласындағы кемсітушіліктен қорғау жеткілікті түрде реттелмеген. Азаматтарды еңбек қатынастарындағы кемсітушіліктен қорғау механизмін ғалым М.Х. Хасенов., Е.Т. Баймолдинова., Д.В. Солдаткин зерттеу жүргізуде. Десе де, еңбек саласында азаматтарды кемсітушіліктен қорғау бағытындағы ғылыми зерттеулер аз.

Сондай-ақ, еңбек дауларының кейбір санаттарын қараудың ерекшеліктері Н.В. Гилева., А.А. Сейдимбек., В.В. Иглин., М.С. Гордыгин., Д.В.Агашев., Д.Ж. Белхожаева, Қ. Тұрлыханқызы., Ю. Чумаченкомен қарастырылған.

Еңбек дауларының түрлеріне терең талдау жүргізіп, жан-жақты сараланған кешенді зерттеу деп ғалым В.Н. Уваровтың «Трудовое право Республики Казахстан» тақырыбындағы оқулығын атауға болады. Сонымен қатар жеке еңбек дауларын қорғауға қатысты Г.Г. Галиакбарова мен Е.Н. Нургалиеваның «Правовое регулирование индивидуальных трудовых споров: теория и практика их разрешения» монографиясы, Қ. Тұрлыханқызының «Жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыскердің кінәлі әрекеттеріне байланысты еңбек шартын бұзу» тақырыбындағы диссертациясы қарастырылды.

Қазақстан Республикасындағы азаматтардың еңбек құқықтарын сотта қорғаудың тәжірибелік мәселелерін зерттеу бағытында жасалған кешенді жұмыс ретінде «Еңбек дауларын сотта қараудың процессуалдық ерекшеліктері» тақырыбындағы А.Ж. Исаеваның жұмысын атауға болады. Бұл жұмыс еңбек дауларының әлеуметтік құбылыс ретінде туындау себептерін анықтау және жұмыс беруші мен жұмыскерлер, еңбек ұжымы арасында еңбек және ұжымдық шарттың орындалуына байланысты пайда болатын еңбек дауларын сотта қараудың процессуалдық ерекшеліктерін зерттеуге арналған.

Жоғарыда аталған және өзге де авторлардың зерттеулері диссертациялық зерттеу жұмысына теориялық негіз ретінде алынды.

Диссертациялық зерттеудің объектісі - азаматтардың еңбек құқықтарын сот арқылы қорғау процесінде туындайтын қоғамдық қатынастар болып табылады.

Диссертациялық зерттеу пәнін – Қазақстанның, бірқатар шет елдердің қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерінің нормалары; ХЕҰ, ЕО, ТМД нормативтік-құқықтық актілері, сондай-ақ еңбек құқығы бойынша ғылыми еңбектер құрайды.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Бұл диссертацияның мақсаты еліміздегі және шетелдердегі азаматтардың еңбек құқықтарын сот арқылы қорғаудың теориялық және тәжірибелік мәселелерін жан-жақты зерттеу, сот арқылы қорғау процесінде туындайтын мәселелерді талдау, нақты заңнамалық ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Зерттеу мақсаттарына қол жеткізу үшін келесідей **міндеттер** қойылды:

- «азаматтардың еңбек құқықтарын қорғау» ұғымына анықтама беру;
- еңбек даулары бойынша сот жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар беру;
- «жеке еңбек дауы» және «ұжымдық еңбек дауы» ұғымына авторлық анықтама беру;
- еңбек саласындағы кемсітушіліктің алдын-алу жолдарын талдау және құзыретті органдардың өкілеттіктерін күшейту жолдарын қарастыру;
- қызметтік даудың түсінігі мен ерекшеліктерін анықтау;
- келісу комиссиясымен жеке еңбек дауларын қарау критерийлерін анықтау;
- жеке еңбек дауларын қарау мерзімдерінің ерекшеліктерін зерделеу;
- еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасымен бұзу барысында міндеттемелерін жетілдіру.

Зерттеудің аталған міндеттері диссертациялық зерттеуде дәйекті түрде шешілді, бұл бірқатар теориялық және практикалық тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді.

Диссертацияның әдістемелік базасы.

Диссертациялық зерттеудің жалпы және арнайы әдістері, теориялық және эксперименттік әдістер, индукция және дедукцияның жалпы әдістері, сондай-ақ, жалпыдан жекеге өту, абстракция, жүйелік талдау әдістері, қолданылды.

Құқықтық-салыстырмалы талдау әдістері, ғылыми зерттеудің тарихи әдісі де қолданылды. Тарихи әдіс құқықты оның формасының, мазмұны мен мәнінің өткен жағдайы тұрғысынан, сондай-ақ оның қазіргі заманғы шынайы мәні тұрғысынан бағалауға мүмкіндік береді.

Салыстырмалы талдауда ұлттық және шетелдік еңбек заңнамасының спецификалық ерекшеліктері, оның ішінде халықаралық еңбек стандарттарын қарастырылып, әртүрлі елдердің сот тәжірибесі зерттелді. Кейбір нормативтік құқықтық актілердің анықтамаларын нақтылауда арнайы зерттеу әдістері ретінде формальды-құқықтық әдіс қолданылды.

Диссертациялық зерттеудің теориялық базасын В.Н. Уваров., Т.М. Абайдельдинов., Ж.А. Хамзина., А.Ш. Хамзин., А.Ж. Исаева., Б.А. Сериев., Б.Ш. Нурашева., Е.Н. Нургалиева., Г.Г. Галиакбарова., Д.У. Рыскалиев., И.З. Куанова., Н.В. Гилева., Д.Б. Толеуханова., Е.А. Бурибаев, Қ. Тұрлыханқызы.,

Д.Ж. Белхожаева, Д.С. Байсымакова., Е.Б. Айдаров., А.А. Сейдимбек., М.Д. Сейтжанов., М.Х. Хасенов., Е.Б.Айдаров., М.Д. Сейтжанов және т.б. Ресейлік ғалымдардан В.В. Архипов., А.Б. Иванов., К.М.Варшавский., К.Н. Гусов., Т.А. Нестерова., В.Н. Толкунова., И.И. Яблокова., Т.Б. Шубина., И.А. Костян., Г.М. Давидян., В.М. Абдрашитов., Я.М. Плошкина., Л.В. Зайцева., Е.И. Носырева., А.И. Рашидова., З.М. Дарчинян., Л.А. Губжокова., ВФ. Цвых., С.Н. Лебедев., Е.Л. Невзгодина., А.Г. Авдей., С.В. Агиевец., О.С. Курылева., Е.В. Мотина., Т.М. Петоченко С.В. Колобова., Ю.С. Сергеенко., Г. Юсупова., Ю.Н. Строгович., В.В. Иглин., А.В. Коновалов., М.В. Пресняков., С.Е. Чаннов., В.Н. Кудрявцев., Е.С. Батусова., К. Осакве., Л. Брославский сияқты белгілі ғалымдардың жұмыстары құрайды.

Диссертациялық зерттеудің нормативтік негізін Диссертациялық зерттеудің нормативтік негізін халықаралық еңбек стандарттары, халықаралық шарттар, еліміздің және бірқатар шет елдердің қолданыстағы еңбек заңнамасының ережелері, халықаралық ұйымдардың актілері, ұжымдық шарттар, әлеуметтік әріптестік туралы келісімдер құрайды. Сондай-ақ автор ҚР Конституциясына, халықаралық конвенцияларға, ҚР Азаматтық процестік Кодексіне, ҚР «Кәсіптік одақтар туралы» Заңына, ҚР Еңбек кодексіне сүйенеді.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы: жоғарыда қойылған мақсаттар мен міндеттермен, сондай-ақ оның нәтижесінде жасалған қорытындылармен анықталады. Бұл диссертация елімізде азаматтардың еңбек құқықтарын сотта қорғау мәселесіне арналған алғашқы кешенді монографиялық зерттеу болып табылады.

Зерттеудің эмпирикалық негізін сот тәжірибесінің материалдары, атап айтқанда, ҚР Жоғарғы Соты мен өзге де соттардың тәжірибесі, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары мен интернетте жарияланған фактілер құрайды.

Қорғауға ұсынылған тұжырымдар:

1. Азаматтардың еңбек құқықтарын қорғау - бұл еңбек туралы заңнаманың сақталуын қамтамасыз етуге және азаматтардың бұзылған еңбек құқықтарын қалпына келтіруге бағытталған шаралар кешені.

2. Жеке еңбек дауы – еңбек қатынастары тараптарының бұзылған еңбек құқықтарын қалпына келтіру, оның ішінде жеке еңбек жағдайларын белгілеу немесе өзгерту туралы талап қою бастамасы бойынша еңбек заңнамасын, ұжымдық шарт және келісім нормаларын қолдануға қатысты жұмыс беруші мен жұмыскер арасындағы реттелмеген келіспеушіліктер.

Ұжымдық еңбек дауы - еңбек жағдайларын белгілеу, ұжымдық шарттар мен келісімдерді жасасу, оларды өзгерту және еңбекке ақы төлеуді қоса алғанда, жұмыскерлердің сайланбалы өкілді органының пікірін ескеруден бас тарту мәселелеріне байланысты жұмыскерлер ұжымы (ұжымдары) мен жұмыс беруші (жұмыс берушілер бірлестігі) арасындағы реттелмеген келіспеушіліктер.

3. Қызметтік даулар - жұмыс берушінің өкілі мен мемлекеттік қызметкер, мемлекеттік қызметке орналасуға үміткерлердің, бұрын мемлекеттік қызмет

өткерген азаматтардың арасындағы бұзылған лауазымдық құқықтарын қалпына келтіруге байланысты туындайтын келіспеушіліктер.

4. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 159-бабының 1 тармағы келесідей редакцияда ұсынылады: «жұмыскерлерінің саны он бес адамнан аспайтын ұйымдардың жұмыскері, үй жұмыскері, заңды тұлғаның жеке-дара атқарушы органы, заңды тұлға атқарушы органының басшысы, сондай-ақ заңды тұлғаның алқалы атқарушы органының басқа да мүшелері арасында туындайтын дауларды қоспағанда, жеке еңбек дауларын - келісу комиссиялары, ал реттелмеген мәселелер не келісу комиссиясы шешімінің орындалмауы бойынша соттар қарайды».

5. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 160-бабының 1-тармақшасында бекітілгендей, осы баптың 2-тармақшасында «басқа еңбек даулары бойынша келісу комиссиясына және сотқа жүгіну мерзімдерінің сатыларын бөліп қарастыру» ұсынылады.

6. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 159-бабының 1 тармағына сәйкес сотқа дейін еңбек дауларын реттеу тәртібі негізінде келісу комиссиясының шешімін бұйрық өндірісімен атқару мүмкіндігін қарастыру қажет деп саналады. Бұйрық өндірісін атқару келісу комиссиясы шешімінің маңызын арттырады.

7. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының 24) тармақшасында өтемақының нақты мөлшерлемесі көзделмеген. Жұмыс берушінің өтемақы төлеу міндетін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 131-бабының 1-тармағында 4-тармақшамен толықтыру ұсынылады : «Жұмыскер зейнеткерлік жасқа толғаннан кейін жұмыс берушінің өз бастамасымен еңбек шарты бұзылған кезде бір айдағы орташа жалақы мөлшерінде жұмысынан айырылуына байланысты өтемақы төлемдерін жүргізіледі».

Диссертациялық зерттеудің теориялық және тәжірибелік маңыздылығы. Диссертациялық зерттеу нәтижелерінің теориялық және тәжірибелік маңыздылығы зерттеу барысында алынған ұсыныстар азаматтардың еңбек құқықтарын қорғау бөлігінде сот жүйесін жетілдіру ісінде практикалық қызығушылық тудыруымен анықталады

Диссертациялық зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы жұмыста ұсынылған ұсыныстар мен тұжырымдар :

• қол жеткізген теориялық ережелер еңбек құқығы ғылымының және заң шығару қызметінің дамуында;

• азаматтардың еңбек құқықтарына қатысты сот тәжірибесінде;

• еңбек заңнамасын жетілдіруге байланысты заң шығармашылық процестерде;

• Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, сот органдарының тәжірибелік қызметінде;

• жоғары оқу орындарында заң мамандықтары бойынша академиялық процестерінде; еңбек құқығы курстарын, оқу құралдарын әзірлеуде қолданылуы мүмкін.

Диссертациялық зерттеудің апробациядан өтуі. Диссертацияның негізгі ережелері мен ғылыми-теориялық конференцияларда талқыланып, ғылыми зерттеудің нәтижелері ҚР БҒМ БҒССҚК ұсынған басылымдарда 3 мақала, халықаралық ғылыми конференцияларда 2 мақала, Scopus деректер базасында индекстелетін мерзімді басылымда 1 ғылыми мақала жарияланып, апробациялаудан өтті, олар:

1) С.К. Тасыбаева. Қазақстан Республикасындағы нарықтық қатынастар жағдайында жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғаудың кейбір құқықтық мәселелері // ISSN 2218-2098. Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы Академиясының ғылыми еңбектері. – 2021. - №2 (96). –22-30 беттер.

2) С.К. Тасыбаева. «Current issues of resolving individual labor disputes» // ISSN 1563-0366, eISSN 2617-8362. https://bulletin-law.kaznu.kz. Заң сериясы. №2 (102). 2022 –80-86 р.

3) С.К. Тасыбаева., А.А. Амангелді. «Жеке еңбек дауларын қарастырудың тәртібі». Вестник Института Законодательства и правовой информации РК №1 (76)-2024. 130-141 бет.

Халықаралық конференциялар материалдарындағы жарияланымдары:

4) С.К. Тасыбаева., Р.Н. Тасыбаев. «Қазақстан Республикасында азаматтардың еңбек құқықтарын қорғауды Конституциялық-құқықтық негіздері». Материалы международной научно-практической онлайн - конференции на тему: «Государственная независимость Республики Разахстан: истоки, современное состояние, вызовы», посвящѐнной 30-летию государственной независимости Республики Казахстан 11 ноября 2021 г. - С. 369- 377.

5) С.К. Тасыбаева., Р.Н. Тасыбаев. «Сотпен қорғау – азаматтардың еңбек құқықтарын қорғаудың нысаны ретінде». Материалы международной научно-практической онлайн конференции на тему: «Наследие Д.А.Кунаева в развитии Республики Казахстан как демократического, правового, социального государства», посвященная 110- летию со дня рождения Динмухамеда Ахмедовича Кунаева, 11 февраля 2022 г. – С. 256-262.

Scopus мәліметтер базасына енгізілген халықаралық ғылыми журналдардағы жарияланымдар:

1) S. Tassybayeva., K. Adilova., Zh. Omirali., B. Ilyassova., K. Aitkhozhin. «Labor disputes in international practice: Examples from Poland, Germany, and the USA» P. 231-259. DOI: 10.52028/rbadr.v7.i13.ART12.KUN.

Диссертациялық зерттеудің құрылымы мен көлемі зерттеудің теориялық және практикалық аспектілерін зерттеуге мүмкіндік береді. Диссертация 239 бетте баяндалған, нормативтік сілтемелерден, анықтамалардан, қысқартулардан, кіріспеден, үш бөлімнен, қорытынды және 185 пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 АЗАМАТТАРДЫҢ ЕҢБЕК ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ

1.1 Еңбек құқықтарын қорғаудың мәні және қағидалары

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында елдің жаңа экономикалық саясатын жария етіп, «Жаңа экономикалық саясаттың қағидалары мен басымдықтарын нақты айқындаумен қатар, алдағы реформаларды сапалы әрі толық жүзеге асыру өте маңызды. Оның табысты болуы мемлекеттік қызметшілердің біліктілігіне, жауапкершілігіне және саяси ерік-жігеріне тікелей байланысты» деп [7], баға беріп, Президент жаңа экономикалық модельге көшуіміз қажет деп баса айтқан болатын. Жолдауға назар аударатын болсақ, мемлекет жаңа әлеуметтік-экономикалық құрылымға өтудің, келесі сатыға көтерілу кезеңін өткеруде, бұндай жағдайда қызметкерлер құқықтарының дұрыс қамтамасыз етілуі мен қорғалуы өте өзекті болып табылады.

Еңбек құқығының, негізінен, пайда болу себептері де әлеуметтік қатынастармен байланыстырылады. Алғашында осы құқық саласының міндеттері болып, бір жағынан, сәйкесінше шарттарды жасау кезінде тараптардың теңдігін және олардың мүдделерінің ескерілуін қамтамасыз ететін жалдамалы еңбекті қолданумен байланысты қатынастарды реттеу, екінші жағынан, экономикалық жағынан күштірек жұмыс берушіге қарағанда, экономикалық жағынан әлсіз қызметкерлерді қорғаудың қажеттілігі. Мемлекет өз тарапынан, әрбір адамға өзінің құқықтары мен бостандықтарының бұзылған уақытында, тіптен осы құқық бұзушылықтар ресми тұлғалармен жасалған сәтінде де мемлекеттік органдарға жүгіне отырып, оларды құқықтық қорғау құқығына кепілдік береді [8, 241].

Азаматтардың еңбек құқықтарын сақтау - кез келген мемлекеттің әділ және орнықты дамуының негізі. Қазақстан Республикасында соңғы жылдары азаматтардың еңбек құқықтарын қорғауды күшейтуге бағытталған елеулі шаралар іске асырылды. Мемлекет Конституциямен және халықаралық шарттармен кепілдендірілген әділ еңбек жағдайларын қамтамасыз ету жөніндегі өз міндеттемелерін орындауды жалғастыруда. Бірқатар маңызды құжаттар қабылданды, атап айтсақ, «2024-2029 жылдарға арналған еңбек нарығын дамыту тұжырымдамасы», «2024-2030 жылдарға арналған Қауіпсіз еңбек тұжырымдамасы», сондай-ақ, Үкімет пен жұмыс берушілер мен кәсіподақтар бірлестіктері арасында 2024-2026 жылдарға арналған Бас келісімге қол қойылды. Негізгі жаңалықтардың бірі - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жанынан Мемлекеттік еңбек инспекциясы жөніндегі комитеттің құрылуы болды. Еңбек инспекциясын жергілікті атқарушы органдардан орталық органға беру еңбек заңнамасының сақталуына бақылауды күшейтуге мүмкіндік береді.

Қазақстанның қазіргі таңдағы жұмыс берушілері көп жағдайда өндіру нарығын кеңейту мен қамту бойынша кәсіпкерлердің бәсекелестік тартыстарының күшеюмен байланысты мәселелеріне көңіл бөледі, бұл

қызметкерлердің қорғалуында оны әлсіздендіретіндей көрініс табады. Жұмыс берушінің өз бизнесінің экономикалық көрсеткіштеріне баса назар аударуы және оның шығындарын минимизациялауға тырысуы бұл жұмыскерлердің мүдделерінің ескерілмеуіне, олардың құқықтарының шектелуіне себепші болады. Бұл шектеулер көп жағдайда жұмыскерлерге тиесілі әлеуметтік игіліктердің қысқартылуына, еңбекақының өзгеретін бөлігінде қысқаруына, жұмыс беруші тарапынан еңбек шартының заңсыз бұзуына, ҚР Еңбек заңнамасымен бекітілген жұмыс уақыты мен демалыс уақытының сақталмауы және т.б. Осының бәрі еңбек заңнамасын бұзу көрсеткіштерінің өсуіне өз ықпалын тигізеді, сәйкесінше, бұл еңбек құқықтары мен өзінің еңбек құқықтарын қорғауды қажетсінетін тұлғалар санының өсуіне әкеледі.

Тәжірибеде еңбек қатынастарындағы ең аз қорғалған тарап ол – жұмыскерлер тобы. Жалпылауға ұмтылмай, біз жұмыс берушілердің еңбек қатынастарында, соның ішінде құқықтық салада да әр түрлі көрінетіндігін мойындаймыз. Осы жұмыста біз осы қатынастардағы ең проблемалық жағдайларды қозғаймыз және сот атынан мемлекет азаматтардың құқықтарын қорғаудың кепілі болуы қажет. Қорғаныс деңгейі мен оның формалары әр түрлі елдерде әр түрлі болуы мүмкін.

Азаматтардың еңбек құқықтарын қорғаумен байланысты еңбек қатынастарындағы олардың жағдайын тікелей реттеумен және әсер етумен байланысты мәселелер әлі де нақты заңнамалық тұрғыда бекітілген жоқ. Оған дәлел ретінде, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің негізгі ұғымдары арасында, біздің көзқарасымыз бойынша, маңызды болып табылатын, «еңбек құқықтарын қорғау», «еңбек құқықтарын қорғау тәсілдері» сияқты түсініктемелері қарастырылмаған, бірақ еңбек құқығы ғылымында «еңбек құқықтарын қорғау» термині мен түсінігі бұрыннан бері қарастырылған.

Азаматтардың еңбек құқықтарын қорғаудың мақсаты — азаматтарға өзінің әлеуметтік жағдайын, яғни конституциялық құқықтарын, еркін түрде қолдана алатынындай жағдай жасау болып табылады. Осындай қорғаудың қажеттілігі Халықаралық еңбек ұйымының бірқатар конвенцияларында көрініс табуынан-ақ байқауға болады. Оларда аталып өткендей, жұмыскер еңбек қатынастарында ең нашар қорғалатын тарабы болып табылады, сол себепті де ол қоғам мен мемлекеттің жағынан жұмыс берушіден қорғалуы қажет. Сонымен қатар 2006 ж. 15 маусымындағы Халықаралық еңбек ұйымының еңбек құқықтық қатынастары туралы сипаттамасында жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау ұлттық саясат деңгейіне көтерілген болатын, сәйкесінше, оны қатысушы- мемлекеттер жетілдіруі мен жүзеге асыруы тиіс делінген [9, 35].

Азаматтардың еңбек құқықтарын қорғауды құқықтық реттеу тек ҚР ЕК нормаларымен ғана шектелмейді. Азаматтардың еңбек құқықтарын қорғау тетігін қалыптастыру қазіргі әлеуметтік-экономикалық көрініске сәйкес келуі керек, оларды қорғау тәсілдерінің тұжырымдамалық аспектісін (өзін-өзі қорғау, кәсіподақ және сот арқылы қорғау, мемлекеттік қадағалау және еңбек құқығы нормаларының сақталуын бақылау және т.б.) зерттеумен тығыз байланысты, олар арқылы бұзылған құқықтар қалпына келтіріледі.

ҚР еңбек заңнамасы азаматтардың еңбек құқықтарын қорғауды жақсартуға, сондай-ақ салыстырмалы талдау жүргізу және еңбек шарты тараптарының құқықтарын қорғауды реттеудегі шетелдік тәжірибені зерделеу арқылы осы саладағы ғылыми білімдерді жүйелеу және кеңейтуге бағытталған міндеттерді шешудің жаңа тәсілдерін әзірлеуді қажет етеді.

Азаматтардың еңбек құқықтарын қорғау әдістерінің жүйесі келесідей болуы керек деп санаймыз, оның құрылымы қорғау процесінің оңтайлы қозғалысы шеңберінде жұмыскердің бір қорғау әдісінен екіншісіне үдемелі ауысуын көрсетеді: 1) өзін-өзі қорғау, 2) кәсіподақ қорғауы, 3) әлеуметтік әріптестік органдарының қорғауы, 4) еңбек заңнамасының және басқа да нормативтік құқықтық актілердің сақталуын мемлекеттік қадағалау және бақылау; 5) соттық қорғау, 6) халықаралық ұйымдардың қорғауы [10].

Азаматтардың еңбек құқықтарының қорғалу дәрежесін анықтамас бұрын, «еңбек құқықтарын қорғау» түсінігіне анықтама беру қажет. Әр түрлі құқық салаларымен қолданылатын құқықтарды, бостандықтар мен заңды мүдделерді «қорғау» түсінігін анықтау кезінде, оны түсіндірудің бәріне ортақ тәсілдердің қолданылмауы, аталған маңызды құқықтық категорияға қатысты ортақ тұжырымның болмауының өзі әртүрлі анықтама беруге негіз болады. Аталған құбылыстың қажеттілігіне тоқталмай-ақ, азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау түрлі мамандармен әр түрлі құқық салалары аясында ғана емес, бір саланың ішінде де бірдей қарастырылмайтындығын байқауға болады [11, 130].

Ұлттық құқықтың жекелеген салаларының нормативтік-құқықтық актілерінде «құқықты қорғау» термині жиі қолданылуда. Оған дәлел ретінде 1994 ж. 27 желтоқсанында қабылданған ҚР Азаматтық кодексінің 9 және 10-баптары азаматтық «құқықтарды қорғауға» арналған.

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 ж. 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексінің 2-тарауы толықтай некелік-отбасылық (ерлі-зайыптылық) «құқықтарды қорғау» мен жүзеге асыруға байланысты мәселелерге арналған [12].

ҚР Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР АПК) 8-бабы азаматтық іс жүргізуге қатысатын тұлғаның құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін соттық қорғауға бағытталады. Осылардың ішінде тек қана Қылмыстық процестік кодексінің 7-бабының 19-тармағында нақты құқықтарды қорғау мәселесіне көңіл бөлінген және келесідей түрде анықтама берілген: «қорғау – қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірілген, айыпталған адамдардың құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету, күдікті, айыптауды теріске шығару немесе жұмсарту, сондай-ақ қылмыстық қудалауға құқыққа сыйымсыз түрде ұшыраған адамдарды ақтау мақсатында қорғаушы тарап жүзеге асыратын процестік қызмет» [13]. Ал, ҚР ЕК 1-бабында еңбекті қорғау - құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық-техникалық, санитариялық-эпидемиологиялық, емдеу-профилактикалық, оңалту және өзге де іс-шаралар мен құралдарды қамтитын, еңбек қызметі процесінде жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі деп танылады [14].

Т.А. Нестерова «еңбекті қорғау» — құқықтық жағдайлары өзгерген кезде жағымсыз салдарларды азайтуға және оларды жоюды, қатысушылардың табиғи құқықтарының бұзылуын және шектелуін тоқтату, ескерту, оларды анықтау жолымен құқықтық қатынастардың тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша арнайы құзыреттіліктерге ие арнаулы органдардың қызметтерінің қорытындысы; ал еңбек құқықтарын қорғау — құқықтың табиғи жағдайын сақтау мен кедергілерді жоюға, басқа біреудің ниеттерін бейнелеуге бағытталған, мемлекет күшімен қамтамасыз етілетін және құқық субъектісінің билігіндегі мүмкіндіктерді интеграциялаудың қорытындысы» деп анықтама береді. Ғалым жұмысшылардың «еңбек құқықтарын қорғау» мен «еңбекті қорғау» терминдерінің ажыратумен байланысты мәселеде тіптен басқаша ұстанымдарды ұстанады, біріншіден, олардың өзіндік сипатқа ие екенін негіздейді, екіншіден, аталған санаттардың анықтамаларын олардың «нәтижелері» жағынан қарастырады. Сондай-ақ, Т.А. Нестерова жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау түсінігін аша отырып, еңбек құқықтарын қорғау құқықтық құбылыс ретінде көптеген өлшемдерге ие (мысалы, субъективті еңбек құқығының элементі ретінде, әмбебап құқықаралық құқықтық категория ретінде және т.б.) екендігін пайымдайды [15, 16].

Көптеген ғалымдар «еңбекті қорғау» мен «еңбек құқықтарын қорғау» түсініктерін синоним ретінде жиі қарастырса да, олардың кейбіреулері еңбек құқықтарын қорғауды еңбекті қорғаудан жеке қарастырып, тіптен бұл түсініктемелердің қажеттілігін жоққа шығарумен байланысты көзқарастар қалдырады. Бұған дәлел ретінде Т.Б. Шубинаның пікіріне назар аударуға болады, ол өз кезегінде «еңбекті қорғау» термині тіптен керек жоқ деген көзқарасты ұстанған, себебі аталған термин құқыққорғаушылық сипатты иеленбейтін жалпы құқықтық режимді орнатуды көздейді деп тұжырымдайды. Құқыққорғаушылық қатынастар «еңбекті қорғау» терминімен қамтылмайды, сол себепті аталған термин заңды мәнге ие болмайды және оны реттеушілік қатынастарды сипаттау үшін қолдану дұрыс емес деп есептеген [16, 17].

Оған қарама-қарсы пікірді отандық ғалым Е.Н. Нургалиева ұстанады, оның пайымдауынша, «еңбекті қорғау» адамдардың тұрақты және нәтижелі қызметін қамтамасыз ететін басты жағдайлардың бірі болып табылады. Жалдамалы еңбек, жұмыс берушінің басшылығында және оның экономикалық мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған, бөтен шаруашылықтың аясында жүзеге асырылатын жұмыскерлердің біріккен қызметі [17].

Жоғарыда аталғандар А.В. Яковлеваның ғылыми еңбектерінде еңбек құқықтарын қорғау сияқты ғылыми мәселені кешенді ұғынуға қажетті келесі аспектілер тұрғысынан ғана қарастырады :

1) еңбек құқығының қызметі;

2) құзыретті субъектілердің қызметтері;

3) еңбек құқығының жаңа кешенді институты [8, 242]. Осындай түрде қарастырған, біздің ойымызша, дұрыс.

Азаматтардың еңбек құқықтарын қорғауда біркелкілік пен заңды анықтамасының болмауы салдарынан бұл мәселеге қатысты құқықтық тәртіпті

қамтамасыз ету қиындыққа соғады. Сол себепті де еңбек құқығы субъектілері әрекеттерінің арасында байланысты орнату туралы мәселе әлі де өзекті болып отыр.

Осыған байланысты, біздің ойымызша, қазіргі таңдағы Қазақстанның дамуына сай келетін, азаматтардың еңбек құқықтарын қорғау тәсілдері туралы нормаларды қамтитын заңнама қажет. Сонымен қатар мемлекетіміз жұмыскерлердің еңбек аясындағы өзіне тиесілі құқықтар мен экономикалық мүдделері үшін күресудің құқықтық мүмкіндіктерімен қамтамасыз ету қажет, яғни оларды қолданудың тиімділігіне кепілдік беретін және нақты реттейтін нормаларды дайындауға міндетті.

Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының теңдігін қамтамасыз ету талабы қазіргі демократиялық құқықтық мемлекеттердің маңызды құндылықтар жүйесінде ерекше орын алады. Азаматтардың еңбек қатынастарында теңдік қағидасын зерттеу әр түрлі жұмыскерлерді олардың еңбек және кәсіп саласындағы теңдігіне қатысты салыстыру жүргізілетін өлшемдерді талдауды талап етеді. 1948 жылғы 10 желтоқсандағы БҰҰ-ның Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясының 1-бабына сәйкес, барлық адамдар өздерінің қадір-қасиеті мен құқықтары бойынша еркін және тең болып туады. Осылайша, теңдік тұжырымдамасындағы бастапқы алғышарт-бұл әр адамның туғаннан бастап тең құқықтарға ие болуы. Еңбек құқығы Декларацияда жарияланған құқықтардың қатарына жататындықтан, әр адамның жұмыс істеуге тең құқығы бар.

Еңбек және олармен тікелей байланысты өзге де қатынастар саласындағы қызметкерлердің құқықтары мен бостандықтарының теңдігін жариялау оларды тең еңбек құқық субъектісі деп тану туралы қорытындыға әкеледі – яғни барлық жеке тұлғалардың өздерінің еңбек қабілеттерін еркі бойынша қолдануға және еңбек заңнамасында көзделген құқықтар мен міндеттердің стандартты жиынтығына ие болуға бірдей мүмкіндігі бар.

Теңдік қағидасын түсіндіру және талқылау ХЕҰ-ның 1958 жылғы 25 маусымдағы Еңбек және жұмыспен саласындағы кемсітушілік туралы №111 конвенциясының ережелеріне сәйкес келеді. Конвенцияның 2-бабында ұлттық саясаттың мақсаты барлық кемсітушілікті жою мақсатында еңбек пен кәсіпке қатысты мүмкіндіктер мен қарым-қатынас теңдігінің ұлттық жағдайлары мен практикасымен үйлесімді әдістерін көтермелеу ретінде айқындалады. Қазақстанның еңбек құқығы еңбек саласындағы жұмыскер құқықтарының осы аз ғана тізбесіне ғана тоқтай алмайды. Орталықтандырылған реттеу тәртібімен жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығын қорғау үшін қажетті және адамның лайықты өмір сүруін қамтамасыз ететін еңбекті қолданудың жалпы қағидаттары мен бірыңғай ең төменгі кепілдіктер мен стандарттарды белгілейді.

Еңбек құқығының негізгі қағидалары ҚР Конституциясының 24, 28 баптарында [18] және еңбек құқығы саласының нормативтік құқықтық актілерінде бекітілген. ҚР Конституциясына сәйкес азаматтың еңбек құқығының субъектісі ретіндегі құқықтық мәртебесі барлық азаматтар үшін бірдей деп танылады, тең болып саналады. Құқықтар мен міндеттердің заңды

жалпы және ерекше кепілдіктері келесідей: біріншіден, ҚР Конституциясымен кепілденген және теңдік бостандық қағидасын жүзеге асыруға мүмкіндік береді, екіншіден, заңдар еңбек құқығы субъектілерінің құқық бұзушылықтарының алдын-алады, үшіншіден, міндетті тұлғалардың әрекет ету мүмкіндіктеріменен шектерін белгілейді; төртіншіден, аталған құқықтарды бұзатын әрекеттерге шағымдануға мүмкіндік береді және бесіншіден, кінәлі тұлғалардың құқық бұзушылықтарының нәтижесінде келген материалдық зиянды өтеуді қамтамасыз етеді.

Еңбек құқығының жалпы (салааралық) қағидалары еңбек құқығы қатынастарын реттеуде маңызды роль атқарады. ҚР Конституциясының 24, 28 баптарында көрсетілген негізгі қағидалар аталған қағидалардың негізгі жалпылық сипатын көрсетеді. Негізгі қағидалардың қатарына: заңдылық қағидасы, еңбек ету бостандығы, кемсітуге жол бермеу,ең төменгі жалақының мөлшерінің қамтамасыз етілуі және т.б., қағидаларды атап көрсетуге болады. Басқаша айтқанда, Ата Заңымызда ҚР еңбек заңнамасының іргетасын, оның ішінде азаматтардың құқықтарын сотта қорғау заңды түрде айқындалады.

Еңбек құқығы саласындағы еңбек құқығы қағидалары толық түрде зерттелген. Алайда, қалыптасқан қағидаларды еңбек құқығының субъектілері – жұмыс беруші мен жұмыскердің құқықтары мен міндеттерімен байланыстыруға болмайды. Қағидалардың мазмұны кеңінен қарағанда еңбек құқығының пәні, әдістері және жүйесіменен байланыста болады, қалыптасқан негізгі қағидалар қоғамдық біртектес қатынастарды реттеуімен ерекшеленеді және еңбек құқығының барлық субъектілерін (жұмыскерлерді, жұмыс берушілерді, еңбек ұжымдарын және олардың өкілдік органдарын және т.б. субъектілерін) қамтиды.

Еңбек құқығының негізгі қағидаларының мәні мынада:

1) олар біріккен түрде еңбек құқығының барлық нормаларының басты мазмұнын көрсетеді, сол арқылы еңбек заңнамасының мәнін және оның экономикалық салалармен байланыстылығын анықтайды;

2) еңбек заңнамасының дамуына, жетілуіне бағыт береді және еңбек заңнамаларын пайдаланудағы кемшіліктер мен қайшылықтарды көрсетеді;

3) жекелеген еңбек қатынастарындағы нормаларды еңбек құқығының бірыңғай жүйесіне біріктіруге, оларды еңбек құқығы саласының институттары бойынша топтастыруға мүмкіндік береді.

Кейбір қағидаларды бөлек қарастыратын болсақ, мысалы, еңбек еркіндігі принципі өзінің қарапайымдылығына қарамастан, іс жүзінде үнемі сақтала бермейтінін көреміз. Мәселен, жұмыстан негізсіз босату еңбек еркіндігі қағидасының бұзылуыні соның дәлелі.

ҚР ЕК еңбек саласындағы кемсітушілікке тыйым салу туралы 6-бабының 4-тармағында еңбек саласында кемсітушілікке ұшыраған адамдардың сотқа шағымдануға құқығы бар делінген [14]. Жалпы аталған баптың нормаларында еңбек қатынастарында орын алатын кемсітушіліктің түрлі көріністері (он екі түрі) сипатталған. Яғни, еңбек дауының сипатына қарай сот органына тікелей жүгіну де, еңбек дауын сотқа дейін шешудің барлық сатыларынан өту қажеттілігі де қарастырылған.

1990 жылдары кәсіподақтар саяси процестен шеттетілді. КСРО-ның 1990 жылғы 10 желтоқсандағы No 1818-I «Кәсіптік одақтар, олардың құқықтары мен қызметінің кепілдіктері туралы» Заңы қабылданды. 3-бапта кәсіподақтар есеп бермейтін және бақылауға жатпайтын мемлекеттік органдардан, шаруашылық органдардан, саяси және басқа да қоғамдық ұйымдардан тәуелсіздік жарияланды. Кәсіподақтардың құқықтарын шектейтін немесе олардың орындалуына кедергі келтіретін кез келген араласуға, егер заңда өзгеше көзделмесе, тыйым салынды. 1990-1992 жылдар аралығындағы күрделі қайта құруларға байланысты ел үшін қиын кезең ереуілдердің қарқынды өсу қарқынымен сипатталды.

Өндірістік, өндірістік және өнеркәсіптік салаларда 1991 жылы орын алған көмір саласындағы ереуіл тіптен ереуілдердің «флагманына» айналды және өзінің наразылық рухымен мемлекеттік саясатқа әсерін тигізді. Табыстың күрт төмендеуі, бағаның өсуі, жұмыссыздық ел ішіндегі жағдайға әсер етпей қоймады. 1992 жыл бюджеттік сала қызметкерлерінің, мұғалімдер мен дәрігерлердің ереуілдерімен есте қалды.

Еңбек қатынастары саласын реформалау тәуелсіздік алған жылдардан бастау алады. Экономиканы түбегейлі реформалау еңбек, халықты жұмыспен қамту саласындағы жағдайды күрт шиеленістірді. Жұмыскерлерді мемлекеттік сектордан экономиканың жекеменшік секторына, өндірістік саладан өндірістік емес салаға, ауылдық жерлерден қалаға қайта көшіру орын алды.

Еңбек қатынастары саласына қатысты Қазақстан Республикасының құқықтық актілерін реформалау тарихын ***3 кезеңге бөліп қарастыруға болады:***

1. Еңбек заңнамасын қалыптасуының алғашқы кезеңінде (1993 жылғы «Қазақстан Республикасының Еңбекті қорғау туралы» Заңы, 1999 жылғы «Қазақстан Республикасының Еңбек туралы» Заңы, 2004 жылғы «Қазақстан Республикасының Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы» Заңы қабылданды);

2. Еңбек заңнамасын кодтау, заңнаманы Халықаралық еңбек ұйымының стандарттарына сәйкес әзірлеу (2007 жылғы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі);

3. Еңбек заңнамасын ырықтандыру (2015 жылғы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі).

Бірінші кезеңге тоқталсақ. Тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстанда қоғамдық жүйелер ауысты, ұлттық мемлекеттілік құрылып, қалыптасты, басқару нысандары, жаңа әлеуметтік құрылымдар құрылды, әлеуметтік стратификация, құрылымдық экономикалық реформалар жүргізілді. Қазақстан Республикасы халықаралық қатынастар жүйесінің және басқа да бірқатар сапалы жаңа құбылыстардың толыққанды субъектісі ретінде бекітілуі қоғамның бейнесін толықтай өзгертті.

Аталған тарих кезеңінде түбірлі реформалар жүріп, елді, қоғам мен халықты түбегейлі өзгерткен әлеуметтік өзгерістер орын алды. Тәуелсіз Қазақстан мемлекеттіліктің жаңа сапалы деңгейі, баянды егемендік пен бүкіл қоғамдық - саяси жүйенің өзгеруі негізінде қалыптасты.

Еңбек қатынастары саласындағы кеңестік заңнама экономиканы реформалаудың алғашқы кезеңдерінде қалыптасқан жұмыскер, жұмыс беруші мен мемлекеттің өзара қарым-қатынасын толық көрсете алмады, барлық мүшелерінің құқықтары заңмен қорғалған, экономикалық тұрғыдан дербес әрі демократиялық қоғамның дамуына мүмкіндік бермеді [53].

Еңбек заңнамасы дербес жүйе, сондай-ақ тәуелсіздік алған жылдардан қазірге дейінгі еңбек заңнамасын ырықтандыруға негізделген еңбек құқығын қалыптастырудың жаңа толқынын сипаттайтын Қазақстан Республикасының азаматтық - құқықтық заңнамасының сегменті ретінде қарастырылады.

Еңбек қатынастарының жай - күйі, іске асырылған реформалардың мазмұны, қол жеткізген нәтижелер орта мерзімді және ұзақ мерзімді келешекте еңбек заңнамасын дамытудың негізгі бағдарлары белгіленген стратегиялар, тұжырымдамалар, халықаралық ұйымдар ратификациялаған конвенциялар негізінде зерттелді.

1997 жылы қабылданған ұзақ мерзімді «Қазақстан-2030» даму стратегиясы жұмыс берушінің заңды мүдделерін сақтай отырып, жұмыскердің еңбек және әлеуметтік құқықтарының нақты қорғалуын күшейту, еңбекақы төлеу деңгейін арттыру, халықты жұмыспен қамту деңгейін жоғарылату мақсатын көздейді.

1999 жылы 10 желтоқсанда ҚР «Еңбек туралы» Заңы (бұдан әрі – Еңбек туралы заң) қабылданды. Ол 1972 жылғы 21 шілдедегі Қазақ КСР Еңбек туралы заңдар кодексінің күшін жойды [54].

Бұл заң еңбек саласындағы социалистік идеяларды жоққа шығарды, еңбек институттарындағы ұжымшылдық үлесі азайды, құқықтық қатынастар ұжымдық шарттар туралы ережелерді қоспағанда, көбінесе екі жақты қатынастарға айналды, олар : жұмыспы - жұмыс беруші.

Еңбек туралы жаңа заң өтпелі кезеңнің талаптарына толығымен сәйкес келді. Еңбек қатынастарының тараптарына жалдау талаптары мен еңбек тәртібін анықтауда үлкен еркіндік берілді. Жұмыскер мен жұмыс берушінің шарттық қатынастары басым күш алды. Бұрын қарастырылған көптеген ресімдеу мәселелері жеңілдетілді.

Заңдағы елеулі айырмашылықтарға қысқаша тоқталып кетейік.

Еңбек туралы заң еңбек қатынастарын реттейтін ең аз талаптар мен мерзімдерді қарастырады, бұл жақсы жаққа қарай өзгеруді көздейді [55].

Еңбек жолын растайтын құжаттар тізімі кеңейтілді. Еңбек туралы заңда жұмыскердің еңбек жолын растайтын құжаттар ретінде еңбек кітапшасымен қоса, жеке еңбек шарты, жұмысқа қабылдау және жұмыстан босату туралы бұйрықтардың көшірмелері қарастырылды.

Жұмыскерлердің белгілі бір санаттарымен еңбек қатынастарын реттеу мақсатында Еңбек туралы заңға алғаш рет маусымдық, үйде жұмыс істейтін, сондай - ақ вахталық әдіспен жұмыс істейтін жұмыскерлер туралы ұғымдар мен олармен еңбек жағдайларын жасау шарттары енгізілді.

Заңда жұмыскердің бастамасымен жеке еңбек шартын бұзудың нақты негіздері жеткілікті бекітілген. Айрықша жағдайларда ғана өтемақы қарастыратын біржолғы жәрдемақы төлеу алынып тасталды. Жұмыскерді жұмыстан босату туралы хабарламаның мерзімі мен тәртібі өзгерді (1 айға азайды).

Сондай - ақ жұмыскер жұмыс берушіге екі ай бұрын емес, кемінде бір ай бұрын жазбаша ескерте отырып, жеке еңбек шартын бұзуға құқылы.

Еңбек үшін экономикалық және басқа да қажетті жағдайлар жасау мақсатында ұзақтығы 40 сағаттан аспайтын қысқартылған жұмыс аптасына көшірілді (ЕтЗК – 41 сағат). Бұл ретте жеке еңбек шарттарында тараптардың келісімі бойынша жұмыс уақытының ұзақтығы азырақ көзделуі мүмкін.

Заңнамада жұмыскерлердің жекелеген санаттарынан басқа (18 жасқа толмаған жұмыскерлер, жүкті әйелдер, мүгедектер, жеті жасқа дейінгі балалары бар әйелдер) жұмыскерлерге мерзімнен тыс уақытта жұмыс істеуіне рұқсат етіледі.

Тәуелсіздік жылдары қабылданған Еңбек туралы заң ерекшеліктерінің бірі – еңбекақы шарттарының, соның ішінде жұмыстан тыс уақытта орындаған еңбекақы төлемінің өзгеруі. ЕтЗК қолданысы кезінде жұмыстан тыс уақыттағы алғашқы екі сағатқа бір жарым мөлшерде, ал кейінгі сағаттарға екі есе мөлшерінде төленді. Белгілі бір мамандықтарға мереке күндерінде жасалған жұмысқа еңбекақы екі есе мөлшерде төленді. Мереке алдындағы күнге жұмыскерлер мен қызметшілердің жұмыс ұзақтығы бір сағатқа қысқарды.

Еңбек туралы заң қабылданғаннан бері жұмыс уақытына қарамастан, үстеме жұмысқа ақы төлеу бір жарым мөлшерде жүргізілді. Жұмыскерлердің

мамандығына қарамастан, мереке және демалыс күндеріндегі жұмысқа ақы төлеу екі есе мөлшерден кем болмауы тиіс.

Тағы бір елеулі өзгерістердің бірі жұмыскердің қалауы бойынша мереке және демалыс күндеріндегі жұмысы үшін өтемақыны қосымша демалыс күнімен ауыстыруға болады (ЕтЗК-де көзделмеген). Мереке алдындағы күндері жұмыс ұзақтығының қысқаруы бұдан басқа күндерге қарастырылмаған.

ЕтЗК - мен салыстырғанда, жыл сайынғы ақылы еңбек демалысының ең төменгі ұзақтығы 3 күнге көбейді, 18 күнтізбелік күннен аспайды. Бұдан бөлек басқа да нормативтік - құқықтық актілерге сәйкес, жұмыскерлердің жекелеген санаттары үшін демалыстың ең төменгі ұзақтығы одан көп болуы тиіс (мұғалімдер, дәрігерлер және т.б.). Сондай-ақ бірінші еңбек демалысын беру тәртібіне өзгерістер енгізілді.

Жүкті әйелдерге санаторийлерге, демалыс үйлеріне жолдама және материалдық көмек беру алынып тасталды.

Еңбек туралы заңда жұмыскерлерді ынталандыру және жазалау тәртіптері жеңілдетілген. Еңбек тәртібін бұзғаны үшін жұмыскерге төрт сатылы жазаның орнына (ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс, үш ай мерзімге аз төленетін жұмысқа ауыстыру немесе сондай мерзімге лауазымын төмендету) екі сатысы қарастырылған (ескерту, сөгіс), кейін жеке еңбек шартын бұзуға орын берілген. Тәртіптік жазаның қолданылу мерзімі жаза енгізілген күннен бір жылдан алты айға шегерілді. Осы алты ай ішінде жұмыскерге жаңа тәртіптік жаза қарастырылмаса, тәртіптік жаза алынып тасталғанын білдіреді.

Жаңа заңнама бойынша ЕтЗК-те егжей-тегжейлі көрсетілген ынталандыру түрлері мен тәртібі жеке, еңбек, ұжымдық шарттар мен жұмыс берушінің актілері негізінде анықталған.

Еңбек туралы заң қабылдағаннан бері осы уақытқа дейінгі қолданыстағы еңбек дауларын қарастыру тәртібі өз бастауын алды. Еңбек дауын тараптардың келісімі бойынша шешу, оның ішінде келісім комиссиясында қарастыру мүмкіндігі енгізілді.

90-жылдардың басында экономиканы түбегейлі реформалау (заңнаманың баяу жаңартылуы) еңбек, жұмыспен қамту, еңбекті қорғау саласындағы жағдайды шиеленістірді.

Жарақат алу деңгейі бойынша қалыптасқан жағдайға байланысты (1992 жылы 31 888 мың адам зардап шегіп, 6 073 адам қайтыс болған, жарақат алу коэффициенті 5,25-ке теңестірілді) республика кәсіпорындарында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселесінің маңыздылығына мән беру қажеттілігі туды [56].

1993 жылы Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 22 қаңтардағы № 1915-XII «Еңбекті қорғау туралы» Заңы қабылдағаннан бері тәуелсіз елімізде еңбекті қорғаудағы басқару жүйесінің негіздері бекітілді.

Жаңа заңның ережелері еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы ұлттық саясаттың негізгі қағидаттарын белгіледі. Бұл қағидаттар нарықтық экономиканың ерекшеліктерін ескере отырып, еңбек жағдайын жақсартуға, өндірістік жарақаттар мен кәсіби аурулардың алдын алуға бағытталған.

Халықаралық еңбек ұйымының (бұдан әрі – ХЕҰ) «Өндірістік ортада еңбек қауіпсіздігі мен гигиенасы туралы» № 155 Конвенциясын ратификациялауға байланысты оның негізгі декларативті ережелерімен жүру қажеттігі туды, атап айтсақ:

- еңбек қауіпсіздігі, гигиенасы мен өндірістік орта саласында келісілген ұлттық саясатты ауық - ауық қайта саралау қажеттілігі;

- еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы саясатты құру кезінде мемлекеттік органдар, жұмыс берушілер мен жұмыскерлердің, сондай - ақ еңбек қауіпсіздігі мен гигиенасы саласындағы басқа да тұлғалардың тиісті қызметтері мен міндеттерін көрсету;

- заңнама, ережелер, не болмаса ұлттық жағдайлар мен тәжірибеге сәйкес келетін кез келген тәсілдер арқылы Конвенцияның ережелерін жүзеге асыру мақсатында қажетті шаралар қабылдау.

Заңнаманы ХЕҰ халықаралық стандарттарына жақындату бойынша жұмыстарды жалғастыру барысында еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі саласындағы ХЕҰ конвенциясы ратификацияланды [57] :

1977 жылғы «Еңбекшілерді жұмыс орындарындағы ауаның ластануы, шу және тербелістер салдарынан болатын кәсіби қауіптерден қорғау туралы» (№ 148) конвенция 26.06.1996 жылғы ҚР - ның 10 - I Заңымен;

1999 жылғы «Балалар еңбегінің ең жаман түрлеріне тыйым салу және жою жөніндегі шұғыл шаралар туралы конвенцияны бекіту туралы» (№ 182) конвенция 26.12.2002 жылғы ҚР - ның № 367 - II Заңымен;

1947 жылғы «Өнеркәсіптегі еңбекті инспекциялау туралы» (№ 81) конвенция 07.05.2001 жылғы № 19 - II ҚР Заңымен;

1969 жылғы «Ауылшаруашылықтағы еңбекті инспекциялау туралы» (№ 129) конвенция 07.05.2001 жылғы № 195 - II ҚР Заңымен ратификацияланды.

Еңбекті қорғау, еңбек қауіпсіздігі мен еңбек шарттарының заңнамалық және нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру, сондай - ақ еңбекшілердің өмірі мен денсаулығын қорғау, еңбек заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды күшейту мақсатында «Еңбекті қорғау туралы» Заңның орнына 2004 жылы «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау» жаңа Заңы қабылданды. Онда нарықтық қатынастар жағдайында жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығының кәсіпорын өндірістік қызметінің нәтижелеріне қатысты артықшылығы, еңбекті қорғаудағы мемлекеттік басқару қағидаттары, қызметтік міндеттерін орындау барысында жазатайым оқиғалар мен кәсіби аурулардан зардап шеккен жұмысшылардың мүдделерін әлеуметтік қорғау белгіленген.

Бұдан бөлек, қалыптасқан нарықтық экономика шындықтарына жақындату мақсатында нарықтық қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының «Халықты жұмыспен қамту туралы», «Әлеуметтік серіктестік туралы», «Кәсіби одақтар туралы», «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы», «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» және басқа да бірқатар заңнама актілері қабылданды.

Сонымен бірге көрсетілген нормативтік құқықтық актілер республикадағы нарықтық қатынастардың әртүрлі даму кезеңдерінде қабылданды, кейбір нормалар қазіргі талаптарға сәйкес келмеді немесе өз маңызын жойды, не

болмаса оларды қолдану механизмдерінің жетілдірілмеуі салдарынан қолданылуға жатпады.

1999 жылғы 10 желтоқсанда № 493-I «Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы» Заңы қабылданды. Осы заңға сәйкес, жұмыс беруші қызметкермен жазбаша еңбек шартын жасасуға міндетті болып табылды.

«Еңбек шарты», «еңбек дауы туралы» ұғымдар алғаш рет заңда бекітілді. «Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 10 желтоқсандағы № 493-I Заңының 1-бабына сәйкес жеке еңбек шарты - қызметкер мен жұмыс беруші арасындағы екі жақты келісім, қызметкер белгілі бір мамандық бойынша жұмысты орындауға міндеттенетін жазбаша нысанда жасалатын жұмыс берушінің актілерін орындай отырып, біліктілігін немесе лауазымын, ал жұмыс беруші қызметкерге жалақыны және өзге де заңнамада және тараптардың келісімінде көзделген ақшалай төлемдерді, еңбек туралы заңнамада және ұжымдық шартта көзделген еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге міндетті [58].

Екінші кезең - еңбек заңнамасын кодтау, заңнаманы Халықаралық еңбек ұйымының стандарттарына сәйкес әзірлеумен (2007 жылғы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі) байланысты.

Жаңа еңбек заңнамасының тұжырымдамасы Президенттің тапсырмаларын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметімен әзірлегені белгілі. ҚР Президенті Н.Назарбаев ұсынған «100 нақты қадамы» бағдарламасына негізделген болатын [59].

83-ші қадам еңбек қатынастарын ырықтандыруды және жаңа Еңбек кодексін қабылдауды көздеді. Осы кезеңдерде әртүрлі нормативтік құқықтық актілерде реттеу нысаны бір-біріне ұқсас еңбек қатынастары болса да, ұғымдық аппарат, субъектілердің құқығы, міндеттері мен жауапкершілігі әртүрлі түсіндірілді.

Еңбек қатынастарын реттейтін және еңбек саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарын, мақсаттары мен міндеттерін белгілейтін (нормалары біріктірілген) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін қабылдау қажеттілігі туындады.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі № 251-III 2007 жылғы 15 мамырда қабылданды [60]. Жаңа еңбек кодексін қабылдаудың басты мақсаты - экономиканы қатаң мемлекеттік реттеу шеңберінде қабылданған социалистік еңбек заңнамасынан және іс жүзінде бір жұмыс беруші - мемлекеттің болуынан нарықтық қатынастар белсенді түрде қалыптаса бастаған сұраныстарға барабар жауап беретін жаңа еңбек заңнамасына көшуді бекіту болды.

Еңбек кодексі қабылданғанға дейін «Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы» 1999 жылғы 10 желтоқсандағы № 493-I Қазақстан Республикасының Заңы қолданыста болды, ол азаматтардың еңбек бостандығына конституциялық құқықты іске асыру процесінде туындайтын еңбек қатынастарын реттеді.

ҚР еңбек кодексін әзірлеу барысында келесідей күрделі міндеттер шешілді, олар : бір жағынан, мемлекеттің осы процестеріне барынша аз қатыса отырып, еңбек қатынастарын өзін – өзі реттеудің құқықтық негіздерін құру, екінші жағынан, бұрын мемлекет қамтамасыз еткен қызметкерлердің құқықтық

қорғалуы мен еңбек құқықтарының кепілдіктерінің қалыптасқан жоғары деңгейін сақтау болып табылады.

2007 жылғы Кодексте әлеуметтік әріптестік институттары, оның қағидаттары, органдары, ұжымдық келіссөздер жүргізу тетіктері, қызметкерлердің еңбек құқықтарын қорғауды және еңбек дауларын шешуді реттеу сияқты жаңа нормалар енгізілді. Жаңа кодекс еңбек қатынастарын ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік серіктестік қатынастарын және еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау қатынастарын да реттеді.

2007 жылғы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі жаңа жағдайда елдегі еңбек қатынастарын реформалаудың тағы бір кезеңі болды, ол еңбек саласына байланысты көптеген ұғымдар мен құбылыстарға анықтама берді. Сондай-ақ, жаңа кодексте жеке және ұжымдық еңбек дауларының қаралу тәртібі, жеке еңбек дауларын сотқа дейін келісу комиссиясына ал, ұжымдық еңбек даулары татуластыру комиссиясына жүгіну міндетті саты ретінде қарастырылды.

Алғаш рет келісу комиссиясы, еңбек төрелігі, дауды медиаторды тарта отырып шешу ұғымдары туындады.

Келісім комиссиясы ұжымдық еңбек дауын тараптарды татуластыру арқылы шешу үшін жұмыс беруші мен жұмыскерлер (олардың өкілдері) арасындағы келісім бойынша құрылатын орган болып табылады.

Заң шығарушы келісу комиссиясын еңбек дауының объективті және бейтарап үшінші тарабы ретінде анықтайды.

Еңбек төрелігі - татуластыру комиссиясында келісімге қол жеткізілмеген кезде еңбек дауын шешу үшін уәкілетті адамдарды тарта отырып, ұжымдық еңбек дауының тараптары құратын уақытша жұмыс істейтін орган.

Еңбек төрелігін ұжымдық еңбек дауы тараптары әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық, салалық немесе өңірлік комиссия мүшелерінің қатысуымен татуластыру комиссиясының жұмысы тоқтатылған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде құрады.

Еңбек төрелігі мүшелерінің саны, оның дербес құрамы, еңбек дауын қарау тәртібі тараптардың келісімімен айқындалады. Еңбек төрелігі кемінде бес адамнан тұруға тиіс. Еңбек төрелігінің құрамына қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, мемлекеттік еңбек инспекторы, мамандар, сарапшылар және басқа да адамдар енгізіледі.

Төреліктің шешімдері міндетті түрде орындауға жатады.

Яғни, егер ұжымдық дау кәсіпорында жергілікті түрде шешілмеген жағдайда, заң шығарушы еңбек саласында арнайы білімі бар адамдардың процеске араласу мүмкіндігін қарастырған, бұл еңбек төрелігінің сапалы жұмысы жағдайында тараптардың сот талаптарын төмендетіп, алдын ала сақтай отырып, соттар үшін өзіндік фильтрге айналады.

Еңбек заңнамасында еңбек дауларын шешудің басқа да құралы - делдалдың (медиатордың) қатысуы айқындалған.

Ұжымдық еңбек дауын делдалдың қатысуымен қарау тәртібі ұжымдық еңбек дауы тараптарының келісімі бойынша айқындалады.

Тараптар делдалдар ретінде оларға қатысты тәуелсіз ұйымдар мен тұлғаларды айқындайды.

Татуластыру рәсімдерінен өту еңбек дауын сотқа дейінгі реттеу тәртібінің міндетті талабы болып табылады.

Жеке еңбек дауын шешу алдыңғы Заңдағыдай келісу комиссиясы арқылы жүргізілді.

Бітімгерлік комиссиясы қызметкер мен жұмыс беруші өкілдерінің тең санынан тепе-тең негізде құрылады [60].

Ұжымдық дауға қарағанда, қызметкердің жеке еңбек қақтығысын шешу кезінде жұмыс берушінің әрекеттеріне татуласу рәсімдерінсіз шағымданудың сот тәртібі түріндегі баламасы болды.

ҚР ЕК 55 – бабына сәйкес, еңбек кодексінің 54 – бабы 1-тармағының 1-тармақшасында көзделген жағдайды қоспағанда (жұмыс беруші-заңды тұлғаны тарату не жұмыс беруші-жеке тұлғаның қызметін тоқтату), жұмыс берушінің бастамасы бойынша қызметкердің еңбекке уақытша жарамсыздығы және жыл сайынғы ақылы еңбек демалысында болуы кезеңінде еңбек шартын бұзуға жол берілмейді. Артық жұмыс істеуге жүкті әйелдер мен он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлер жіберілмейді. Егер жұмыс беруші өзінің қарамағындағыларды үстеме жұмысқа тартуы қажет болса, онда қызметкер бұған жазбаша түрде келісімін білдіруі қажет.

Бұл кодификацияланған заң еңбекшілер, жұмыс берушілер және мемлекет мүдделерінің теңгерімділігін қамтамасыз ету ерекше қажет болған өтпелі кезеңде еліміздің одан әрі экономикалық дамуына ықпал ететін уақытша заң ретінде қабылданған кезде де қарастырылды. Бұл кодты компромисс деп атауға болады. Заңның мазмұны оң тұстарымен қатар, кемшін тұстары да жетерлік болатын. Соңғы онжылдықта экономикадағы, ең бастысы, қоғамдық санадағы жағдай айтарлықтай өзгерді.

Тиісінше Кодексе оны жақсартуға бағытталған өзгерістер енгізілді. Алайда, бұл өзгерістердің тиімділігі жеткіліксіз болатын, кодекс еңбек қатынастарын икемді реттеу, жұмыс берушілерді (ірі, ұсақ) бизнесті дамытуға ынталандыру қажеттілігі мен жұмыс орындарын барынша сақтауға ұмтылу арасындағы тереңдей түсетін қайшылықты еңсере алмады.

Қазіргі жағдайда мұндай нормаларды сақтау экономиканың инновациялық дамуына кедергі болып қана қоймай, еңбек нарығының одан әрі дамуын, жаңа жұмыс орындарының пайда болуын, тиімді жұмыспен қамтуды тежейтін фактор ретінде қарастыруға болады.

2007 жылғы Еңбек кодексінің «өтпелі» сипаты бұрыннан қалыптасқан нарықтық экономикалары бар елдер сәтті жүзеге асыратын еңбек қатынастарын құқықтық реттеу тетіктерін пайдалануды қиындата түсті. Е.Н. Нургалиеваның пікірінше, бұл еңбек кодексі, өкінішке орай, еңбек қатынастарын икемді реттеу қажеттілігі, жұмыс берушілерді ынталандыру, кәсіпкерлікті (ірі, орташа және шағын ретінде) дамытумен бар жұмыс орындарын барынша сақтауға ұмтылу арасындағы терендеген қарама- қайшылықты жеңе алмады [61, 30].

Еңбек қатынастарын реттеуде Еңбек кодексімен қатар 2011 жылғы 6 қаңтардағы «ҚР Құқық қорғау қызметі туралы» № 380-IV Заңы [62] өз үлесін

қосты. Бұл заң құқық қорғау қызметкерлеріне қатысты еңбек дауларын сотта қарау барысында негізге алынады. Сондай-ақ, 2011 жылғы 28 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының Медиация туралы» № 401-IV [28] Заңы қабылданды. Медиация туралы заң жеке және ұжымдық еңбек дауларын сотқа дейін тараптардың ерікті келісімімен жүзеге асырылатын дауды реттеу рәсімі.

Үшінші кезең. Еңбек заңнамасын ырықтандыру (2015 жылғы 23 қарашадағы ҚР ЕК № 414-V ҚРЗ). 2015 жылы кезекті Еңбек кодексі Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасымен әзірленіп, еңбек қатынастарын ырықтандыруды көздеді.

Еңбек кодексін қайта қабылдаудың негізгі мақсаты - еліміздегі еңбек қатынастары саласына қатысты қолданыстағы барлық нормативтік құқықтық актілерді бірыңғай жүйелеу, біріздендіру болып табылды.

Жаңа қабылданған кодекстің бұрынғылардан айырмашылығы еңбек қатынастарында теңдік және ұжымдық шарттық қатынастарға басымдық беруі және еңбек тәртібін нығайтудың идеологиялық аспектісін жойып, өндіріс тиімділігін құрайтын ұжымда жоғары еңбек тәртібін орнату және жұмыс берушінің қызметін ынталандыру арқылы экономикалық ынталандыру рөлін арттыруында. Кодекстің жаңалығы адам капиталына инвестиция салу ескерілген, ол еңбек біліктілігі мен өнімділігінің айырмасын көрсететін еңбекақы төлеу жүйесін қолдануды білдіреді.

Нарықтық қайта құрулар күрделі кешенінде әлеуметтік-еңбек қатынастары пайда болып, дамитын өндірістік қатынастардың сипатын айтарлықтай өзгертті. Қазақстанның саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайларын реформалау процесі еңбек қатынастарына терең әсер етеді және олардың құқықтық реттелуіндегі түбегейлі өзгерістерді анықтайды [63, 17].

2007 жылғы ҚР Еңбек кодексіне мен 2015 жылғы жаңа Еңбек кодексіне салыстырмалы талдау жүргізетін болсақ, онда олардың әртүрлі архитектоникасы (құжаттың құрылымдық құрылысы) бар екенін атап өткен жөн.

2015 жылғы жаңа қабылданған Еңбек кодексінің құрылымы жағынан бұрынғы кодекске сай сақталғанымен, бірқатар баптар (нақтыланған немесе мазмұны бойынша ұқсас басқа баптармен біріктірілген нормалар) алынып тасталды. 341 баптан тұратын Еңбек кодексі 204 бапқа қысқартылды.

Жаңа кодекспен жаңа анықтамалар пайда болды. Мәселен, бейбәсекелестік туралы талап; еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектор; жұмыс берушінің қызметін декларациялау; мемлекеттік органның шетелдік жұмыскері; өндірістік қызмет және өндірістік фактор және т.б.

2007 жылғы Еңбек кодексінің «Қызметкерлердің жекелеген санаттарының еңбегін реттеу ерекшеліктері» деп аталатын 3-бөлімі жаңа кодекспен «Қызметкерлер» сөзі «жұмыскерлер» деп ауыстырылды және «Жұмыскерлердің жекелеген санаттарының еңбегін реттеу ерекшеліктері» деген 12-тараумен қайта қаралып, едәуір өзгерістерге ұшырады. Нәтижесінде он сегіз жасқа толмаған қызметкерлер, әйелдердің және отбасылық міндеттері бар өзге адамдар, ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті жұмыстарда істейтін қызметкерлер, мүгедектер, шағын

кәсіпкерлік субъектілері, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар, ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық даму институттары, ұлттық холдингтер және ұлттық компаниялар, сондай-ақ олардың еншілес ұйымдары қызметкерлері «жекелеген санаттар» қатарынан алынып тасталынды.

Жаңа кодекске сай жекелеген санаттар қатарына «Теңіз кемелері экипаждарының (жүзу құрамы) мүшелеріне жататын жұмыскерлер» (142-бап), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптары қолданылатын адамдар (143-1-бап), «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган жұмыскерлері» (145-1 бап), «Қызметін интернет-платформаларды және (немесе) платформалық жұмыспен қамтудың мобильдік қосымшасын қолдана отырып жүзеге асыратын дара кәсіпкер немесе заңды тұлға жалдайтын жұмыскер» (146-1- бап) енгізілді.

Заң шығарушы еңбек шартына тек бір ғана шектеумен (Кодекспен және басқа да нормативтік құқықтық актілермен салыстырғанда жұмыскердің жағдайын нашарлатпайтын) кез келген еңбек жағдайлары туралы енгізуге рұқсат береді. «Тараптардың келісімі» құқықтық конструкциясы еңбек шартын жасау кезінде ғана емес, оны бұзған жағдайда, сондай - ақ жұмыс уақыты, демалыс уақыты, еңбекақы төлеу және т.б. мәселелерде қолданылады.

Сонымен бірге жалақыны кешіктіргені үшін жұмыс берушінің материалдық жауапкершілігі, заңды тұлғаның алқалы атқарушы органның басшысы мен басқа да мүшелерінің еңбегін реттеу ерекшеліктері белгіленді, еңбек шартының жекелеген талаптарының жарамсыз деп танылуы бекітілді.

Еңбек қатынастары ҚР ЕК нормаларымен ғана емес, сондай-ақ, арнайы заң актілермен атап айтқанда, 2015 жылғы 23 қарашадағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңымен, «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңымен, Жоғарғы соттың нормативтік қаулылары және т.б. реттеледі. Еңбек дауларын сотта қарау тәртібі ҚР АПК және ҚР ЕК көзделген.

Мәселен, 2007 жылғы ҚР ЕК-де «жұмыс беруші осы Кодексте, ұжымдық шартта көзделген жағдайларда, қызметкерлер өкілдерінің келісімі бойынша немесе пікірін ескере отырып, актілер шығарады» (11-бап 2-тармақ) деп белгіленгенсе [60] ал, жаңа кодексте (12-баптың 1-тармағында) мақұлдануға жататын актілер тізімі тек ұжымдық шартпен белгіленеді деп бекітіледі. Бұл егер кәсіпорында ұжымдық келісімшарт болмаса, жұмыс беруші өз актілерін өзі шығаруға құқылы дегенді білдіреді.

2007 жылғы ҚР ЕК 22-бабының 1-тармағының 10-тармақшасындағы қызметкердің кәсіптік даярлықтан, қайта даярлықтан өтуге және өзінің біліктілігін арттыруға құқығы туралы норма жаңа кодексте алынып тасталып, 2015 жылғы ҚР ЕК 23-бабының 1-тармағының 10-тармақшасымен бұл норма жұмыс берушінің құқығына айналды.

2007 жылғы ҚР ЕК-нің 28-бабынан (1-тармақтың 12-ші, 13-ші тармақшалары), 31-бабының 1-тармағының (5, 8-тармақшалары) яғни жұмыс берушіге еңбек келісімшартын жасау үшін әскери есеп құжатын ұсыну,

тұрғылықты не уақытша тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі туралы талаптар алынып тасталды.

2007 жылғы ҚР ЕК 56-бабының 2-тармағы, яғни штатты қысқарту немесе кәсіби біліктілігінің болмауының салдарынан атқарып отырған лауазымына сай келмеуіне байланысты еңбек келісімшарты бұзылған кезде кәсіптік одағы органының дәлелді пікірі туралы талап алынып тасталды.

2007 жылғы ҚР ЕК 52-бабының 4-тармағында «еңбек шартында қызметкермен келісім бойынша, жұмыс берушінің қызметкерге бір жылғы орташа жалақысынан кем емес мөлшерде өтемақы төлей отырып, осы баптың 2-тармағында белгіленген талаптарды сақтамай-ақ еңбек шартын бұзу құқығы көзделеді» деп белгіленсе, 2015 жылғы ҚР ЕК сәйкес өтемақы мөлшері еңбек келісімшартымен белгіленеді.

2007 жылғы ҚР ЕК 11-бабына сәйкес жұмыс берушінің актілері деп жұмыс беруші шығаратын бұйрықтар, өкімдер, нұсқаулықтар, ережелер, еңбек тәртібінің ережелері түсінілсе, ***«Жұмыс берушінің актілері»*** ұғымы 2015 жылғы жаңа ҚР ЕК 1-бабының 1-тармағының 41) тармақшасында қамтылған. Жұмыс берушінің актілеріне бұйрықтардан, өкімдерден, ережелерден, ережелерден, ауысымдық кестеден және демалыстар беру кестесінен басқа, жұмыс берушінің хабарламалары және басқа да шешімдері, жұмыс топтары мен комиссиялардың хаттамалары жатады, олардың негізінде тиісті ұйымдастырушылық шешімдер қабылданады.

Жаңа еңбек заңнамасы жұмыс берушіні актілерді шығару кезінде ұжымдық шартта немесе Келісімде көзделген жағдайларда ғана қызметкерлер өкілдерінің пікірін ескеруге міндеттейді. (ҚР жаңа ЕК 12-бабының 1-тармағы). Бұл норма кәсіподақ органдарын келісімдер мен ұжымдық шарттар жасасу мәселелеріне жауапкершілікпен қарауға міндеттейді. Келіссөздер жүргізу кезінде әлеуметтік әріптестік актілерінің мазмұнына жұмыс беруші актілерінің толық тізбесін салу қажет, олар бойынша қызметкерлер өкілдерінің дәлелді пікірі алынуға тиіс.

Жұмыс берушінің актісі жобасының жұмыскерлері өкілдерінің оның мазмұны бойынша өз пікірін білдіру үшін оны қарау мерзімі үш күннен бес күнге дейін ұзартылды.

Еңбек кодексі акт жобасы бойынша жұмыскерлер өкілдерінің қорытындысын уақтылы алмаған жұмыс беруші осы актіні қызметкерлер өкілдерінің пікірін есепке алмай қабылдауға құқылы делінген нормамен толықтырылды.

Сенімхатты жұмыс беруші жұмыскерге тиісті тапсырманы орындау үшін беретінін ескерсек, ұйымнан тыс жерде де ол жұмыс берушінің актісі деп танылуы қажет, дегенмен азаматтық-құқықтық аспектіде сенімхат біржақты мәміле болып табылады.

ҚР ЕК-де жұмыс берушінің сенімхатына қатысты ешқандай норма бекітілмеген. ҚР ЕК 1-бабының 2-тармағына сәйкес осы Кодекстің жекелеген баптарының мазмұнын негізге ала отырып, өзге де ұғымдар мен терминдер пайдаланылады. Өндіріс мүддесі үшін жұмыскерлердің лауазымдық өкілеттіктерін және олардың қызмет бағыттарын уақтылы анықтау мақсатында

лауазымдық нұсқаулық та, сенімхат та жалпы белгіленген талаптарды сақтай отырып және істер номенклатурасының мазмұнын негізге ала отырып бекітілуге жатады. Жұмыс берушінің актісін басшының орынбасары беруі (қол қоюы), бекітуі немесе ресімдеуі мүмкін. Осы мәселе бойынша оның өкілеттіктерін басшы жеке бұйрықпен, ережелермен немесе нұсқаулармен, сондай-ақ еңбек шартымен белгілеуі мүмкін [64, 34].

Жұмыс берушінің актілері «Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің м.а. 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 263 бұйрығына сәйкес анықталады [65]. Бұл бұйрық Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. 2025 жылғы 30 маусымдағы № 298-НҚ бұйрығымен күшін жойды.

Жұмыскерлердің өкілдеріне қатысты. Жалпы еңбек қатынастары тараптарының және атап айтқанда жұмыскерлердің өкілдігі мәселелері айтарлықтай өзекті болып табылады. Өкіл - ол өзі өкілдік ететін субъектінің белгілі бір өкілеттік шеңберін иеленген жай ғана тұлға емес. Кейде өкілдің адал әрекеттеріне көп нәрсе байланысты болады: қаржылық әл-ауқат, құқықтық қорғалу, өкілдік ететін субъектінің іскерлік беделі.

Азаматтық және азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымында өкілдік институты кеңінен зерттелген. Е.Л. Невзгодина өкілдік етуді азаматтық-құқықтық медиация нысандарының бірі ретінде анықтйды [66, 121]. «Еңбек құқығындағы өкілдіктің белгілі бір ерекшелігі бар» деген Л.В. Зайцеваның пікірімен келісуге толады. Оның пайымдауынша, «Өкілдік ету жеке-жария сипатқа ие болғандықтан, цивилистік немесе процессуалдық тәсілдерді қолдану дұрыс емес. Егер өкілдік ету құқықтың басқа салаларының (азаматтық немесе отбасылық) нормаларымен түсіндірілсе, онда бұл қатынастардың мазмұны еңбек құқығымен реттеледі» [67, 150].

ҚР ЕК 1-бабының 44-тармағына сәйкес жұмыскерлердің өкілдері – кәсіптік одақтар және олардың бірлестіктері, ал олар болмаған кезде осы Кодексте көзделген жағдайларда жұмыскерлердің жалпы жиналысында (конференциясында) жұмыскерлердің (конференция делегаттарының) кемінде үштен екісі қатысқан кезде қатысушылардың көпшілік даусымен сайланған және уәкілеттік берілген сайланбалы өкілдер [14]. Ескі кодексте бекітілген қызметкерлер өкілдерінің түсінігі өзгерген жоқ. Сонымен қатар, 2015 жылғы жаңа Еңбек кодексіне «Жұмыскерлердің өкілдері және олардың өкілеттіктері» деп аталатын 20-бап енгізілді, ол кәсіподақ мүшелері болып табылмайтын жұмыскерлердің, сондай-ақ кәсіподақтар болмаған кезде сайланбалы өкілдерді қалыптастыру бойынша дауыс беруге қатыспаған жұмыскерлердің өкілдік ету тәртібін айқындайды. Жұмыскерлердің мұндай санаттары үшін заңмен олардың өтініштері бойынша өкілдік ету мүмкіндігі жасалады.

Аталған бапта жұмыскерлердің сайланбалы өкілдерінің құқықтары айқындалады. Олардың мынадай құқықтары бар:

1) жұмыскерлердің еңбек құқықтары мен мүдделерін білдіруге және қорғауға;

2) жобаларды әзірлеу және ұжымдық шарттар жасасу жөнінде жұмыс берушімен ұжымдық келіссөздер жүргізуге;

3) ұжымдық шарттарға сәйкес зерделеу және қалыпты еңбек жағдайларын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау үшін жұмыс орындарына баруға;

4) Кодексте белгіленген тәртіппен қызметкер мен жұмыс беруші арасындағы еңбек дауларын реттеуге қатысуға құқылы.

Кодекстің 20-бабында белгіленген жұмыскерлердің сайланбалы өкілдері құқықтарының тізбесі кәсіптік одақтарға қолданылмайды. Олардың құқықтары «Кәсіптік одақтар туралы» ҚР Заңының 16-бабымен айқындалады. Мәселен, кәсіптік одаққа мүше жұмыскерлерді қорғау үшін сотқа шағымдану құқығы кәсіподақтарға ғана тиесілі, сайланбалы өкілдер мұндай құқыққа ие емес [31].

Кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін, олар қабылдаған нормативтік құқықтық актілердің күшін толық немесе ішінара жою не өзгерту туралы мемлекеттік органдарға жүгіну құқығына да қатысты.

Сенімхат бойынша үшінші тұлғалар қызметкерлердің өкілі бола ала ма деген сұрақ әлі де сұрақ күйінде қалып отыр.

Сенімхат бойынша жеке өкілдік өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ деп есептейміз. Еңбек кодексі әлеуметтік әріптестік мақсаттары үшін, ұжымдық еңбек дауларын шешу үшін белгілі бір жағдайларда қызметкерлердің өкілдік етуіне мүмкіндік жасайды.

Сондай-ақ, кодексте жұмыс берушінің жұмыскермен ***бейбәсекелестік туралы шарт*** жасасу құқығы көзделген жаңа норма (29-бап) енгізілді. Бейбәсекелестік туралы шартқа сәйкес жұмыс беруші тарапынан жұмыскердің бәсекелес салада қатар жұмыс атқару құқығын шектелуі мүмкін. Бейбәсекелестік туралы шарт жасалуы мүмкін қызметкерлердің атқаратын және орындайтын лауазымдар мен жұмыстар тізімі жұмыс берушінің актісімен бекітіледі [68].

Кез-келген жұмыс беруші негізгі жұмыскерлерді сақтап қалуға тырысады. Компаниялар қызметкерлерді оқытуға және дамытуға қомақты қаражат салады, кеңесшілерді тартады, оларды бас кеңсеге тағылымдамадан өтуге жібереді және кәсіби даму жоспарларын жасайды.

Алайда, жұмыскер қажетті білімді алғаннан кейін ол басқа компанияларға қызмет орындарына ауысып кететін жағдайлар болады. Жұмыс беруші үшін бұл құнды кадрлардың жоғалуымен ғана емес, жабық бизнес ақпараттың (клиенттік база, корпоративтік байланыстар, аналитикалық және бухгалтерлік деректер, келісім-шарт бағасы туралы ақпарат, жаңа өнімдер, жұмыстар мен қызметтер, кәсіпорындардың кірістілігі, болашаққа арналған жоспарлар және т.б.) жария болу тәуекеліне әкеліп соқтырады. Компания неғұрлым табысты болса, соғұрлым құнды ақпараттарды жұмыскер оны өз ісін бастауда немесе өзге бәсекелес компанияларға ауысқанда пайдалана алады. Осы себепті, жұмыс беруші жұмыскердің бәсекелес фирмаға ауысуын барынша шектеуге мүдделі екені анық. Осы мақсатта 2015 жылғы еңбек заңнамасына жаңа «бейбәсекелестік туралы шарт» институты енгізілді.

Бейбәсекелестік туралы шарт еңбек шартына қосымша түріндегі жеке құжатты ресімдеу немесе тиісті шартты еңбек шартының өзіне енгізу арқылы жүзеге асырылады. Бейбәсекелестік туралы шарт әдетте негізгі жұмыскерлермен жасалады және келесідей шарттарды қамтиды:

1. Шарттың мәні. Құжатта жұмыскерге белгілі бір ұйымдарда жұмыс істеуге немесе оларда белгілі бір лауазымдарды атқаруға тыйым салынатындығы көрсетіледі.

2. Шарттың қолданылу мерзімі. Жұмыскердің жұмыстан босатылғаннан кейін бәсекелес ұйымдарға ауысуға құқығы болмайтын уақыт кезеңін анықтайды. Іс жүзінде мұндай келісім еңбек қатынастары тоқтатылғаннан кейін 6 айдан 36 айға дейін жарамды.

3. Шарттың кеңістіктегі әрекеті. Бәсекелес компанияда жұмыс істеуге тыйым салу бұрынғы жұмыс беруші орналасқан елдің аумағына да, ұқсас кәсіпорындар жұмыс істейтін басқа елдерге де қолданылуы мүмкін.

Салалық шектеу дегеніміз не? Бейбәсекелестік туралы шартта «жұмыскердің жұмыстан босатылғаннан кейін белгілі бір саладағы компанияда жұмыс істеуге құқығы жоқ» деп жазылуы мүмкін. Мысалы, автомобиль өнеркәсібі компаниясының жұмыскеріне бүкіл әлемде осы саланың компаниясына орналасуға тыйым салынуы мүмкін.

Бейбәсекелестік шарттарын жасау тәжірибесі көптеген жұмыс берушілер үшін де, елімізде жұмыс істейтін шетелдік компаниялар үшін де тиімді болып табылады.

Бейбәсекелестік туралы шартты еңбек шартында көзделуі қажет деген пікірлер де аз емес. Дұрыс пікір. «Бейбәсекелестік туралы шарт» ҚР Еңбек кодексінің «Еңбек шарты» деп аталатын 4-тарауында бекітілгендіктен, бұл еңбек шартының құрамына енгізуді білдіреді. Алайда, осы 29-баптың 1-тармағы келесідей редакцияда жазылады : «тараптардың келісімі бойынша жұмыс беруші мен жұмыскер арасында бейбәсекелестік туралы шарт жасалуы мүмкін...» [14].

Яғни, бейбәсекелестік туралы шарт еңбек шартында келісім шарты ретінде емес, керісінше жеке дербес шартпен жасалады.

Көптеген елдерде бәсекелестік саласындағы жұмыс берушінің мүдделерін қорғау жұмыскер мен жұмыс беруші арасында бейбәсекелестік туралы шарт арқылы жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта ТМД елдерінің тәжірибесінде еңбек шартын бұзу кезінде тараптар арасындағы қарым-қатынастарды реттеудің арнайы механизмі қажет деген пікірталас ресейлік және қазақстандық заң қоғамдастығында қызу талқылануда.

Бейбәсекелестік келісімдер саласындағы әлемдік тәжірибеге сүйенсек, бейбәсекелестік туралы келісімдер институты ағылшын құқығында XVIII ғасырда пайда болған және болашақта көптеген Франция, АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Нидерланды, Испания сияқты батыс елдерінің медицина және құқық саласындағы келісімшарттарда кеңінен қолданыла бастады.

Бейбәсекелестік келісімнің мәні, әдетте, жұмыскердің еңбек қатынастары аяқталғаннан кейін белгілі бір уақыт ішінде қазіргі жұмыс берушімен бәсекелес

компанияларға жұмысқа орналасудан ерікті түрде бас тарту туралы міндеттеме қабылдауы болып табылады.

Жұмыс берушіге адал болу міндетінің негізгі элементі қызметкердің коммерциялық құпияны және өндіріс құпияларын жария етпеуі болып табылады.

«Non-competes» термині көбінесе заңдық тұрғыдан елеулі айырмашылықтар бар бірқатар шектеу келісімдерін белгілеу үшін пайдаланылады. Заң әдебиеттерінде мүмкін болатын шектеу келісімдерінің мынадай негізгі түрлерін бөліп көрсетеді: жария етпеу туралы келісім; клиенттік базаға қол сұғылмаушылық туралы келісім немесе тартудан бас тарту туралы міндеттеме; бейбәсекелестік туралы келісім және т.б. Аталған келісімдерді толығырақ қарастырсақ.

*Жария қылмау туралы келісім (non-disclosure clause).*_Мұндай келісім өндірістік құпиялардан бастап дербес деректерге дейінгі кез келген құпия ақпараттың таралып кетуін болдырмау үшін жасалады. Жария қылмау туралы келісім көптеген дамыған елдердің заңдары мен заңға тәуелді актілерінде пайдаланылуы көзделген осындай құжаттардың неғұрлым бұрыннан қолданылып келген түрлерінің бірі.

Клиенттік базаға қол сұғылмаушылық туралы келісім немесе тартудан бас тарту туралы міндеттеме (non-solicitation clause). Егер менеджер жұмыстан шыққан кезде өзімен бірге негізгі клиенттердің базасын алып кететін болса, онда ол компанияға зардабын тигізері анық. Қазіргі жағдайда клиенттік базаға қолсұғушылық сирек кездесетін жағдай емес. Сол себепті, келісімнің бұл түрі клиенттік базаға қол сұғылмаушылықты болдырмауға негізделеді.

Бейбәсекелестік туралы келісім (non-competition clause). Бұл келісімде жұмыскерлер компаниядан кеткен жағдайда бұрынғы жұмыс берушінің тікелей бәсекелесін құруы бойынша шектеулер көзделеді.

Теріс ақпарат таратпау туралы келісім (non-disparagement clause). Мұндай келісім таратылатын ақпарат шын немесе жалған болып табылатынына қарамастан, компанияға зиян келтіретін ақпаратты таратпау жөніндегі талаптарды көздейді. Келісімде компанияның ішкі саясатына қатысты ақпаратты жария етпеу, оның қызметіне байланысты мәліметтер таратпау және басқа да мәліметтер туралы тармақтар көзделеді. Бизнес-қауымдастықта кез-келген компания өздері туралы ақпараттың таралуын құптамайды.

Кедергі келтірмеу туралы келісім (Соглашение о невмешательстве) (non-interference clause). Бұл келісім қызметшілерге компанияның кадр саясатын талқылауға, әріптестерін жұмыстан шығаруға және басқа компанияға тартуға тыйым салады. Экономиканың кейбір секторлары үшін тапшы жоғары білікті кадрларды даярлау (атап айтқанда, жоғары технологиялық) ұзақ уақыт пен айтарлықтай қаржылық шығындарды талап етеді.

*Өзара әрекет етпеу туралы келісім (Соглашение о невзаимодействии) (non-dealing clause).*_Мұндай келісім бұрынғы жұмыскерлерге бұрынғы жұмыс берушінің контрагент клиенттерімен бұрынғы жұмысына байланысты мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасауға тыйым салады. Шектеу қызметкердің белсенді әрекеттері талап етілетін жағдайларда ғана емес,

клиенттің бастамасы бойынша жасалған сұрау салуға жауап ретінде қызметтер көрсетуге де қолданылуы мүмкін.

Жалақыны сақтай отырып, жұмыстан босату туралы келісім «Соглашение об отстранении от работы перед увольнением с сохранением заработной платы) (Garden leave). Осы Келісімде көзделген шектеу жұмыс берушінің талабы бойынша жұмыстан босату туралы хабарламаны алған сәттен бастап нақты жұмыстан босатылғанға дейінгі кезеңді жұмыскер бәсекелеске әдеттегі қызметті немесе жұмысты жүзеге асырудың орнына ақылы демалыста өткізуге тиіс екенін білдіреді.

«Еңбек шартының мерзіміне» қатысты. 2007 жылғы ҚР Еңбек кодексінде тұрақты сипаттағы жұмысқа кемінде бір жыл белгілі бір мерзімге еңбек шартын жасасу мүмкіндігі бекітілген болатын. Бастапқы жасалған еңбек шартының мерзімі аяқталған кезде ол қайта жасалуы не тек белгісіз мерзімге ұзартылуы мүмкін еді. Ал, 2015 жылғы Еңбек кодексінде бұл норма өзгерді. ҚР ЕК 30-баптың 2-тармағына сәйкес енді еңбек шартының мерзімі өткен кезде тараптар оны белгіленбеген немесе бір жылдан кем емес белгілі бір мерзімге ұзартуға құқылы [14].

Егер бұрын еңбек шартының мерзімі тараптардың ешқайсысы оны тоқтатуды талап етпеген жағдайда, ол автоматты түрде белгісіз мерзімге жасалған шартқа ауыстырылған болса, қазір еңбек шартының қолданылу мерзімі аяқталған кезде тараптардың ешқайсысы соңғы жұмыс күні (ауысым) ішінде еңбек қатынастарын тоқтату туралы жазбаша хабарламаса, онда ол бұрын жасалған мерзімге ұзартылды деп есептеледі.

Сонымен қатар, заң мерзімді шартты ұзарту санын шектейді. Бір жылдан кем емес белгілі бір мерзімге жасалған еңбек шартының мерзімін ұзарту саны екі реттен аспауға тиіс. Бұл ретте мұндай еңбек шартын белгілі бір мерзімге қайта жасасу мүмкіндігі туралы ештеңе айтылмайды.

Бос тұрып қалу жағдайында басқа жұмысқа уақытша ауыстыруға қатысты. Егер бұрын жұмыс беруші жұмыскердің мамандығын, біліктілігін ескере отырып және күнтізбелік жыл ішінде бір айдан аспайтын мерзімге ғана жұмыс істемей қалған жағдайда жұмыскерді басқа жұмысқа ауыстыруға құқылы болса, енді жұмыс беруші біліктілікті ескеруге міндетті емес және ауысу барлық бос тұрып қалу кезеңінде жүзеге асырылады.

2007 жылғы Еңбек кодексі мұндай жағдайларда ауысқан қызметкерге орындалатын жұмыс бойынша, бірақ қызметкердің бұрынғы жұмыс орны бойынша орташа жалақысының үштен екісінен кем емес еңбекақы төлеуді міндеттеді. Жаңа еңбек кодексі бұрынғы жұмыс орны бойынша жалақы мен бос тұрған кезеңде орындалатын жұмыс арасында байланыс орнатпайды.

Еңбек кодексінің 41-бабының 2-тармағы бос тұрған жағдайда ауысу кезінде жұмыскерге еңбекақы төлеу орындалған жұмыс бойынша жүргізілетінін нақты белгілейді.

Еңбекті нормалау және еңбекке ақы төлеуге қатысты. 2007 жылғы Еңбек кодексінде еңбекті нормалау және еңбекке ақы төлеу жекелеген тарауларда қарастырылған болса, жаңа 2015 жылғы еңбек кодексінде екі

тараудың нормалары «Еңбекті нормалау және еңбекке ақы» деп бір бөлімге біріктірілді.

Жаңа Еңбек кодексінде еңбек нормаларын ұйымдастыру саласындағы мемлекеттік кепілдіктер жоқ. Егер бұрын еңбектің үлгілік нормалары мен стандарттары қызметтің барлық салаларына арналған бірыңғай (салалық) болса, тиісті қызмет салаларының мемлекеттік органдарымен келісу бойынша еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін болса, енді үлгілік нормалар мен стандарттарды бекіту жұмыс берушілердің салалық бірлестіктерінің құзыретіне, ал Кәсіпкерлік палатаның біртұтас салааралық стандартының нормаларын бекітуге жатады. Екі жағдайда да заң нормалар мен стандарттарды қызметкерлердің өкілдерімен келісуді белгілейді. (ҚР ЕК 101-бабы).

Ең төменгі жалақы нормалары мен жалақыны толық және уақтылы төлеуге мемлекеттік бақылау жалақыға мемлекеттік кепілдіктерден алынып тасталды. Жаңа кодексте жалақыны индекстеу деген ұғым жоқ.

*Тарауды **қорытындылай келе,** еңбек заңнамасындағы өзгерістердің хронологиясын талдай отырып, жұмыскердің еңбек қатынастарындағы рөлі жұмыс берушіге қарағанда аз қорғалатындығын байқадық. Құқықтық қатынастардың абсолютті либерализмі байқалады, еңбек дауларының оң нәтижесіне заңмен кепілдік берілмейді. Еңбек кодексінің нормаларында көзделген институттар заң шығару органдарының назарында болуы тиіс деп санаймыз.*

1.3 Азаматтардың еңбек құқықтарын сотпен қорғау – қорғаудың тиімді тәсілі ретінде

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Заңның үстемдігін белгілемей және азаматтардың қауіпсіздігіне кепілдік бермей, әлеуметтік-экономикалық дамудың бірде-бір міндеті табысты іске асырылмайды. «Халық үнін естуші мемлекет» — бұл шын мәнінде «әділ мемлекет» құру тұжырымдамасы. Азаматтардың мәселелерін тыңдау және көру жеткіліксіз. Ең бастысы — дұрыс және әділ шешім қабылдау. Біз азаматтардың мүдделеріне қызмет ететін жаңа мемлекеттік стандарттарды әзірлеу үшін көп жұмыс жасауымыз керек. Бұл тұрғыда құқық қорғау және сот жүйелері негізгі роль атқарады және бұл сала реформалауды қажет етеді», — делінген [69].

Мемлекеттің құқықтық саясатының басым бағыттарының бірі азаматтардың еңбек құқықтарын қорғау болып табылады.

Азаматтардың еңбек құқықтарын қорғау мемлекеттің конституциялық міндеті деп танылады. Қазақстан Республикасының Конституциясына 13-бабына сәйкес «әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы» [18]. ҚР ЕК 6-бабының 4-тармағында еңбек саласында кемсітушілік орын алған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сотқа немесе өзге де органдарға шағымдану құқығы тікелей көзделген [14]. Бұл заңдық нормалар

1948 жылғы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының [1] және экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактінің талаптарына сәйкес келеді: «Еңбек заңнамасы әрбір адамның өзі еркін жұмыс істейтін жерде өмір сүру мүмкіндігіне құқығын қамтиды» (6.1-бап). Сонымен қатар, бұл пакт әркімнің әділетті және қолайлы еңбек жағдайына құқығын белгілейді, соның ішінде: әділ жалақы және теңгерімді кемсітусіз жұмыс үшін тең сыйақы; қауіпсіздік және гигиена талаптарына сәйкес келетін еңбек жағдайларын қамтамасыз етеді [70].

Азаматтардың еңбек құқықтарын қорғаудың мақсаты - еңбек қатынастарын заңнамалық және шарттық реттеу тәртібімен белгіленген барлық еңбек құқықтары мен міндеттерін іске асыруды қамтамасыз ету болып табылады. Азаматтардың еңбек құқықтарының іс жүзінде бұзылуы жұмыс берушінің өзінің заңды міндеттерін орындамауы немесе тиісінше орындамауынан көрініс табады, салдарынан жұмыскерге уәкілетті субъект ретінде оны қорғау мүмкіндігін іске асыруда қиындықтар туындайды.

К.Н. Гусов азаматтардың еңбек құқықтарын қорғауды кең және тар мағынада қарастырады. Оның пікірінше, кең мағынада, азаматтардың еңбек құқықтарын қорғау - бұл олардың еңбек мүдделерін бұзудың жолын кесуге, сондай-ақ олардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге бағытталған еңбек дауларын шешуге арналған арнайы уәкілетті органдардың қызметі. Ал тар мағынада, азаматтардың әлеуметтік және еңбек құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету процесі [71, 277].

Азаматтардың еңбек құқықтарын қорғаудың бірден-бір тәсілі - кәсіподақтар арқылы еңбек құқықтарын қорғау. «Кәсіптік одақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 27 маусымдағы № 221-V Заңына сәйкес кәсіптік одақтардың қызметі еңбек қатынастары мәселелері бойынша құқықтарды, бостандықтар мен мүдделерді қорғауға бағытталған.

Азаматтардың еңбек құқықтарын қорғау мақсатында кәсіптік одақтарға еңбек заңнамасында бекітілген кең өкілеттіктер берілген. Кәсіптік одақтар өздерінің құқық қорғау функцияларын жүзеге асыру үшін қызметкердің жеке еңбек қатынастары бойынша құқықтары мен мүдделерін білдіруге және қорғауға, ұжымдық келіссөздер жүргізуге, ұжымдық шарттар мен келісімдер жасасуға, еңбек жағдайларын жақсартуға қол жеткізуге, ұжымдық еңбек дауларын реттеуге қатысуға және т.б. құқылы. ҚР Кәсіподақ туралы заңға сәйкес [31], кәсіподақтар жұмыс берушіден анықталған бұзушылықтарды жоюды талап етуге құқылы, ал өз тарапынан ол анықталған бұзушылықтарды жою туралы талапты алған күннен бастап бір апта ішінде тиісті кәсіподақ органын осы талапты қарау нәтижелері және қабылданған шаралар туралы хабардар етуге міндетті.

Еңбек қатынастарының мәселелері жұмыс берушінің қатысуынсыз шешілмейді. Еңбек ұжымы мен жұмыс беруші арасында еңбек қатынастары бар жерде міндетті түрде кәсіподақ болуы керек. Кәсіподақ орталығы, қаланың кәсіподақ белсенділері және кәсіподақ ұйымдары арқылы жұмысшылардың мүдделерін қорғау бойынша жұмыстар жүргізеді, оларға ұжымдық шарттар мен ұжымдық шарттар, заңдық кездесулер жасасуға көмектеседі. Кәсіби орталық

аймақтық мәселелерді бірлесіп және келісілген түрде шешу, жергілікті өзін-өзі басқару және басқару органдарымен, жұмыс берушілермен әлеуметтік серіктестік байланыс орнату мәселелері бойынша жұмыстар жүргізеді, шаруашылық субъектілерінде бастауыш кәсіподақ ұйымдарын құруға бағытталған әртүрлі іс-шаралар жүзеге асырылады. Кәсіподақтардың негізгі міндеттерінің бірі — кәсіподақ қозғалысын күшейту арқылы ең алдымен, кәсіподақ мүшелігінің мотивациясын күшейтуді білдіреді. [72].

Кәсіподақ бірлестіктерінің қызметін реттейтін ережелерді талдау кәсіптік одақтардың өз табиғаты бойынша мемлекеттік-билік өкілеттіктеріне ие емес деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Кәсіподақтардың рөлін арттыру үшін оларға жұмыскерлердің құқықтарын қорғауға байланысты мәселелерді бақылауға өкілеттік беру қажет. Бұл өте маңызды болады, өйткені ол кәсіподақтар мен жұмыскерлердің мемлекет атынан сындарлы өзара әрекеттесуіне ықпал етеді.

Еңбек заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау (қадағалау) сияқты қорғау тәсілін еңбек инспекциясы жүзеге асырады. Еңбек инспекциясының негізгі өкілеттіктері еңбек заңнамасында бекітілген, бірақ олар әртүрлі болғанымен, еңбек құқықтарын қорғаудың бұл әдісі әрдайым тиімді бола бермейді. Мәселен, ҚР ЕК-нің 159-бабына сәйкес, жұмыс беруші мен шағын кәсіпкерлік субъектісі, жұмыскерлерінің саны он бес адамнан аспайтын коммерциялық емес ұйымның жұмыскері, үй қызметкері, заңды тұлғаның жеке-дара атқарушы органы, заңды тұлғаның атқарушы органының басшысы, сондай-ақ заңды тұлғаның алқалы атқарушы органының басқа да мүшелері арасында туындайтын дауларды қоспағанда, жеке еңбек дауларын келісу комиссиялары қарайды, ал реттелмеген мәселелер не келісу комиссиясының шешімін орындалмаған жағдайда соттар еңбек дауына байланысты өтініштерді қабылдайды. Келісу комиссиясы жұмыс беруші мен жұмыскерлер өкілдерінің тең санынан тепе-тең негізде ұйымдарда, оның филиалдары мен өкілдіктерінде құрылатын тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады [14].

Осылайша, еңбек инспекциясы еңбек дауларын шешуге уәкілетті органдардың қатарына кірмейді, еңбек инспекциясы еңбек дауын емес, яғни еңбек келіспеушілігін реттейді. Еңбек инспекторлары өндірістік жарақаттың өсуіне жол бермеу үшін мақсатты профилактикалық іс-шаралар жүргізеді. Еңбек заңнамасын сақтау жағдайларын жақсарту үшін жұмыс берушілер өндіріс қауіпсіздігі мәселелерін тиімді шешуі керек. Бұл шараларды жүзеге асыру жұмыс берушілердің, әсіресе шетелдік қатысатын мекемелердің қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етуге және аумақтағы әлеуметтік-психологиялық жағдайларды жақсартуға көмектеседі.

Дегенмен, мемлекеттік еңбек инспекторының жұмыс берушіге берген ұйғарымының мәртебесі сот орындаушысының ұйғарымымен тең екендігін атап өткен жөн. Бұл жаңалық жалақы бойынша қарызды уақтылы төлеуді күшейту мақсатында жасалды. Жұмыс тәжірибесі мүлікке қосымша тыйым салуға, жалақы төлеу жөніндегі міндеттерін бұзған жұмыс берушілерге қатысты елден шығуға шектеулер қоюға мүмкіндік береді. Еңбек инспекцияларының еңбек құқықтарын қорғауға қатысты құзыреттерін кеңейте

отырып, мүмкіндіктер беру қажет. Еңбекті тоқтата тұруға құзыреттілік беріп, айыппұл мөлшерін көбейту, жұмыс берушілерге еңбек заңнамасының сақталуын бақылау және білуге міндеттеу қажет.

Мемлекет тарапынан еңбек құқықтарын қорғау бұл азаматтардың құқықтарын қорғауға кең мүмкіндіктер беруінен, азаматтардың құқықтарына нұқсан келтіретін немесе төмендететін заңдар шығаруға тыйым салудан, азаматтардың өз құқықтары мен мүдделерін заңды түрде қорғалуына кепілдік беруден тұрады. Осыған байланысты ҚР ЕК-де азаматтардың еңбек құқықтарын қорғау тәсілдері ретінде еңбек заңнамасының сақталуын мемлекеттік қадағалау және бақылау, кәсіподақ жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғауы, азаматтардың еңбек құқықтарын, өзін-өзі қорғауы және еңбек құқықтарын сот арқылы қорғау көзделген.

Азаматтардың еңбек құқықтарын өзін-өзі қорғауы — бұл еңбек заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдарына не жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі органдарға немесе олармен қатар жүгінбестен, азаматтардың өз құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі белсенді дербес іс-әрекеттері.

Еңбек құқығын қорғаудың бұл әдісі кез-келген органның қатысуынсыз жүреді және ол үшін жұмыскерді тәртіптік жауаптылыққа тартуға жол берілмейді. Біздің ойымызша, жұмыскердің өзін-өзі қорғаудің бірнеше әдістерін қолдануға тыйым салынбайтынын білу маңызды. Жұмыскерді жұмысқа мәжбүрлеуге психологиялық немесе физикалық әсер етуге ешкімнің құқығы жоқ. Жұмыс берушінің заңсыз әрекеттеріне сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Іс жүзінде еңбек құқықтарын қорғаудың тиімділігін арттырудың бірден-бір жолы - сот арқылы қорғау тәсілі болып табылады. Азаматтардың құқықтарын сот арқылы қорғау қажеттілігі ҚР Конституциясынан, халықаралық құқық нормаларынан және құқықтық мемлекет қағидаттарынан туындайды.

Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға конституциялық құқығына байланысты бұзылған құқықтарды қалпына келтірудің басқа нысандарына қатысты сот нысаны басымдыққа ие болғандықтан, құқықтарды қорғаудың әртүрлі нысандарын анықтауда сот нысаны жалпыға бірдей, тарихи қалыптасқан, азаматтық іс жүргізу құқығының нормаларымен жан-жақты реттелетін жетекші рөл атқарады [73, 31].

«Соттардың еңбек дауларын шешу кезінде заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының 2017 жылғы 6 қазандағы № 9 нормативтік қаулысына сәйкес, ҚР Еңбек кодексінің 159-бабына сәйкес жұмыскерлердің немесе бұрын еңбек қатынастарында болған адамдардың не жұмыс берушінің келісу комиссиясына жүгінуі олардың арасында туындаған жеке еңбек дауын реттеудің сотқа дейінгі тәртібінің міндетті сатысы болып табылады. Егер жеке еңбек дауының тарапы келісу комиссиясының шешімімен толық немесе ішінара келіспесе, дау реттелмеген болып есептеледі және келісу комиссиясының шешімімен келіспейтін тарап келісу комиссиясының шешімі орындалмаған жағдайдағыдай еңбек дауын шешу үшін сотқа жүгінуге құқылы [39].

Сот арқылы қорғау тәсілдеріне, атап айтқанда, жұмыс берушінің жұмыскерлердің еңбек құқықтарын бұзатын әрекеттері мен шешімдеріне сотқа шағымдануды, сондай-ақ медиация институтын қолдана отырып, еңбек дауын реттеуді жатқызуға болады. Медиация сияқты қорғау тәсілі таяу болашақта соттардың, атап айтқанда, еңбек даулары туралы істер бойынша жүктемені азайтуға және олардың арасында еңбек даулары туындаған кезде жұмыскерлерді ғана емес, жұмыс берушілерді де қорғауға мүмкіндік береді.

Сотқа жүгіну құқығы - азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, соның ішінде еңбек құқықтары мен бостандықтарын қорғауға кепілдік беретін негізгі құқықтарының бірі болып табылады.

Еңбек құқықтарын сот арқылы қорғау қорғаудың юрисдикциялық нысанына жатады және бірқатар ерекшеліктерге ие. Оларға, ең алдымен, дауларды шешуге уәкілетті тұлғалардың қатысуы жатады. Бұл ретте бұл адамдар мемлекеттік және мемлекеттік емес органдардың да, олардың лауазымды адамдарының да өкілі бола алады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген азаматтардың еңбек құқықтарын қорғаудың нысандары мен тәсілдері формальды түрде бекітіліп қана қоймай, сонымен қатар жұмыскерлер тәжірибеде кеңінен қолданып, жеткілікті тиімділікке ие болғаны маңызды болып отыр. Осыған байланысты медиатордың (соттан тыс медиация) көмегімен реттелген даулар саны баяу және біртіндеп өсіп келе жатқаны кездейсоқ емес. Сонымен қатар, бүгін де медиация рәсімін қолдану негізінен сот процесі аясында жүзеге асырылады. Еңбек даулары бойынша сот тәжірибесіне жүгінсек, еңбек дауларының ең көп таралған түрлері: жалақыны өндіріп алу, жұмысты қалпына келтіру деп қорытынды жасауға болады.

Еңбек дауларын сотта қараумен байланысты істердің жағдайы бойынша Қазақстан Республикасындағы әртүрлі өңірлері бойынша статикалық және нақты деректерді қарастырайық [74]. ҚР Жоғарғы Сотының сайтында әр түрлі кезеңдер үшін мынадай деректер беріледі:

1. Шығыс Қазақстан облысының соттарында еңбек дауларының алдын алу, оларды пилоттық жоба шеңберінде әзірленген процестік іс-қимылдар алгоритмі бойынша татуластыру рәсімдерін қолдануға бағытталған. Жыл басынан бері облыс соттары 103 еңбек дауын медиация тәртібімен, 8-і бітімгершілік келісімді бекіту арқылы тоқтатты. Оның 80-і жалақыны өндіріп алу, 7-уі жұмысты қалпына келтіру туралы еңбек даулары. Облыста 5 татуластыру орталығы мен 88 медиация кабинеті белсенді жұмыс істейді. Яғни, ШҚО судьялары еңбек дауларын шешуде татуластыру рәсімдерін белсенді түрде қолдануда (15.08.2019).

2. Екібастұз қалалық сотында азамат А.-ның «Еуразиялық энергетикалық корпорациясы» АҚ-на өндірістік жарақат алу салдарынан келтірілген моральдық зиянды өтеу туралы талап арызы бойынша азаматтық іс қаралды (24.08.2017).

3. Т. есімді азамат Ақтөбе қаласының сотына «Ақтөбе» облыстық футбол клубынан 2015 жылғы қараша және желтоқсан айлары үшін жалақы - 11 106 000 теңге, - жалақы төлеуді кешіктіргені үшін өсімпұл 483 224 теңге, -

2015 жылғы жыл сайынғы ақылы еңбек демалысының пайдаланылмаған күндері үшін өтемақы - 5 553 000 теңге және еңбек шартының тоқтатылуына байланысты уақтылы төлемегені үшін өсімпұл - 207 096 теңге төлеуді міндеттеу туралы талап-арызбен жүгінді.

Сот «Ақтөбе облыстық футбол клубы» АҚ-нан азамат Т.-ның пайдасына 11 106 000 теңге (жалақы бойынша берешек), 305 415 теңге (еңбекақыны кешіктіргені үшін өсімпұл) және 5 553 000 теңге (201 жыл сайынғы ақылы еңбек демалысының пайдаланылмаған күндері үшін өтемақы) өндірді. Сондай-ақ футбол клубы мемлекетке 169 644 теңге (мемлекеттік баж) төлеуге міндеттелді (17.06.2016).

Сот тәжірибесінен еңбек құқықтарын қорғауда түрлі тәсілдері қолданылатындығын аңғаруға болады. Әсіресе, соттардың бітімгершілік рәсімдерді сот талқылауына дейін қолдануға ұмтылуы ерекше назар аудартады.

Мәселен, Германияның тәжірибесін қарастырсақ, мұнда жеке еңбек даулары бойынша іс жүргізу міндетті түрде татуластыру әрекеттерінен басталады. Мұндай татуластыру рәсімі айтарлықтай тиімді болуы мүмкін, өйткені статистикалық мәліметтерге сәйкес, еңбек дауларының шамамен 80% бітімгершілік рәсімінде шешіледі және даулардың тек 20% жуығы ғана шешу үшін сотқа жіберіледі [75].

Сот талқылауы басталғанға дейін іс үшін маңызы бар нақты мән-жайларды анықтау үшін талап қою материалын мұқият талдау қажет. Аталған мән-жайлар даулы және даусыз болуы мүмкін, бұл да материалды жинау және жүйелеу кезінде ескеру маңызды. Келесі кезекте сараптамалық бағалау негізінде тараптардың мәлімдемелерінің негізділігін тексеру, даудың мәнін нақты анықтау және еңбек дауын шешу бойынша ұсыныстар енгізу маңызды.

Кейбір адвокаттар сот талқылауына келесі форматта дайындалуды ұсынады:

- Факт парағы
- істің нақты мән-жайлары бойынша қорытынды (талапкердің тұжырымдары, жауапкердің тұжырымдары, даусыз мән-жайлар, талапкердің дауланған тұжырымдары, жауапкердің дауланған тұжырымдары)
- Сараптамалық бағалау (талапкердің тұжырымдарының негізділігін тексеру, жауапкердің тұжырымдарының дұрыстығын тексеру, дәлелдеу, шешімді ұсыну) [76].

Бұл ретте тараптардың мәлімдемелерінің даулы немесе даулы емес екендігіне баса назар аударылады. Кейде шағым материалында мүлде көрсетілмеген бірқатар мән-жайларды нақтылау қажет. Мысалы, мәжбүрлі жұмыста болмаған кезеңдегі орташа жалақыны өндіріп алу жағдайында: жұмыс аптасының ұзақтығы (4, 5 немесе 6 күн). Нақтылануға жататын мән-жайлар шеңберіне жалақы туралы ақпарат (анықтама) да енгізіледі, оның негізінде залалды өндіріп алу немесе анықтау үшін есептер жүргізіледі. Бұл жоғары тұрған органға басқа шешім қабылдауға көмектеседі.

Біріншіден, еңбек дауының нақты мән-жайларын анықтау қажет. Бұл талап арыз бен талапқа пікір, тараптардың түсініктемелерін талдау арқылы жүзеге асырылады. Дәлелдеуді қажет етпейтін және іс үшін маңызы бар даусыз мән-

жайлар алдыңғы орынға шығады. Және осы кезеңнен кейін ғана құқықтық норманы іздестіру және түсіндіру, содан кейін «факт = заң» формуласы бойынша талдау жасау арқылы фактілер мен құқықтық нормаларды біріктіруге кірісу керек.

Келесі **кейс** бойынша азаматша К.-ның «Марко VENT» ЖШС-нен жалақыны өндіріп алу талап арызы бойынша азаматтық іс қаралып, Нұр-Сұлтан қаласы Алматы аудандық сотының ашық сот отырысында шешім шығарылды [41].

Еңбек дауының мәні: жалақы бойынша берешекті өндіру, моральдық зиянды өтеу, пайдаланылмаған демалыс уақытын өтеу, заңды тұлғаны талапкердің пайдасына зейнетақы жарналарын төлеуге мәжбүрлеу.

Істің мән-жайы сот шешімінің сипаттама бөлігінде келесідей баяндалады : талап қоюшы жауапкер «Марко VENT» ЖШС-де 2019 жылдың 3 маусымынан 2019 жылдың 10 желтоқсанына дейін жетекші маркетолог болып жұмыс істеген. 2019 жылғы 10 желтоқсандағы өкімімен талап қоюшы өз арызы бойынша жұмыстан босатылды. Талап қоюшы жауапкерден жалақы бойынша берешекті, пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін өтемақы, моральдық зиянды өтеуді, жауапкерді зейнетақы жарналарын ұстауға мәжбүрлеуді сұрайды.

Талап қоюшының талабы : талап қоюшының өкілі нақтыланған деректерді ескере отырып, талаптарды қолдап, жалақы мен пайдаланылмаған демалыс үшін өтемақы бойынша жалпы сомасы 412 694 теңге берешекті өндіріп алуды, зейнетақы қорына 2019 жылдың желтоқсан айынан бастап 2019 жылдың желтоқсан айына дейінгі жалпы сомасы 261 963 теңге зейнетақы жарнасын талап қоюшының жеке шотына аударуды міндеттеуді сұрады.

Жауапкердің талаптары : жауапкердің өкілі соттан талаптарды ішінара қанағаттандырмай, соттан моральдық шығын мен өкілдік шығындарды өндіруден бас тартуды сұрады.

Дауласуға жатпайтын мән-жайлар: 2019 жылғы 3 маусымдағы еңбек шарты негізінде еңбек қатынастарының болуы, 426 852 теңге мөлшерінде жалақы мөлшері, жалақы төлеу режимі, 412 694 теңге мөлшерінде жалақы бойынша берешек, 426 852 теңге жалпы сомасында жалақы бойынша берешек және пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін өтемақы, сондай-ақ зейнетақы төлемдері бойынша берешек аударымдар.

Талап қоюшының дау туғызатын талаптары: моральдық зиян келтірілуі, өкілдің шығындарын өндіру.

Жауапкердің дау туғызатын талаптары: моральдық шығын келтірілмеген, өкілдік шығындары жоқ деп есептейді.

Сараптамалық бағалау: еңбек шарты тоқтатылған кезде ҚР ЕК-нің 113-бабының 4-тармағының негізінде жұмыс берушіден жұмыскерге тиесілі сомаларды төлеу ол тоқтатылғаннан кейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі. Алайда, жауапкердің талап қоюшының құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауы туралы нақты дәлелдер келтірілген жоқ, осыған байланысты ол бұрынғы жұмыс берушіні заңды маңызды әрекеттерді жасауға мәжбүрлеуді заңды түрде талап етеді.

Сотқа берілген 2020 жылғы 17 сәуірдегі анықтамадан келіп шығатыны, жауапкер талапкер үшін міндетті зейнетақы жарналарын аудармаған, берешек 261 963 теңгені құрайды.

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңының 25-бабы 1-тармағына сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төленуге жататын міндетті зейнетақы жарналары Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен зейнетақы жарналарын есептеу үшін қабылданатын қызметкердің ай сайынғы табысының 10% -ы мөлшерінде белгіленеді [77].

Демек, талап қоюшы жауапкерден зейнетақы жарналары бойынша берешекті зейнетақы қорына аударуды талап етуге құқылы. Мұндай жағдайларда қойылған талаптар қанағаттандырылуға жатады.

Талап қоюшының 50 000 теңге моральдық зиянды өтеу туралы талаптары бойынша сот оларды мынадай негіздер бойынша ішінара қанағаттандыруға жатады деп санайды: ҚР ЕК 4-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының қағидаттарының бірі азаматтың еңбек саласындағы құқықтарын шектеуге жол бермеу болып табылады [14]. ҚР АК 951-бабының 1-тармағына сәйкес Моральдық зиян – жеке тұлғалардың өзіндік мүліктік емес игіліктері мен құқықтарының бұзылуы, кемсітілуі немесе олардан айырылуы, оның ішінде өзіне қарсы құқық бұзушылықтың жасалуы салдарынан жәбірленушінің, ал осындай құқық бұзушылық салдарынан ол қайтыс болған жағдайда – жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) басынан кешірген (төзімін тауысқан, уайымға салған) жан азабы немесе тән азабы (қорлау, ызаландыру, қысым жасау, ашуландыру, ұялту, түңілту, тән қиналуы, залал шегу, қолайсыз жағдайда қалу және т.б.). [78]. «Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы № 7 нормативтік қаулысының 7-тармағына сәйкес, ҚР АК-тің 952-бабына сәйкес моральдық залал тек ақшалай нысанда өтеледі, ал өтемақы мөлшерін сот белгілесе, онда өтемақы мөлшерін анықтау кезінде соттар әділеттілік қағидатын негізге алуға тиіс. Егер сот оның мөлшерін белгілеу кезінде азаматтың жеке мүліктік емес құқықтарының бұзылуына байланысты барлық нақты мән-жайларды ескерсе және сот белгілеген өтемақы мөлшері талапкер мәлімдеген талаптарды ақылға қонымды қанағаттандыру туралы негізделген қорытынды жасауға мүмкіндік берсе, мральдық зиянды өтеудің ақшалай түрдегі мөлшерін әділ және жеткілікті деп есептеген жөн.

Талап қоюшының еңбек құқықтары бұзылғандықтан, жалақыны уақтылы төлемегендіктен, ҚР АК-нің 951-бабына сәйкес моральдық зиянды өтеу туралы талап ішінара қанағаттандырылуға жатады, жауапкерден талапкердің пайдасына парасаттылық пен әділеттілік қағидаттарын негізге ала отырып, 10 000 теңге сомасында моральдық зиянды өтеу өндіріп алуға жатады.

ҚР АПК-нің 243-бабының 2) тармақшасына сәйкес қызметкерге үш айдан аспайтын уақыт ішінде жалақы беру туралы шешім дереу орындалуға жатады.

2 157 теңге сомасында мемлекеттік баж төлеу жөніндегі сот шығыстары ҚР АПК-нің 116-бабының 1-бөлігіне сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне өндіріліп алынуға тиіс. Сот ҚР АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алады.

Шешім: азаматша К.-ның талаптары - ішінара қанағаттандырылсын.

«Марко VENT» ЖШС-нен талап қоюшы К.-ның пайдасына 412 694 теңге сомасында жалақы, 10 000 теңге сомасында моральдық зияннның өтемақысы, 110 900 теңге сомасында өкілдің қызметтеріне ақы төлеу бойынша шығыстар, 13 655 теңге сомасында мемлекеттік бажды төлеу бойынша шығыстар, барлығы 547 249 (бес жүз мерзім жеті мың екі жүз қырық тоғыз) теңге өндірілсін.

«Марко VENT» ЖШС 2019 жылғы маусымнан бастап 2019 жылғы 10 желтоқсанға дейінгі кезеңге жалпы сомасы 261 963 теңге зейнетақы қорына талап қоюшы К-ның жеке шотына аударуға мәжбүр етілсін. Талап қоюдың қалған бөлігі қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Көріп отырғанымыздай, сараптамалық бағалау ең ауқымды әрі күрделі процесс болып табылады, өйткені барлық даулы және даусыз жағдайлар сараланып, фактілер мен құқық арасындағы сәйкестік айқындалған кезде қабылданатын шешімнің негіздемесі қажет.

Бір қарағанда, сот бәрін талап етілгендер шеңберінде ескерген. Алайда бұл форматта тағы бір талап бар, ол субсумация туралы талап. Субсумация - бұл бір ұғымның екіншісіне, неғұрлым жалпыға бағынуы, қандай да бір құқықтық норманы, осы норманың белгілерін белгілі бір нақты мән-жайларға қолдану немесе қатыстыру болып табылады.

Субсумацияны жүзеге асыру үшін іс үшін маңызы бар белгіленген мән-жайлар ауқымын және құқықтық норманың барлық шарттарының жиынтығын салыстыру қажет. Белгілі бір құқықтық норманың даулы жағдайға қолдану мүмкіндігі ретінде нақты жағдайлар мен құқықтық норманың толық сәйкес келуі ғана бағаланады.

Жоғарыда талданған кейс бойынша шығарылған сот шешімін мұқият зерделей келе моральдық зиянды өтеу бөлігінде субсумацияның толық орындалмағанын атап өтуге болады, өйткені сот ҚР АК 951-бабына сілтеме жасайды, ал ҚР АК 952-бабының 2-бөлігінде (жәбірленушінің тұрмыс жағдайын, отбасының тұрмыс жағдайын, тұрмыстық жағдайын, материалдық, денсаулығы, жасы және т.б.қызмет көрсету) қажеттілігін ескереді, сондай-ақ назар аударуға тұрарлық басқа да жағдайлар ескерілмейді. Бұл моральдық зиян көлемін оңтайлы есептеу және нақты санау формуласын қолдану қажеттілігі туындаған кезде де айқын көрінеді.

Бұл моральдық зиян көлемін оңтайлы есептеу және нақты есептеу формуласын қолдану қажеттілігі туындаған кезде де айқын көрінеді.

Сот тәжірибесіне қатысты ескеретін тағы бір маңызды мәселе - судьяның ұстанымы. Бір жағынан, судья бейтарап позицияны ұстанады, бірақ еңбек және басқа да даулар бойынша сот тәжірибесі көрсеткендей, соттың белгілі бір істерде белсенді болуы өте маңызды.

Бұл сот процесін неғұрлым белсенді және нақты реттеу туралы, әсіресе Тараптар Тараптардың пікірталастары кезінде даулы жағдай туралы түсініктерін білдіретін процестің бір бөлігіне қатысты. Сот процесінің

барысында ғана емес, осы кезеңінің соңында да төрағалық етуші судьяның түйіндемесі өте маңызды.

Яғни, еңбек дауының тараптары өз ұстанымдарын қорғауға тең мүмкіндіктерге ие, бірақ сонымен бірге сот іске қатысы жоқ мәліметтерді електен өткізуге мәжбүр. Тараптар бұл құқықты бұзылған деп санайтын жағдай жиі туындайды. Тиісінше осы мән жай бойынша сот тарапынан түсіндіру қажет.

Ал дәлелдеу бөлігінде ұсынылған дәлелдемелерге қатысты тараптардың түсініктемелері талап етіледі. Нақты сұрақтарсыз және дәлелдеу процесін басқарусыз сот кейбір маңызды мәліметтерді ескермеуі мүмкін.

Талап қоюшы ҚР ЕК 54-бабының 1-тармағының 2) тармақшасына (штат санын қысқарту) сәйкес сайланған кәсіподақ қызметкері екенін және кәсіподақ комитетінің алдын ала келісімінсіз жұмыстан шығаруға болмайтынын дәйектей отырып, соттан еңбек шартын бұзу туралы бұйрықты заңсыз деп тануды сұрады. Талап арызын дәлелдеп, «Ш-Қазақстан облысы Агроөнеркәсіп кешені қызметкерлерінің кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінен белгілі бір мерзімге еңбекақы алғаны туралы анықтамасын көрсеткен.

Жауапкер талап қоюшының сайланбалы кәсіподақ қызметкері екендігіне қарсы шығып, бұл жағдай кәсіподақ жиналысының немесе кәсіподақ комитетінің отырысының хаттамасымен расталуы керек екенін жеткізді.

Сот реляциялық техниканы қолдана отырып істі дайындауды жүргізе отырып, сот отырысында талап қоюшыға ұсынылған анықтама талап қоюшының жалақы алу фактісін растайтынын, бірақ талап қоюшының сайланбалы кәсіподақ қызметкерлеріне жатпайтындығын анықтады. Осыған байланысты сот талап қоюшыға талап қоюды негіздеу үшін қосымша дәлелдемелер ұсынуды талап етті, кейін талап қоюшы кәсіпорынның филиалының кәсіподақ комитеті жиналысының оны филиалдың қазынашысы етіп сайлау туралы хаттамасының көшірмесін сотқа ұсынды.

Дәлелдемелерді ұсынған кезде еңбек даулары бойынша істердің осы санатының ерекшелігіне байланысты көп жағдайда дәлелдемелер, оның ішінде қызметкердің ұстанымын негіздейтін дәлелдемелер жұмыс берушіде болатынын есте ұстаған жөн: еңбек шарты, еңбек кітапшасы, жұмыс берушінің бұйрықтары, лауазымдық нұсқаулықтар, өндірістегі жазатайым оқиға туралы актілер, жұмыскердің тәртіптік жаза қолданғаны туралы актілер мен баяндамалар жұмыскердің тәртіптік теріс қылық жасағаны туралы жазбаша түсіндірмелері, штат кестесі, жалақы туралы анықтамалар, түгендеу актілері, іссапар есептері, кезекшілік кестесі және т.б.

Заң талаптарына сәйкес еңбек қатынастарын реттеу үшін жасалған еңбек шарты бойынша жұмыскер еңбек функциясын орындауға міндеттенеді. Қазақстан Республикасының заңнамасында және өзге де нормативтік құқықтық актілерінде, ұжымдық шартта, жұмыс берушінің актілерінде көрсетілген жалақыны уақытылы және толық көлемде төлеуге, еңбек тәртібін сақтауға жұмыс беруші міндеттенеді. Қол қоюдың алдында жұмыскер еңбек шартын мұқият зерттеп, оның негізгі шарттарына назар аударуы тиіс.

Еңбек заңнамасында жұмыс берушіге жұмыскерден еңбек шартында көзделмеген жұмысты орындауды талап етуге тыйым салынады. Алайда, университеттің оқытушысына қатысты заңның бұл талабын орындау мүмкін емес, өйткені оның еңбек функциясының мазмұны әлі күнге дейін орталықтандырылған құқықтық актімен анықталмаған және бұл мәселені жергілікті реттеу оқытушылардың еңбек құқықтарының жаппай бұзылуына әкеледі [79, 18].

Зерттеу нәтижелерінен көріп отырғанымыздай, еңбек заңнамасында жұмысшылардың еңбек құқықтарын қорғаудың әртүрлі тәсілдері көзделсе де, азаматтар әрқашан шешуші әрекеттерге дайын бола бермейді. Жұмыскерлер көп жағдайда өздерін жұмыс берушіге тәуелді деп санайды, жұмыссыз қалудан қорқады, сондықтан жұмыс беруші тарапынан барлық заңсыздыққа үнсіз шыдайды. Іс жүзінде, көп жағдайда жұмыскер өзінің бұзылған құқықтарын қорғаудың кез келген әдісіне жүгінбейді немесе жұмыс орнын жай ғана өзгертеді, осылайша өзінің еңбек құқықтарын қорғау үшін заңмен берілген мүмкіндіктерді пайдаланбайды.

Азаматтардың еңбек құқықтарын қорғау жөніндегі заңмен бекітілген ережелерді іске асырудың негізгі функциясын мемлекет орындауы керек. Осыған байланысты мемлекет тарапынан еңбек саласындағы бұзушылықтарды ұдайы мониторингтеу және еңбек заңнамасы саласындағы бақылау және қадағалау органдарының пәрменді жұмысын бақылау, сондай-ақ еңбек заңнамасын бұзушыға тиімді әсер ету мақсатында сот органдарының өкілеттіктерін кеңейту қажет.

Азаматтардың бұзылған еңбек құқықтарын қалпына келтірудің тиімділігі мақсатында еңбек заңнамасы жеке еңбек дауларын шешудің баламалы тәсілдерін қарастыруы тиіс. Мысалы, соңғы уақытта еңбек юстициясын құру, Еңбек процессуалдық кодексін қабылдау және т.б. туралы мәселелер жиі талқыланып жүр [6, 116]. Отандық зерттеуші Г.Г. Галиакбарованың пайымдауынша, елімізде еңбек дауларын реттеудің бірден-бір жолы еңбек соттарын құру болып табылады. Еңбек даулары жеке өз алдына мамандандырылған еңбек соттарында қаралуы тиіс. Ал, қазіргі кезде еңбек даулары жалпы юрисдикцияда азаматтық сот өндірісінде қарастырылады [80, 135].

Еңбек соттарын құру бастамасына қатысты Д.Ж. Белхожаева мен Д.С. Байсымакова өз еңбектерінде «еңбек қатынастарын дамытудың және әлеуметтік-еңбек құқықтарын қорғау тетіктерінің бірі ретінде еңбек дауларын қарау үшін арнайы орган мамандандырылған соттар құруды» ұсынады [81, 177]. Еңбек заңнамасында еңбек дауларын сотта қарау мәселелері жеке қарастырылмаған [5, 6]. Сәйкесінше, Жоғарғы соттың жанынан еңбек дауы бойынша арнайы мамандандырылған сот алқасы жұмыс жасамайды және облыс, қала, аудан деңгейлерінде мүлдем еңбек саласы бойынша мамандандырылған судьялардың жоқтығын көрсетеді [82, 261].

Тарауды ***қорытындылай келе,*** *жоғарыда айтылғандардың негізінде, еңбек заңнамасына сәйкес еңбек құқықтарын қорғаудың әртүрлі тәсілдері болғанына қарамастан, іс жүзінде еңбек құқықтары мен бостандықтары*

үнемі бұзылып отырады, бұл еңбек дауларының көптеген істерінде көрініс тауып отыр. Осыған байланысты еңбек заңнамасы еңбек құқықтары мен бостандықтарын қорғау тәсілдерін пысықтауды талап етеді. Азаматтардың атқарушы және сот билігі органдарына сенімін нығайту, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктердің азаматтардың еңбек құқықтарын қорғау жүйесін дамыту қажет.

Автор қолданыстағы норма туралы ақпарат бар шешімнің бір бөлігіне дейін фактілерді ұсынудың маңыздылығын атап көрсетеді. Ал шешімнің дәлелді бөлігінде фактілерді ұсыну және кейбір дәлелдерді жоққа шығару немесе іс үшін маңызды емес жағдайларды мойындау сияқты материалдарды ауыстыруға әбден болады.

Осылайша, азаматтардың еңбек құқықтарын сот арқылы қорғаудың тиімділігін арттыру келесі ұсыныстар мен ұсыныстарды ескеруді талап етеді:

- еңбек құқығы және басқа да байланысты салалардан еңбек құқықтарын қорғау қағидаттарын толық көлемде және теңгерімді қолдануды;

- қажетсіз мән-жайларды жоя отырып, іс үшін маңызы бар нақты мән-жайларды ғана анықтауды;

- даусыз және даулы мән-жайларды ажырату, алдымен тараптар дауламайтын және тиісті дәлелдемелерге сілтеме жасайтын даусыз мән-жайларды белгілеу;

- материалдық және іс жүргізу құқығының нормаларын көрсететін субсумацияны жүзеге асыруды;

- дәлелдемелерді, тараптардың дәлелдерін немесе белгілі бір мән-жай бойынша заңды пікірін немесе сот қабылдамаған дәлелдемелерді көрсету.

2 ЕҢБЕК ДАУЛАРЫН СОТТА ҚАРАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

2.1. Еңбек дауларын сотқа дейінгі шешу тәртібі

Отандық ғалым В.Н. Уваров еңбек даулары деп еңбек заңнамасын қолдану, келісімдердің, еңбек және (немесе) ұжымдық шарттардың, жұмыс беруші актілерінің талаптарын орындау немесе өзгерту мәселелері бойынша жұмыскер (жұмыскерлер) мен жұмыс беруші (жұмыс берушілер) арасындағы келіспеушіліктер деп түсіндіреді [83, 444].

Көп жағдайда еңбек дауларының пайда болу себептері ретінде жұмыскерлерге төмен жалақы, жалақыны уақытылы немесе толық төлемеу; басшылық тарапынан адалдықтың болмауы және еңбекке қатысты негізсіз қатаң жүйе; ұйымдағы өз функцияларын түсінбеушілік; жұмыс берушінің еңбек заңнамасының талаптарын және еңбек құқығы қатынастары туралы жалпы ережелерді сақтамауын атап өтуге болады.

ҚР ЕК 22-бабына сәйкес жұмыскер өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға құқықтары белгіленген. Аталған норма ҚР Конституциясының 13-бабында бекітілген конституциялық кепілдіктерге негізделеді.

Қазіргі таңда азаматтардың еңбек құқығын қорғаудың келесідей негізгі екі тәсілдерін бөліп қарастыруға болады: еңбек құқықтарын қорғаудың соттан тыс және сот арқылы қорғау.

Еңбек құқығын қорғаудың соттан тыс тәсілдеріне еңбек заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылау органының қызметін, келісу комиссияларын, еңбек төрелігі, татуластыру комиссиясы, медиациялық келісім жасау арқылы еңбек дауларын шешу тәсілдерін жатқызамыз.

Еңбек дауларын реттеудің сотқа дейінгі тәртібі мәселесін шешу үшін дауларды реттеудің соттан тыс және сотқа дейінгі тәсілдерін ажырату қажет.

Соттан тыс тәсілдер - бұл дауларды соттан тыс басқа институттарда ерікті негізде шешудің заңда көзделген тәсілдері. Мысалы, шартта төрелік ескертпе болған кезде тараптар дауды төрелікте шешуге міндетті. Егер талап «Нотариат туралы» ҚР Заңының 96-1-бабында көрсетілген талаптар тізбесіне түссе, онда өндіріп алушы атқарушылық жазбаны жасау үшін нотариусқа жүгінеді. Атқарушылық жазбаның күші жойылған жағдайда өндіріп алушы атқарушылық жазбаны жасау үшін нотариусқа не сотқа қайта жүгіне алады [84].

Соңғы жылдарда мемлекет жеке еңбек дауларын сотқа дейін қарау үшін құрылымдарды қалыптастыру идеясын алға тарта бастады. Зерттеу дауларды шешудің баламалы процестерін қымбат және ұзақ сот талқылауларын болдырмау тәсілі ретінде қарастырады және кейбір жағдайларда жекелеген адамдар үшін сот төрелігіне қолжетімділікті жақсартуы мүмкін [85, 718.]. Қолданыстағы заңнамаға сүйене отырып, қоғамда даулардың деңгейін төмендету жөніндегі мемлекеттік стратегияны іске асыру мақсатында азаматтық істер бойынша дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі реттеу институттары, талап қою ісін жүргізу, оның ішінде оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен сотта тараптарды татуластыру институттары әзірленді.

ҚР заңдарының қатарында келесідей дауларды реттеудің міндетті сотқа дейінгі тәртібі көзделген :

- шартты өзгерту және бұзу туралы (ҚР АК 402-бабының 2-тармағы);
- мүліктік жалдау шартын бұзу туралы (ҚР АК 556-бабының 2-тармағы);
- жүк тасымалдау туралы (АК-нің 706-бабының 2-тармағы);
- кінә қоюдың шарттары мен тәртібі (ҚР «Ішкі су көлігі туралы» Заңының 99-бабы) [86];
- кінә қою («Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» ҚР Заңының 232-бабы) [87].
- *жұмыскерлер мен жұмыс берушілер арасындағы жеке еңбек дауларын бойынша* (ҚР ЕК 159-бабы);
- жер дауларын бойынша (ҚР Жер кодексінің 167-бабы) [88];
- авторлық құқықты және зияткерлік меншікті қорғау саласында («Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» ҚР Заңының 22-1-бабы, ҚР «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары, географиялық белгілер және тауарлардың шығарылған жерінің атаулары туралы» Заңының 41-бабы, ҚР Патент Заңының 32-бабы) және т.б.
- тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында («Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңының 42-8-бабы) [89];
- тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының, комиссиялардың, сарапшылардың, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым жасау туралы («Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 47-бабы) [90] және т.б. нормативтік-құқықтық актілерде қарастырылады

Бұл тізімдегі ҚР ЕК-де көзделген жеке еңбек дауын қарау тәртібіне кеңірек тоқталатын боламыз.

Азаматтық процеске тараптармен дәлелдемелер алмасуды, татуласуды, сот талқылауынан бас тартуды, яғни дауды сотқа дейінгі тәртіппен реттеу мүмкіндігін пайдалануды көздейтін жаңа «сотқа дейінгі хаттама» институты енгізілді. Сотқа дейінгі хаттамада тараптардың және іске қатысатын басқа да адамдардың өз талаптарының немесе қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасауға және істі сотта қараған жағдайда оларды пайдалануға ниеттенген дәлелдемелерді ашу, ұсыну және алмасу жөніндегі іс-әрекеттері көрсетіледі.

Қазақстанда жаңа Еңбек кодексінің қолданысқа енгізілуі 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап белгілі бір мақсаттарды көздегенін атап өткен жөн. Бұл экономикадағы дағдарыстық құбылыстар жағдайында еңбек шартының талаптарын өзгерту рәсімін жеңілдетуге, жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын тоқтату негіздерінің тізбесін кеңейтуге, жұмыс берушінің қызметкерлерге сынақ мерзімін белгілеу құқығын шектеуді барынша азайтуға мүмкіндік береді.

ҚР ЕК-де жұмыс берушіге оның мемлекет пен кәсіподақтар арасында жауапкершілікті бөлу арқылы белгілі бір жүктемені азайту, еңбек шартының тараптарына еңбек және ұжымдық шарттар арқылы жұмыскерлерге ақы төлеудің нысанын, жүйесін және мөлшерін реттеу құқығын беру, еңбек

қауіпсіздігін қамтамасыз етудің тең негізін құру, қоғамдық бақылауды күшейту, қоғамдық бақылауды күшейту жолымен мүгедектерді жұмысқа орналастыру мәселесін шешуге кешенді көзқарас қарастырылған және еңбекті қорғау көзделген [91].

Жоғарыда айтылғандай, ҚР ЕК 159-бабының бірінші тармағында шағын кәсіпкерлік субъектілерін (микрокәсіпкерлік субъектілерін) және заңды тұлғаның атқарушы органының басшыларын қоспағанда, жеке еңбек дауларын бітімгершілік комиссиялары, ал шешілмеген мәселелер немесе келісу комиссиясының шешімі орындалмаған жағдайда – соттар қарайтыны белгіленген.

Бірақ, іс жүзінде микрокәсіпкерлік субъектілерінен басқа шағын, орта кәсіпкерлік субъектілері де жылдық айналымы кәсіпкерлік кодексте көрсетілген мөлшерлемеден асатын болғандықтан, олар микрокәсіпкерлік шағын кәсіпкерлікке немесе шағын кәсіпкерліктен орта кәсіпкерлікке ауысып кетеді. Жұмыс берушілер өз тарапынан еңбек кодексінің талаптарына сәйкес келісу комиссиясын шағын қызметкерлердің санымен құруға мәжбүр. Сол себепті, ҚР ЕК 159-бабының 1-тармағындағы «жұмыс беруші мен микрокәсіпкерлік субъектісі» деген жолдарды алып тастап, норманы келесідей редакцияда ұсынуға болады : «жұмыскерлерінің саны он бес адамнан аспайтын ұйымдардың жұмыскері, үй жұмыскері, заңды тұлғаның жеке-дара атқарушы органы, заңды тұлға атқарушы органының басшысы, сондай-ақ заңды тұлғаның алқалы атқарушы органының басқа да мүшелері арасында туындайтын дауларды қоспағанда, жеке еңбек дауларын - келісу комиссиялары, ал реттелмеген мәселелер не келісу комиссиясы шешімінің орындалмауы бойынша соттар қарайды».

Қолданыстағы Еңбек Кодексіне ҚР 2020 жылғы 4 мамырдағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңымен [92] енгізілген өзгерістерінің талаптарына сәйкес жұмыс беруші мен микрокәсіпкерлік субъектінің, жұмыскерлерінің саны он бес адамнан аспайтын коммерциялық емес ұйымның жұмыскері, үй жұмыскері, заңды тұлғаның жеке-дара атқарушы органы, заңды тұлға атқарушы органының басшысы, сондай-ақ заңды тұлғаның алқалы атқарушы органының басқа да мүшелері арасында туындайтын дауларды қоспағанда, жеке еңбек дауларын – келісу комиссиялары, ал реттелмеген мәселелер не келісу комиссиясы шешімінің орындалмауы бойынша соттар қарайтындығы көзделген. Сонымен қатар аталған өзгертулермен ҚР ЕК 23-бабының, 26-тармақшасында келісу комиссиясын құру жұмыс берушінің міндеті болып бекітілді.

Ұжымдық шартта ұйымның өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелерінде келісу комиссияларын құру мүмкіндігі қарастырылды және өтініш берушінің жазбаша келісімі болған кезде дауды оның қатысуынсыз қарауға жол беріледі деген нормалармен толықтырылды.

Жұмыс берушімен жұмыскердің арасында дау туындаған жағдайда тараптар ең алдымен келісу комиссиясына жүгінуге міндетті.

Келісу комиссиясы дауды шешпеген, не шешкен күннің өзінде тараптардың біреуі келісу комиссиясының шешімін орындамаған жағдайда ғана сотқа жүгіне алады. Сот тараптардың еңбек дауын келісім комиссиясы қарастырғанын дәлелдейтін құжаттарсыз істі қабылдамайды. Алайда тәжірибеде әлі де бұл норманы елемей келісу комиссиясына жүгінбей, талап берушінің бірден сотқа жүгінетін жағдайлары, кәсіпорын мен ұйымдарда келісу комиссиясының құрылмағандығы да кездесіп жатады. Демек, азаматтардың еңбек дауларын шешудің бұндай міндетті сатысы ның болуына қатысты бейхабарлығынан, не жұмыс берушілердің мүлде келісу комисси ясын құрмағандығынан орын алуы мүмкін.

Сондай-ақ, еңбек дауы бойынша тараптардың біреуі сотқа жүгініп, сот арызын қараусыз қалдырып, алдымен келісу комиссиясына жүгіну керектігін айтқаннан кейін ғана жұмыс беруші келісу комиссиясын құрады. Ал бұл өз тарапынан, жұмыскердің құқықтары мен бостандықтарын қорғауды ұзаққа шегереді. Дегенмен, заң шығарушы жұмыскердің еңбек инспекциясына жүгінуді қарастырып, өз құқығын қорғау мүмкіндігін көздеген. Еңбек инспекциясы аталған ұйымды не мекемені тексергеннен кейін, келісу комиссиясының жоқтығы анықталса, құқық бұзушылықты жою туралы нұсқама шығарып, жұмыс беруші 10 күннің ішінде келісім комиссиясын құруға міндетті болады [93].

Келісу комиссиясына қатысты ҚР ЕК 159-бабының 3-тармағына сәйкес, оның мүшелерінің сандық құрамы мен жұмыс істеу тәртібі, келісу комиссиясы шешімінің мазмұны мен оны қабылдау тәртібі, келісу комиссиясы өкілеттігінің мерзімі, делдалды тарту туралы мәселе жұмыс беруші мен жұмыскерлер өкілдерінің арасындағы жазбаша келісімде не ұжымдық шартта белгіленеді.

Жұмыс беруші келісу комиссиясының құрамына өз өкілдерін өзінің актісімен – бұйрықпен, өкіммен енгізеді. Әдетте, басшы немесе оның орынбасары, заңгер, кадрлар бөлімінің қызметкері келісім комиссиясының мүшелері болады. Тәжірибе көрсеткендей, келісім комиссиясының құрамына бірінші басшылардың қосылуын дұрыс деп санауға болмайды, себебі басшылықтың беделін түсіреді және өз бұйрығын, келісім комиссиясының басқа мүшелерін даулау кезінде объективтілікті сақтау қиынға түседі. Келісу комиссиясының құрамына заңгерді енгізу мәселені еңбек заңнамасының ережелеріне сәйкес қарастыруға көмектеседі, бірақ көбінесе мұндай қарастыру ды әдетте құқықтық шеңбермен шектейді. Бірақ, келісу комиссиясының мүшелерін адвокаттың кәсіби білімі талап етілетін және орынды болатын ҚР Еңбек заңнамасының негіздеріне ғана емес, сонымен қатар еңбек дауларында келіссөздер жүргізу қабілетін дамытуға және консенсусқа қол жеткізуге үйрету маңызды деп таниды – мұнда тыңдай білу, парасаттылық, әділеттілік, толеранттылық, қалыптасқан жағдайдан шығу жолын таба білу сияқты қасиеттер маңызды. Яғни, бұл ретте келісу комиссиясы мүшелерінің жыл сайынғы біліктіліктерін арттыру курстарынан өтуіне де аса мән берілуі қажет [94].

Егер жеке еңбек дауының тарабы келісу комиссиясының шешімімен тұтастай немесе бір бөлігінде келіспесе, сондай-ақ келісу комиссиясының шешімі орындалмаған жағдайда дау реттелмеген болып есептеледі.

Сотқа жүгінудің екі негізі атап өтіледі және азаматтардың еңбек дауларын сотқа дейінгі реттеу тәртібі ұсынылады. Сондай-ақ, жеке еңбек дауын келісу комиссияның қарауы тарапты сотқа шағымдану құқығынан ешбір жағдайда ажыратпайтынын есте ұстаған жөн. Бұл ретте келісу комиссиясы шешімінің күшін жою немесе сот тәртібімен өзгерту талап етілмейді.

ҚР ЕК 22-бабы бірінші тармағының 16-тармақшасында, 23-бабы бірінші тармағының 12-тармақшасында жұмыскер мен жұмыс берушінің келісу комиссиясына, содан кейін сотқа дәйекті түрде жеке еңбек дауын шешу үшін жүгіну құқығы көзделген.

Келісу комиссиясының шешімі, оның мәртебесі бойынша сот шешіміне теңестірілген және ҚР ЕК-нің 161-бабы екінші тармағының күшіне сәйкес жұмыста қалпына келтіру туралы дау бойынша шешімді қоспағанда, ол белгілеген мерзімде орындалуға тиіс екендігі назар аудартады.

Ұйымда, филиалдарда және өкілдіктерде келісу комиссияларын құру міндеті ҚР ЕК 15-тарауының нормаларында тікелей көзделмеген. Бұл жұмыскерлердің жеке еңбек дауларын сотқа дейін реттеу мүмкіндіктерін пайдалану құқықтары шектелген және соған сәйкес сотқа жүгіну үшін кедергілер туындаған кезде жұмыс берушілердің теріс пайдалануына әкелуі мүмкін.

Кейде жұмыс берушінің әкімшілігі келісім комиссиясына жолданған жұмыскердің өтінішін өтініш берушінің ҚР ЕК 160-бабында белгіленген өтініш мерзімін өткізіп алуына байланысты мәні бойынша қарауға бермей қайтарады. Бұл жұмыскердің заңда көзделген жеке еңбек дауын сотқа дейінгі тәртіппен одан әрі сотқа жүгіну мүмкіндігімен шешу құқығын бұзады.

Тәжірибеде келісу комиссиясы дәлелді себепсіз он бес күндік мерзімін сақтамайды. Неғұрлым ұзақ мерзімде қарастырып, жұмыскерге сотқа жүгіну мүмкіндігін азайтады. Осы ретте, ҚР ЕК 160-бабын «басқа да еңбек даулары бойынша – жұмыскер, оның ішінде бұрын еңбек қатынастарында болған жұмыскер немесе жұмыс беруші өз құқығының бұзылғаны туралы білген немесе білуге тиіс күннен бастап келісу комиссиясына жүгіну мерзімі - бір ай, ал сотқа жүгіну үшін – реттелмеген даулар бойынша жүгінген кезде не еңбек шарты тарапы келісу комиссиясының шешімін орындамаған кезде келісу комиссиясы шешімінің көшірмесі табыс етілген немесе табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен пошта арқылы жіберілген күннен бастап он бір ай» мерзімін көрсету маңызды деп есептейміз.

ҚР ЕК 160-бабына, ҚР АПК-нің 172-бабына сәйкес, еңбек заңнамасының белгіленген мерзімдерін сақтамау жеке еңбек дауын қарау жөніндегі органға дәлелді себепсіз жүгіну талапты қанағаттандырудан бас тартуға дербес негіз болып табылады. Осыған орай, бітімгерлік комиссияларының келісу комиссиясының шешімімен келіспеген тарапқа дауды сот тәртібімен шешу құқығын жүзеге асыру мүмкіндігін бере отырып, жеке еңбек дауларын мәні бойынша қараудан, өтініштер заңда белгіленген мерзім өтіп кеткен жағдайда да

арыздар бойынша шешім қабылдау қажеттілігі туралы басшылыққа алған дұрыс сияқты.

Азаматтардың еңбек құқықтарын қорғауды тікелей еңбек қызметі орны бойынша күшейту, сот талқылауына дейін жететін еңбек дауларының санын қысқарту мақсатына қол жеткізілгенін анықтау үшін еңбек саласындағы уәкілетті органның жеке еңбек дауларын қарау бойынша елде құрылған келісу комиссияларының саны, ең бастысы, олармен қаралған азаматтық істердің саны тұрақты түрде өсіп келе жатқандықтан, сот статистикасы өндіріске кіретін азаматтық істер соттарының санының үнемі өсіп келе жатқандығын көрсетеді.

Дауды сотқа дейінгі реттеу сотқа жүгінгенге дейін немесе онсыз дауды шешуге бағытталған бірқатар заңды маңызды әрекеттерді жасаудан тұрады. Талап қою тәртібі контрагентке талап қоюды (талаптар, шағымдар және т.б.) жіберуді білдіреді. Талап қоюшылардың әрқайсысының талаптарын жеке дербес қарау мүмкін болған жағдайда, дауды заңда немесе келісімде көзделген сотқа дейінгі реттеу тәртібін сақтау осы тұлғалардың барлығы үшін міндетті болып табылады.

Егер талап бірнеше жауапкерге қойылса, онда талап қоюшы олардың әрқайсысына қатысты дауды сотқа дейінгі реттеудің міндетті тәртібін сақтауға тиіс.

Шағым, талап, шағым және т.б. адресатқа жеке тапсырылуы, оған почта байланысы немесе жеткізуді тіркеуді қамтамасыз ететін байланыс құралдарын пайдалануды қоса алғанда, өзге де жеткізу қызметтері арқылы жіберілуі мүмкін.

Егер дауды сотқа дейінгі реттеу тәртібін құқық мирасқоры немесе құқық мирасқорына қатысты сақтаса, онда құқық мирасқорының немесе осы дау бойынша құқық мирасқорына қатысты мұндай тәртіпті қайталап сақтауы талап етілмейді (46, 341-баптар, 4- 344) тармақшасы, ҚР АК 1040 және 1042-баптар) [78].

Тиісінше, егер заңда немесе шартта дауды реттеудің сотқа дейінгі тәртібін сақтау мақсатында жіберілуі қажет құжаттардың және (немесе) мәліметтердің тізбесі белгіленсе, онда осы құжаттарды жібермеу және (немесе) мәліметтерді хабарламау, сондай-ақ оларды тиісті емес нысанда немесе мөлшерде жіберу (хабарлау) көрсетілген тәртіптің сақталуын куәландырмайды.

Сотқа дейінгі іс жүргізу жанжалға қатысушылардың оны шешуге тең қатысуын ескере отырып, өз пікірін білдіру мен тыңдалуға, талқылау нұсқаларын ұсынуға және дауды шешу бойынша ұсыныстар енгізуге тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ете отырып жүзеге асырылуға тиіс.

Соттан тыс тәртіп «Нотариат туралы» Заңның 14-1-тарауында көзделген, бұл - атқарушылық жазбалар жасау. Бұл нотариат куәландырған мәмілеге негізделген міндеттемені орындауға, заңда белгіленген немесе шартта көзделген жағдайларда сотқа дейінгі реттеу тәртібімен нотариус куәландырған дауды реттеу туралы келісімдерді орындауға қатысты.

Сотқа дейінгі реттеуді талап ететін даулар бойынша сот талап-арыздар мен арыздарды қабылдауы үшін қосымша кейбір басқа талаптарды сақтау қажет.

Талап қоюшы заңда көзделген сотқа дейінгі дауды шешу тәртібін сақтамаса, талап қайтарылуға жатады. Соттар сотқа дейінгі іс жүргізу тәртібін сақтау туралы дәлелдемелер болмаған жағдайда талап қоюшымен талапты қабылдау сатысын пайдалана отырып, мұндай дәлелдемелердің бар-жоғы туралы нақтылау қажет екенін есте ұстаған жөн.

Қарсы талап қою кезінде дауды реттеудің сотқа дейінгі тәртібін сақтау талап етілмейді, өйткені іс бойынша іс қозғалғаннан кейін қарсы талап қойылады. Талап қоюшының іске кіретін тиісті жауапкерге қатысты дауды реттеудің сотқа дейінгі тәртібін сақтамауы, жалпы ереже бойынша, талап қою арызын қараусыз қалдыру үшін негіз болып табылмайды.

ҚР АПК-нің 51-бабының 1-бөлігіне сәйкес даудың нысанасына дербес талаптарын мәлімдейтін үшінші тұлғалар оны шешудің сотқа дейінгі тәртібін сақтау міндетінен босатылады [21].

Германияда атқарушылық құжатты алудың оңайлатылған рәсімі бір қарағанда ҚР-дағы дауды қараудың сотқа дейінгі тәртібіне ұқсастыққа ие, алайда бұл рәсім бойынша еңбек дауын қараудың соттан тыс тәртібіне жатады, өйткені ол міндетті сипатқа ие емес және сот талқылауына балама болып табылады [94].

ХЕҰ бітімгершілік механизмін еңбек дауларын шешудің негізгі әдісі ретінде таниды, сонымен бірге бұл рәсімдердің ерікті сипатын ерекше атап көрсетеді. ХЕҰ-ның № 130 ұсынысы негізінен жеке еңбек дауларын шешу тәртібіне қатысты [96].

ХЕҰ-ның көрсетілген ұсынымдары АҚШ-та және кейбір басқа елдерде таратылған «гривенс просиджер» (grievance procedure) рәсіміне негізделген қызметкерлердің жеке шағымдарын (құқық туралы дауларды) қарау қағидаларын қамтиды. Ол күрделенген бітімгерлік-аралық талқылауды білдіреді.

Шағымдарды қарау тәртібі онда қарастырылған мәселені шешудің кез келген сатысында қызметкер мен оның басшысы арасында келісімге келудің нақты мүмкіндігі болатындай етіп тұжырымдалуы және қолданылуы керек. Шағымдарды қарау процедурасы мүмкіндігінше қарапайым және жедел болуы керек. Қажет болған жағдайда осы мақсат үшін тиісті мерзімдер белгіленуі мүмкін. Жұмыскер шағымдарды қарау процесіне тікелей қатысуға және шағымды қарау кезінде қызметкерлер ұйымының өкілінің немесе жұмысшылар ұйымының өкілінің немесе өзі таңдаған кез келген басқа тұлғаның өкілдік етуіне немесе ұлттық заңнамаға немесе тәжірибеге сәйкес осындай тұлғаның көмегіне жүгінуге құқылы [97, 64].

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 159-бабының 1 тармағына сәйкес сотқа дейін еңбек дауларын реттеу тәртібі негізінде келісу комиссиясының шешімін бұйрық өндірісімен атқару мүмкіндігін қарастыру қажет.

Қазақстандық сот практикасында алдымен жұмыскер мен оның басшысы арасындағы тікелей (тікелей) келіссөздер арқылы шағымды реттеуге әрекет жасалуы тиіс. Жұмысшылардың еңбек құқықтарын қорғау ұғымын кең және тар мағынада ажырату керек. Тар мағынада-бұл еңбек құқықтарының

сақталуын қамтамасыз ету, оларды бұзудан қорғау, оның ішінде алдын-алу, бұзылған құқықтарды қалпына келтіру. Кең мағынада, еңбек құқықтарын қорғау деп еңбекті қорғау функциясын жүзеге асыруды түсіну керек.

Демек, еңбек құқықтарын қорғау кең мағынада тар мағынада қорғауды, сондай-ақ осы құқықтарды қорғаудың келесі әдістерін қамтиды:

1) еңбек жағдайларының деңгейін, еңбекке тұрақты ақы төлеуді, еңбек заңнамасымен және жергілікті деңгейде ұжымдық шарттармен, келісімдермен, еңбек заңнамасымен толықтырылатын, арттырылатын, дамитын негізгі еңбек құқықтарының кепілдіктерін заңнамамен белгілеу. Яғни, қызметтің барлық салаларында дұрыс жұмыс істеу, жұмыс берушілер мен қызметкерлер арасындағы жанжалды жағдайларды азайту үшін еңбек жағдайларының тиісті деңгейін құру қажет.

2) жұмыскерлер арасында еңбек заңнамасын барлық тәсілдермен (БАҚ арқылы дәрістер, семинарлар, жиналыстар және т. б. арқылы) кеңінен насихаттау, сондай-ақ тиімді тәсілдерді көрсету практикасын пайдалана отырып, оның жұмыс берушілері мен олардың өкілдерін (әкімшілікті) оқыту қажет болып табылады [98, 376-377].

Дауларды сотқа дейінгі реттеудің өз артықшылықтары да бар: дауды шешудің қысқа мерзімі, рәсімнің үнемділігі (азаматтық істер бойынша талап-арыз беру кезінде төленген мемлекеттік бажды қайтару), дауды реттеу нұсқасын таңдаудағы дербестік (жанжал), тараптар үшін маңызы бар, оның ішінде дау нысанасымен байланысты емес шынайы мүддені талқылау мүмкіндігі, заң шығарушы белгілеген мерзім шегінде татуластырушының қатысуымен бірнеше рет кездесулер өткізу мүмкіндігі, (іскерлік) қатынастарды дамыту, тараптар қабылдаған уағдаластықтарды ерікті түрде орындау, қол жеткізілген келісімді мәжбүрлеп орындату кепілдігі, жеңілген тараптың болмауы.

Сондай-ақ, халықаралық стандарттар мен кейбір Еуропа елдерінің және АҚШ-тың еңбек заңнамасы еңбек дауының түріне қарамастан, сотқа дейінгі және соттан тыс тәжірибенің кең ауқымын белгілейді, ал Қазақстан Республикасындағы еңбек дауларын қараудың сотқа дейінгі тәртібінің өзіндік ерекшеліктері мен шектеулері бар.

ҚР ЕК-де тараптар арасындағы келіспеушіліктерді жоюға немесе болдырмауға көмектесетін ұжымдық шарттың нормалары көзделген. Бұл нормалар кәсіпорынның тұрақтылығы мен табыстылығының кепілі, жұмыскерлер мен жұмыс берушінің өзара міндеттемелері болып табылады. Жұмыс беруші мен жұмыскерлер тобының мүдделерін үйлестіруге, еңбек дауларының алдын алуға мүмкіндік береді.

Жеке немесе ұжымдық дау болсын, оны шешу осы мәселе бойынша заңнаманы белгілі бір білуді талап етеді, бірақ, өкінішке орай, барлық жұмыскерлер немесе жұмыс берушілер еңбек дауларын реттеу мен шешудің барлық қыр-сырын біле бермейді және соның салдарынан еңбек даулары туындайды.

Жеке еңбек дауы - жұмыскердің немесе жұмыс берушінің өзіне қатысты еңбек қатынастарын іске асыру тәртібімен туындайтын қандай да бір ережемен,

процеспен келіспеуі. Яғни, іс жүзінде, даудың туындау негізі еңбек қызметінің тиісті тәртібін сақтамау, әрекетсіздік, түсінбеушілік және өзге де жалтару нысандары болып табылады. Жеке еңбек дауларының негізгі себептеріне ұжымдық шартты бұзу, жұмыскерлерге жалақыны уақтылы бермеу, жеке жұмыс берушілердің жосықсыз әрекеттері және т.б. жатады.

Азаматтарда құқықтық білімнің болмауы немесе еңбек заңнамасын, ұжымдық шарттың, өзге де келісімдердің талаптарын, сондай-ақ жұмыскердің еңбек шартын сақтауға немқұрайлы қарауына байланысты көп жағдайда дауға ұласып жатады.

Еңбек дауларын туғызатын себептерден әдетте осы дауларды туғызатын объективті факторлар мен мән-жайлар ерекшеленеді. Олар нақты ұйымның, кәсіпорынның өндірісі мен еңбегін ұйымдастырудағы кемшіліктер не еңбек туралы заңнамадағы жекелеген дәлсіздіктер немесе проблемалар болуы мүмкін.

ҚР ЕК 159-бабына сәйкес жеке еңбек дауы сотқа дейінгі тәртіпте келісу комиссиясымен шешіледі. Келісу комиссиясының еңбек дауларын қарауы туындаған келіспеушілікті шешудің алғашқы қадамы болып табылады [14]. Шешімін таппаған мәселелер не келісу комиссиясының шешімін орындамау дау сот тәртібімен қаралуы мүмкін. Еңбек кодексінде еңбек дауларын соттардың қарауы кезінде «реттелмеген мәселелер» деп не түсіну керектігі көзделмеген. Бұдан басқа, «реттелмеген мәселелер» деп талап қоюшының тиісті комиссияға жүгінген, бірақ оның арызы белгіленген мерзімде қаралмаған немесе комиссия шешімі қабылданбаған жағдайларда еңбек дауы тарапының сотқа дейінгі тәртіппен дауды шешпей сотқа жүгінуі – заңды болып табылады [99].

Егер жеке еңбек дауының тарабы келісу комиссиясының шешімімен тұтастай немесе бір бөлігінде келіспесе, сондай-ақ келісу комиссиясының шешімі орындалмаған жағдайда дау реттелмеген болып есептеледі. Сондықтан ҚР АПК 8-бабының бірінші бөлігіне байланысты бұзылған немесе даулы құқықтарды, бостандықтарды немесе заңды мүдделерді қорғау үшін келісу комиссиясының қорытындыларымен байланысты емес және мәлімделген талап қою талаптары шегінде мәні бойынша дауды шешетін сотқа жүгінуге құқылы. Келісім комиссиясының жеке еңбек дауын қарауы ешбір жағдайда тарапты сотқа жүгіну құқығынан айырмайды. Бұл ретте келісу комиссиясының шешімінің күшін жою не оны өзгерту сот тәртібімен талап етілмейді.

Еңбек дауын қарауды белсендіру үшін еңбек шарты тараптарының бірі арыз беруі керек, оны татуластыру комиссиясы тіркейді. Дау өтініш берушінің немесе оның уәкілетті өкілінің қатысуымен 15 жұмыс күні ішінде қаралады. Көрсетілген мерзімде дау шешілмесе, тараптардың сотқа жүгінуге толық құқығы бар.

Келісу комиссиясы заңды тұлғаның атқарушы органының басшыларымен және шағын кәсіпкерлік субъектілерінің жұмыскерлерімен дауларды қоспағанда, жеке еңбек дауларының барлық түрлерін қарайды. Алайда, келісім комиссиясын құру тәртібі жаңа Еңбек кодексінде тікелей қарастырылмаса да, орта және ірі кәсіпкерлік субъектілерінің базасында, сондай-ақ олардың

филиалдары мен өкілдіктерінде келісу комиссиясын құру міндетті болып табылады.

Еңбек кодексіне сәйкес жеке еңбек дауларын қарау үшін келісу комиссиясына жүгінбей сотқа жүгінуге құқығы бар еңбек қатынастарына қатысушылар үшін мынадай мерзімдер белгіленді: жұмысқа қалпына келтіру туралы даулар бойынша – жұмыс берушінің еңбек шартын бұзу туралы актінің көшірмесін алған күннен бастап үш ай; басқа еңбек даулары бойынша – жұмыскер немесе жұмыс беруші өз құқықтарының бұзылғаны туралы білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап бір жыл [39].

Жеке және ұжымдық еңбек дауларын салыстыратын болсақ, ұжымдық еңбек даулары стихиялы және ауқымды болып келеді. Бүгінгі күні ұжымдық еңбек даулары жіктелуіне байланысты келесідей түрлерге бөлінеді:

- біріншісі, қолданыстағы құқық нормаларын іске асыруға және қолдануға байланысты даулар;

- екіншісі, жаңа немесе қолданыстағы еңбек жағдайларын өзгертуге байланысты даулар.

Даулардың бірінші түріне қолданыстағы заңнаманы қолдануға, ұжымдық шарттар мен шарттарды пайдалануға, жеке еңбек шартының талаптарын пайдалануға байланысты барлық даулар жатады. Екінші түріне ұжымдық шарттар мен шарттарды жасасу мен өзгертуге, сондай-ақ ұжымдық шартты жасауға немесе өзгертуге әкеп соқпайтын талаптарды ұсынуға негізделген барлық жанжалдар жатады.

Ұжымдық еңбек даулары жұмыскерлер мен жұмыс берушілер арасында туындайды, бірақ жұмыс берушінің әрекетіне жұмыскерлердің наразылығының ұжымдық сипатын нақты анықтау үшін бұл даудың мәні неде екенін ескеру қажет. К.Н. Гусов пен В.Н. Толкунованың пайымдауынша «Ұжымдық шарттарды, әлеуметтік-еңбек қатынастары туралы келісімдерді жасау немесе орындау мәселелері бойынша келіспеушіліктердің өзі еңбек дауы болып табылмайды, өйткені бұл келіспеушіліктерді дауласушы тараптардың өзі шеше алады, содан кейін еңбек дауы туындамайды, бірақ тараптардың өздері шеше алмаған келіспеушіліктер жұмыскерлер мен жұмыс берушінің арасындағы ұжымдық еңбек дауын білдіреді [100, 436].

Ұжымдық дау еңбек дауларының бір түрі ретінде субъектілердің көптігімен сипатталады. Мысалы, жұмыскерлер тобы жұмыс берушіге жұмыскерлердің жұмыс кестесін өзгертумен келіспейтіндігі туралы жүгінеді. Бұл ретте субъектілер бір емес, жұмыскерлер мен жұмыс берушінің бірлестігі және еңбек дауының негізі еңбек тәртібімен келіспеушілік болып табылады [101, 14].

Ұжымдық еңбек дауларының мәнін бірінші аспектіде, ұйым қызметкерлері үшін белгіленетін еңбек жағдайларын білдіреді, бұл ретте ұжымдық еңбек дауларының мәні заңмен белгіленгенді емес, жұмыс беруші айқындаған еңбек жағдайлары ғана болуы мүмкін екенін ескеру қажет [102, 182].

Ұжымдық еңбек даулары нысанының келесі құрамдас бөлігі ұжымдық шартты жасасу, өзгерту және орындау болып табылады. Ұжымдық еңбек даулары нысанының соңғы құрамдас бөлігі жұмыс берушінің еңбек құқығы

нормаларын қамтитын актілерді қабылдау кезінде жұмыскерлердің сайланбалы өкілді органының пікірін ескеруден бас тартуы болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы ұжымдық еңбек дауының мысалы ретінде 2017 жылғы 11 желтоқсанда Қарағанды облысының Шахтинск қаласында болған оқиғаны келтіруге болады. Оқиға 11 желтоқсанда «ArcelorMittal Temirtau» компаниясына қарасты 8 шахтаның 4-інде түнгі ауысымдағы кеншілер шахтадан шығудан бас тартқан кезде басталды. Бірер сағаттан кейін оларға Қарағандыда орналасқан басқа шахталардағы әріптестері де қосылды [103].

Қарағандылық кеншілердің талаптары экономикалық, материалдық сипатта болды. Шахташылардың шахтадан шығуы үшін қойған басты талаптары :

- жалақыны 100 пайызға арттыру;
- оларға 63 жастан емес, 50 жастан бастап жеңілдікті зейнетақы белгілеу;
- ағымдағы жылдың басынан бастап елдегі инфляция деңгейінің 100 пайызы мөлшерінде жалақыны индекстеуді жүргізу болды.

Жалпы алғанда, қарағандылық шахтерлердің талаптарының тізімінде 28 тармақ көрсетілген болатын. Алайда, «ArcelorMittal Temirtau» компаниясының өкілдері қойылған талаптардың басым бөлігімен үзілді-кесілді келіспеді. Бұл жанжалды реттеу бойынша келіссөздер жүргізудің қиындығы кеншілердің жер бетіне шығудан үзілді-кесілді бас тартуында еді, ал компания басшылығы шахтерлер шахтадан шыққан жағдайда ғана диалог болады деп мәлімдеді. Келіссөз қорытындысы бойынша ереуілге шыққан шахталарға арнайы ұйымдастырылған бастамашыл топтар жіберілді, олар шахтада қалған шахтерлармен келіссөздер жүргізді.

Кейіннен «ArcelorMittal Temirtau» компаниясы ереуілді заңсыз деп тануды талап етіп, сотқа шағым түсірді. Шахтинск соты талап арызды қанағаттандырып, ереуілді тоқтату туралы шешім шығарды. Ереуілшілер шахтадан кетуге мәжбүр болды. Одан кейін барып, «ArcelorMittal Temirtau» компаниясы кеншілердің жалақысын 30% - ға арттыруға келісіп, компания басшылығы ереуілге қатысқаны үшін ешкімді де қылмыстық жауапкершілікке немесе әкімшілік жазаға тартпауға уәде берді. Нәтижесінде «АрселорМиттал Теміртау» компаниясы мен кеншілер арасындағы келіссөздер бітімгершілік рәсімдер аясында жалғасты [104].

Мұндай қақтығыстар жұмыскерлер мен жұмыс берушілер арасындағы қарама-қайшылыққа байланысты туындайды, бірақ қақтығыс кезіндегі өзара іс-қимылды екі тараптың өкілдері жүзеге асырады. Қызметкерлердің мұндай өкілдері кәсіптік одақ органдары және жұмыс берушілер уәкілеттік берген органдар болып табылады.

Елімізде ұжымдық және жеке еңбек даулары көбеюде. ҚР Жоғарғы Сотының 2023 жылдың бірінші жартыжылдығына арналған жұмыс жоспарына сәйкес еңбек дауларын қарау кезінде мемлекеттік және құқық қорғау қызметі туралы заңнаманы қолданудың сот практикасын қорыту есебі жүргізіліп тұрады. Ондағы мақсат - аталған санаттағы істер бойынша сот практикасын зерделеу, соттардың құқық қолдану практикасында туындайтын проблемалық

мәселелерді анықтау, заңнаманы біркелкі қолдануды қалыптастыру бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

ҚР Жоғарғы Сотының №7/2023 Бюллетеніне сәйкес 2021-2022 жылдары және 2023 жылдың қаңтар-сәуірінде жергілікті соттар қараған азаматтық істерді зерделеу, облыстық соттардың талдамалық анықтамалары, сондай-ақ Жоғарғы Соттың кассациялық практикасы негізінде жүргізілді. Келтірілген деректер 2022 жылы 2021 жылмен салыстырғанда еңбек дауларына қатысты істердің саны өсіп отырғанын көрсетеді. Мәселен, 2022 жылы 987 талапарыз келіп түссе, 2021 жылы 919 талап арыз қаралды.

2022 жылы аяқталған істер саны 750 (76%) құрайды, оның ішінде 575 іс бойынша шешім шығарылған, оның ішінде 159 арыз қанағаттандырылып, (21,2%), 404 (53,8%) іс қанағаттандырудан бас тартумен аяқталды, 103 (13,7%) арыз қараусыз қалдырылған, соттылығы бойынша - 14 іс жолданған (1,9%) [105, 132].

Жұмыскерлердің жекелеген санаттарының жеке еңбек дауларын қарау ерекшеліктері заңдарда белгіленеді. Жеке дауларды жұмыскердің штаттық, уақытша, қоса атқарушы болып табылатынына қарамастан, кәсіподақтағы мүшелігіне қарамастан, келісу комиссиясы қарауы мүмкін [106, 422].

ҚР еңбек заңнамасы келісім комиссиясында қаралмай-ақ, тікелей сот қарайтын жеке еңбек дауларын анықтамайды, ал РФ Еңбек кодексінде жеке еңбек дауларының санаттары көзделген және олар тек соттарда қаралады.

Мәселен, РФ Еңбек кодексінің 391-бабына сәйкес, соттар жеке еңбек дауларын қызметкердің, жұмыс берушінің немесе қызметкердің мүдделерін қорғайтын кәсіби одақтың өтініштері бойынша, олар еңбек даулары жөніндегі комиссияның шешімімен келіспеген кезде немесе қызметкер еңбек даулары жөніндегі комиссияны айналып өтіп, сотқа жүгінген кезде, сондай-ақ егер комиссияның шешімі болса, прокурордың өтініші бойынша қарайды. еңбек даулары еңбек заңнамасына және еңбек құқығы нормаларын қамтитын өзге де актілерге сәйкес келмейді.

Ресей заңнамасына сәйкес жеке еңбек даулары келесідей арыздардың негізінде тікелей соттарда қаралады :

1) қызметкер - еңбек шартын бұзу негіздеріне қарамастан жұмысқа қалпына келтіру, жұмыстан босату себебінің күні мен редакциясын өзгерту, басқа жұмысқа ауыстыру, мәжбүрлі жұмыста болмаған кезең үшін ақы төлеу немесе төмен ақы төленетін жұмысты орындаған кезең үшін жалақыдағы айырмашылықты төлеу, қызметкердің және қызметкердің жеке деректерін өңдеудегі заңсыз әрекеттер (әрекетсіздік) жасаған жағдайда;

2) жұмыс берушінің - егер федералды заңдарда өзгеше көзделмесе, қызметкер жұмыс берушіге келтірілген зиянды өтеу қажет жағдайда [107, 709].

Жеке еңбек дауларының тікелей сотпен қаралуын Г.Г. Галиакбарова да қолдайды. Оның пікірінше, қазіргі даму кезеңінде Ресей заңнамасының тәжірибесіне сүйене отырып, бұл норманы ҚР ЕК-де қарастыру орынды болар еді, бұл өз кезегінде жеке еңбек дауларын қарауға байланысты соттарда қаралатын істердің санын қысқартуға мүмкіндік береді [80, 134].

Айта кету керек, еңбек заңнамасында әлі күнге дейін «жеке еңбек даулары» және «ұжымдық еңбек дауларының» жекелеген анықтамасы жоқ.

Көршілес РФ Еңбек кодексінде еңбек дауларына жекелей анықтама береді. РФ ЕК 381-бабына сәйкес жеке еңбек дауы - жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі органға мәлімделген еңбек заңнамасын және еңбек құқығының нормаларын, ұжымдық шартты, келісімді, жергілікті нормативтік актіні, еңбек шартын (оның ішінде жеке еңбек жағдайларын белгілеу немесе өзгерту туралы) қамтитын өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдану мәселелері бойынша жұмыс беруші мен жұмыскер арасындағы реттелмеген келіспеушіліктер [108].

Өзбекстанда «жеке еңбек дауларына» анықтама жоқ, тек «ұжымдық еңбек дауына» анықтама беріледі. Өзбекстан Республикасының Еңбек кодексінің 541-бабына сәйкес еңбек заңнамасын, еңбек туралы өзге де құқықтық актілерді және еңбекті қорғау қағидаларын, еңбек шартын қолдану мәселелері бойынша, сондай-ақ жаңа еңбек жағдайларын белгілеу немесе қолданыстағы еңбек жағдайларын өзгерту мәселелері бойынша жұмыс беруші мен жұмыскер арасындағы не жұмыскерлер (олардың өкілдері) мен жұмыс берушілер (олардың өкілдері) арасындағы реттелмеген келіспеушіліктер еңбек даулары болып табылады.

Өзбекстан Республикасының Еңбек кодексінің 542-бабында еңбек дауларының түрлері қамтылады. Субъектілік құрамға байланысты еңбек даулары жеке не ұжымдық болуы мүмкін.

Жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы: еңбек заңнамасын, еңбек туралы өзге де құқықтық актілерді және еңбекті қорғау ережелерін, еңбек шартын қолдану;

қызметкерге жаңа еңбек жағдайларын белгілеу немесе қолданыстағы жеке еңбек жағдайларын өзгерту (еңбекақы төлеуді қоса алғанда).

Жеке еңбек дауы да дау болып табылады: жұмыс беруші мен бұрын осы жұмыс берушімен еңбек қатынастарында болған адам арасында;

жұмыс беруші осы адамды жұмысқа қабылдаудан бас тартқан жағдайда, жұмыс беруші мен осы жұмыс берушімен еңбек шартын жасасуға ниет білдірген адам арасында жүзеге асырылады.

Талап қоюға жатпайтын сипаттағы дауларға (мүдде туралы даулар) заңнамаға сәйкес қызметкерлер өкілдерінің келісімі бойынша қабылданатын жаңа еңбек жағдайларын (еңбекақы төлеуді қоса алғанда) белгілеу және қолданыстағы еңбек жағдайларын өзгерту, ұжымдық келісімдерді, ұжымдық шартты не жергілікті актілерді жасасу, өзгерту мәселелері бойынша туындайтын ұжымдық және жеке еңбек даулары жатады. Талап қоюға жатпайтын сипаттағы ұжымдық және жеке еңбек даулары медиатордың жәрдемдесуімен бітімгершілік-делдалдық рәсімдерді немесе дауды реттеу рәсімдері арқылы шешіледі [109].

Қырғызстан Республикасының Еңбек кодексінің 240-бабына сәйкес жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы мәселелер бойынша реттелмеген келіспеушіліктер жеке еңбек даулары деп танылады. Жұмыс беруші мен қызметкер өзара дауды реттеу жөнінде шаралар қолдануға тиіс [110].

Беларусь Республикасының Еңбек кодексінде де жеке еңбек дауларына ғана түсінік беріледі. Беларусь Республикасының Еңбек кодексінің 468-бабына сәйкес жеке еңбек дауы-еңбек туралы заңнаманы, ұжымдық шартты, келісімді, өзге де жергілікті құқықтық актілерді қолдану, Еңбек шарты талаптарын сақтау мәселелері бойынша жалдаушы мен қызметкер (еңбек шартын жасасудан бас тартылған адам, жұмыстан босатылған қызметкер) арасындағы реттелмеген келіспеушіліктер. Жеке еңбек даулары еңбек даулары жөніндегі комиссиялармен және соттармен қаралады [111].

Еңбек кодексінің мазмұнына сүйене отырып, Беларусь пен Ресейдегі еңбек құқықтарын қорғау нысандары бірдей деп айтуға болады: бұл Еңбек кодексінің 11-бабында қарастырылған қызметкерлердің еңбек құқықтарын сот және басқа қорғау. Қорғаудың өзге нысандарына кәсіптік одақтардың (ЕК-нің 46-бабы), еңбек туралы заңнаманың сақталуын мемлекеттік қадағалау және бақылау органдарының (ЕК-нің 462 және 463-баптары), еңбек дауларын қарау жөніндегі органдардың (ЕК-нің 462-бабы) құқықтарын қорғауы), сондай-ақ қызметкерлердің өз еңбек құқықтарын өзін-өзі қорғауы жатады [112, 31].

Ғылыми әдебиеттерде «еңбек даулары» ұғымын түсіндіруге қатысты ортақ пікір жоқ, керісінше анықтаманы түсіндірудің келесідей тәсілдері қолданылады :

Бірінші тәсіл — заң шығарушы, осы тәсілді ұстанатын авторлар еңбек заңнамасында ұсынылған тұжырымдамаға сәйкес еңбек дауларын анықтайды және юрисдикциялық орган қарастыратын еңбек заңнамасының нормаларын іс жүзінде қолдану саласында туындайтын еңбек құқығы субъектілерінің қайшылықтарын түсінеді [113, 149].

Екінші тәсіл «еңбек дауларының» түсінігін жұмыскерлер мен олардың жұмыс берушілері арасында туындайтын келіспеушіліктер тұрғысынан қарастыруды көздейді [114, 9].

Үшінші тәсіл еңбек даулары ұғымын талап қою еңбек даулары ретінде қарастырады [115, 26].

Сонымен, жеке еңбек дауы жұмыс беруші мен жеке жұмыскер арасында туындайды, ал ұжымдық еңбек дауының тараптары кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның қызметкерлері; қызметкерлер бірлестіктері; кәсіподақтар, жалдамалы қызметкерлер уәкілеттік берген басқа органдар, бір жағынан, екінші жағынан, жұмыс беруші, жұмыс берушілер бірлестіктері немесе олардың уәкілетті өкілдері болып табылады [116, 8].

Ғылыми көзқарастарды, сот практикасын және тәжірибелі заңгерлердің ұсыныстарын талдау еңбек дауларының негізгі белгілерін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді: еңбек қатынастары тараптарының бірінің еңбек заңнамасының нормаларын орындамауына, бұзуына, дұрыс қолданбауына қатысты келіспеушілік мәні болып табылады; бұл келіспеушіліктерді қатысушылар тікелей келіссөздер арқылы шешпесе; реттелмеген келіспеушіліктер белгілі бір юрисдикциялық органдардың қарауына берілген; айырмашылықтар тұрақты және, әдетте, ұзақ сипатта болады.

Жоғарыда айтылғандарға сәйкес, «жеке еңбек дауы» ұғымын жұмыскер мен жұмыс беруші арасында еңбек заңнамасын, ұжымдық келісімді (шартты),

еңбек келісімін (шартын) пайдалану проблемаларына қатысты туындайтын, тікелей келіссөздер процесінде шешілмеген және олар туралы мәлімделген әр түрлі сәйкессіздіктер ретінде түсіндіруге болады.юрисдикциялық орган. Жеке еңбек дауларының пайда болуына ықпал ететін негізгі себептер мен факторларға еңбек қатынастары субъектілерінің өз құқықтары мен міндеттерін әртүрлі бағалауын белсендіретін жағымсыз жағдайлар жатады. Бұл себептерді шартты түрде объективті және субъективті деп бөлуге болады. Объективті себептерге ұйымдастырушылық, құқықтық және экономикалық себептер, субъективті себептерге азаматтардың құқықтық мәдениеті мен құқықтық сауаттылығының төмен деңгейін жатқызуға болады.

Жеке еңбек дауларын шешу тәртібі ҚР ЕК «Жеке еңбек дауларын қарау» (159-161-бап) 15-тарауында айқындалған.

Жеке еңбек дауларын шешудің басты мақсаты азаматтардың еңбек құқықтарын қорғау болып табылады. Еңбек құқығы ғылымында осы институтқа арналған көптеген зерттеулер бар. Бірақ, осыған қарамастан, бұл мәселе әлі жеткілікті зерттелмеген және еңбек құқықтарын, оның нысандары мен әдістерін қорғау мәселелерін қарастыруды қажет етеді. Еңбек құқықтарын қорғаудың ең тиімді жолы, біздің ойымызша, жеке еңбек даулары азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қаралатын сот болып табылады. Сотқа қорғауға жүгінудің артықшылығы бар: тек сотта ғана жұмыскер бұзылған құқықтарын толық қалпына келтіруге мүмкіндік алады; сот ісін жүргізудің тәрбиелік сипаты мен әлеуметтік ықпалы зор; ол бақылаушы органдарға сілтеме жасай отырып, сот жеке ұйғарым шығару арқылы жауап беруге міндетті жұмысшылардың құқықтарының басқа да бұзылуын анықтауға мүмкіндік береді.

Соттардың сот төрелігін жүзеге асырудың Конституциялық функциясын орындауын сипаттай отырып, олар еңбек құқығының көздерін түсіндіруді және пайдалануды жүзеге асыратынын атап өткен жөн.

Еңбек қатынастарынан туындайтын дауларды соттар талап қою өндірісінің жалпы ережелеріне сәйкес қарайды, бірақ сонымен бірге кейбір іс жүргізу ерекшеліктері бар, олар келесідей.

1. Еңбек дауын шешу үшін сотқа жүгіну мерзімдері (талап қою мерзімі). Талап қою мерзімі азаматтың өз құқықтары мен мүдделерін қорғау туралы талаптармен сот органдарына жүгінуге құқығы бар уақыт кезеңін білдіреді. Яғни, сотқа жүгіну мерзімі сотта іс қозғаудың қажетті процессуалдық шарты болып табылады.

ҚР АК 178-бабында жалпы талап қою мерзімі үш жыл деп белгіленген. Сонымен бірге азаматтық заңнама нормаларында да істердің жекелеген санаттары үшін жалпы талап қою мерзімінен асуы немесе одан төмен болуы мүмкін ерекше талап қою мерзімі белгіленеді [19].

Сондай-ақ, жұмыс беруші сот органдарына ұйымның қызметкері келтірген материалдық залалды өтеу туралы талап-арызбен қызметкердің зиян келтіргені анықталған күннен бастап 1 жыл ішінде жүгінуге құқылы [14].

Бұл қысқа мерзім қызметкерлер үшін де, жұмыс беруші үшін де ұзақ мерзімді мерзімнен едәуір артықшылыққа ие. Қысқа мерзім екі тарапқа да іс бойынша дәлелдемелер ұсыну мүмкіндігін жеңілдетеді, еңбекті

ұйымдастырудағы кемшіліктерді немесе осы дау туындауына байланысты заңнаманы бұзушылықтарды жоюға ықпал етеді.

Талап қою мерзімі залалды, денсаулыққа өзге де залалды немесе өліммен келтірілген залалды өтеу туралы талап-арыздарға қолданылмайды.

2. Еңбек дауларының соттылығы. Соттылық сот органдарының істердің жекелеген санаттарын қарау жөніндегі өкілеттіктерінің аражігін ажыратуды білдіреді. Соттылықтың ұйғарымы істі қарайтын соттың ұйғарымын білдіреді. Аумақтық соттылық қағидалары бойынша істі құқық бұзушылық жасалған аумақтық юрисдикциясы шегінде не тараптың орналасқан жері бойынша, әдетте, жауапкердің (жалпы соттылық) соты қарайды. Мәселен, ҚР АПК 29-бабына сәйкес жеке тұлғаларға қатысты талап-арыздар олардың тұрғылықты жері бойынша, ал заңды тұлғаларға олардың орналасқан жері бойынша сотқа берілуі мүмкін [21].

3. Еңбек істері бойынша тараптар мен қатысушылардың процессуалдық жағдайы. Жеке еңбек дауын сот тәртібімен шешу кезінде оның тараптары, ең алдымен, жұмыскер және кәсіпорын немесе жұмыс беруші-жеке тұлға (бұдан әрі - жұмыс беруші) болып табылады.

ҚР АПК-нің 45-бабына сәйкес өз құқықтарын сотта жеке өзі жүзеге асыру (азаматтық процестік әрекет қабілеттілігі) кәмелетке толған азаматтарға тиесілі. 14 пен 18 жас аралығындағы кәмелетке толмағандар, егер заңда өзгеше көзделмесе, олар қатысатын жеке қатынастарға байланысты жағдайларда азаматтық іс жүргізу құқықтарын жеке өзі жүзеге асыра алады және сотта өз міндеттерін орындай алады [21].

Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде 14-тен 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар жеке еңбек даулары бойынша сотқа өзі қатыса алады. Кәмелетке толмағандардың мүдделерін қорғау үшін сот кәмелетке толмағанның заңды өкілін тарта алады.

4. Еңбек істері бойынша сотта дәлелдеу. Дәлелдеу кезеңдерінің бірі дәлелдеу нысанасын қалыптастыру болып табылады.

ҚР АПК 63-бабына сәйкес дәлелдеу мәні - бұл ұсынылған шағымдарды немесе қарсылықтарды негіздейтін немесе іс бойынша шешімге өзгеше қатысы бар және шешім шығару кезінде анықталуы тиіс фактілер. Бұл дәлелдеменің мәні мыналар екенін білдіреді: а) өтініш берушінің талаптарын негіздейтін жағдайлар (шағымның негізі); б) жауапкердің қарсылықтарын негіздейтін жағдайлар (теріске шығару үшін негіз); в) істі дұрыс реттеу үшін маңызды басқа факторлар [21].

Жеке еңбек даулары бойынша дәлелдеу ауыртпалығы былайша бөлінеді: өтініш беруші дау туындаған және жауапкердің өтініш берушінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзған құқықтық қатынастардың болуын дәлелдеуге тиіс; жауапкер талап қоюға өзінің қарсылығын растау үшін өзі сілтеме жасаған фактілерді дәлелдеуге тиіс. Мысалы, жұмысқа қайта қабылдау туралы дауларда дәлелдеу мәніне мыналар кіреді:

- еңбек шартын жасасу және тоқтату фактісі;
- жұмыскерді жұмыстан шығару негіздерінің заңдылығы;
- жұмыскерді жұмыстан босатудың белгіленген тәртібін сақтау.

Еңбек шартын жасасу және тоқтату фактілері ең алдымен жұмыс берушінің тиісті бұйрықтарымен расталады.

Жұмыскерді жұмыстан шығару негіздері мен тәртібінің заңдылығы туралы. Егер жұмыскер еңбек шартын тоқтату негіздерін қолдану шарттары мен тәртібін сақтай отырып жұмыстан шығарылса, жұмыстан шығару заңды деп есептелуге тиіс. Яғни талап қоюшы жауапкер онымен еңбек шартын тоқтатудың белгіленген шарттары мен тәртібін қолданыстағы заңнамада көзделген нақты негіз бойынша бұзғанын дәлелдеуге тиіс. Мысалы, ҚР ЕК-нің 52-бабының 9-тармағы бойынша жұмыскерді алкогольдік немесе есірткілік мас күйінде жұмыс орнында болғаны үшін жұмыстан шығаруды алайық, ол міндетті түрде мынадай шарттар болған кезде мүмкін болады.

Бірінші шарт - жұмыскердің алкогольдік немесе есірткілік мас күйде болу фактісі. «Соттардың еңбек дауларын шешу кезінде заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 6.10.2017 жылғы № 9 НП нормаларына сәйкес бұл факт медициналық қорытындымен расталуы мүмкін [39]. Осы түсіндірмеге сәйкес, ҚР ЕК 52-бабының 9-тармағын қолданудың екінші шарты жұмыскерлердің жұмыстан шеттетілгеніне немесе өз міндеттерін орындағанына қарамастан, жоғарыда көрсетілген кез келген жұмыс күні жұмысқа келу болып табылады. Жұмыскердің нормаланбаған жұмыс күні болған жағдайда, оның жұмыста болу уақыты оның белгіленген ұзақтығынан тыс жұмыс күні болып есептеледі.

Егер осы шарттардың кем дегенде біреуі болмаса, жұмыстан шығару заңсыз деп танылып, жұмыскер жұмысқа қайта қабылданады. ҚР ЕК 52-бабының 9 - тармағын қолданудың көрсетілген шарттарынан басқа, заңнамада белгіленген белгілі бір тәртіпті сақтау қажет.

Азаматтық процестік кодексі еңбек мәселелері бойынша сот шешімдерін орындау ерекшеліктерін анықтайды. Осылайша, азаматтық істердің көпшілігі заңды күшіне енгеннен кейін орындалуға жатады. ҚР АПК-нің 240-бабына сәйкес азаматтық істер бойынша шешімдер апелляциялық шағым беру мерзімі өткеннен кейін заңды күшіне енеді [21].

Жалақыны немесе еңбек қатынастарынан туындайтын өзге де төлемдерді өндіру туралы орындалған сот шешімдерінің күші жойылған жағдайда, егер күші жойылған шешім өтініш беруші ұсынған жалған мәліметтерге немесе ол ұсынған бұрмаланған құжаттарға негізделсе ғана, орындауды бұзуға жол беріледі. Дәл осындай негіздер бойынша жұмыс берушілер еңбек даулары комиссиясының бұрын қабылдаған шешіміне сәйкес, дау қайта қаралған жағдайда жұмыскерлерден оларға төленген сомаларды өндіріп алуға құқылы.

Осылайша, соттарда еңбек істерін қараудың және оларды қолданыстағы еңбек және азаматтық іс жүргізу заңнамасына бекітудің іс жүргізу ерекшеліктері азаматтардың еңбек құқықтарын қорғауды күшейтуге ықпал етеді.

Еңбек дауларын шешудің сот тәжірибесінде істің мән-жайын зерттеудің толық және жан-жақтылығы қағидасын жүзеге асыру үшін сот дәлелдемелердің көпшілігін жұмыс берушіге жүктей отырып, жалпы қағидадан ауытқуға мәжбүр болады. Жұмыс берушіге жұмыскер (бұрынғы қызметкер) қозғаған еңбек дауын

шешуге байланысты фактілерді дәлелдеу бойынша үлкен міндет жүктеу қызметкерді еңбек қатынастарының әлсіз субъектісі ретінде қорғау идеясымен негізделеді.

Осы проблемаларды шешу үшін Қазақстан Республикасында халықаралық стандарттар мен озық тәжірибеге негізделген еңбек дауларын шешудің тиімді процессуалдық-құқықтық механизмін қалыптастыру қажет, оған сәйкес жұмыс берушілер ұйымдары мен кәсіподақтар дауларды шешуде маңызды рөл атқарып, нақты жауапкершілікте болады, ал мемлекет оларды түпкілікті шешудің негізгі ережелері мен құралдарын қамтамасыз етеді.

Профессор Е. Нургалиева Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде «ұжымдық еңбек дауы» ұғымына анықтаманың берілмегендігін сынайды. ҚР ЕК 32-тарауы дауларды қарау тәртібіне арналған. Бұл олқылық ҚР ЕК еңбек дауының туындау негіздерін қамтитын 289-бабының 1-тармағымен ішінара толтырылған. Бұл ретте «жұмыс берушінің актілерін қабылдау кезінде жұмыс берушінің сайланбалы кәсіподақ органының пікірін ескеруден бас тартуы» сияқты маңызды негізді алып тастайды. ҚР ЕК-де, ұжымдық шартта көзделген жағдайларда жұмыс беруші қызметкерлер өкілдерімен келісіп немесе олардың пікірін ескере отырып актілер шығарады. Осы ретте, ұжымдық еңбек дауының мынадай анықтамасын ұсынуға болады: «Ұжымдық еңбек дауы –жұмыскерлер (олардың өкілдері) мен жұмыс берушінің (жұмыс берушілер мен олардың өкілдері) арасындағы еңбек жағдайларын белгілеу және өзгерту (оның ішінде, ұжымдық шарт, келісім және орындау тәртібімен өзгерту) мәселелері бойынша шешілмеген келіспеушілік» [117].

ҚР ЕК сәйкес жеке еңбек және ұжымдық еңбек дауларын қарау тәртібі әртүрлі. Жеке еңбек даулары (еңбек заңнамасы, еңбек шартынан туындайтын міндеттемелерін орындамауға қатысты, бұзылған еңбек құқықтарын қалпына келтіру талаптарынан туындайды) келісу комиссиясымен және сотпен қаралады. Ал, ұжымдық еңбек даулары (ұжымдық еңбек дауы еңбек жағдайын жақсарту мақсатында мәселен, жалақы мөлшерін көтеру, еңбек жағдайын жақсарту: стандарттар бойынша талапқа сай болуы, ұжымдық келісімдер, ұжымдық шарт жасасу талаптары, әлеуметтік әріптестік талаптарын сақтау т.б. нормативтік актілермен бекітілген талаптарды сақтауға байланысты туындайды) келісу комиссиясында, еңбек арбитражында және сотпен реттеледі.

Отандық ғалым В.Н. Уваров «Қазақстан Республикасының еңбек құқығы» оқулығында жеке және ұжымдық еңбек дауларына келесідей анықтама береді :

«жеке еңбек дауы - еңбек заңнамасын қолдану, еңбек шартынан, ұжымдық шарттан және жұмыс берушінің актілері мәселелері бойынша жұмыскер мен жұмыс берушінің арасында туындайтын келіспеушіліктер»;

«ұжымдық еңбек дауы - жұмыс беруші (жұмыс берушілер бірлестігі) мен жұмыскерлер ұжымдары (жұмыскерлердің өкілдері) арасында шарттар мен еңбекке ақы төлеуді белгілеу мен өзгерту жөнінде туындаған келіспеушіліктер» [118, 518]. Ұсынылған анықтамамен келісуге болады. В.Н. Уваров бұл жерде «жұмыс берушілер бірлестігі» мен «жұмыскерлердің өкілдеріне» басымдық бере отырып, еңбек дауларына дұрыс ұғым қалыптастырады.

Көптеген авторлар еңбек дауларын қарастыру кезінде жұмыскер мен жұмыс беруші тараптарын біржақты белгілеп, жұмыскерлердің өкілдері мен жұмыс берушілердің бірлестіктеріне мән бермейді. Еңбек құқық қатынастарын реттеуде жұмыс беруші мен жұмыскерлер ғана емес, сондай-ақ, олардың өкілдері мен бірлестіктері де маңызды рөл атқарады.

Бүгінгі күні еңбек даулары институты еңбек құқығының маңызды институттарының бірі ретінде әлеуметтік еңбек қатынастарынан туындайтын барлық құқықтық дауларды реттейді. Ол, ең алдымен, еңбек шартын жасасу, қолдану және бұзу, еңбек шарты тараптарының бір-біріне келтірген зиянын өтеуге байланысты жеке еңбек дауларын көрсетеді [119, 81].

Азаматтардың жеке еңбек құқықтарын қорғау, оның ішінде оларды ұжымдық шарттың ережелерімен бұзған жағдайда, жеке еңбек дауы шеңберінде ғана мүмкін болады. Осы дауды қарау кезінде сот, егер бұл ретте жұмыскердің құқықтары бұзылса, ұйымда қолданылатын құқықтық актінің нормаларын қолданбау туралы қорытынды жасауға құқылы, бірақ Ұжымдық келіссөздер нәтижесінде қабылданған бұл актіні жеке жұмыскердің талап қоюы бойынша жарамсыз деп тануға құқылы емес.

Еңбек заңнамасында жұмыс берушілерге бұрын қабылданған ұжымдық шартты объективті жағдайларда да орындамауға мүмкіндік беретін норма қарастырылмаған. Осылайша, ҚР ЕК 23-бабы 2-тармағының 1) тармақшасының және 285-бабының ережелері жұмыс берушілерді ұйым қызметінің кез келген жағдайында қабылданған ұжымдық шартты орындауға міндетті түрде міндеттейді. Олай болмаған жағдайда жұмыс берушіге тиісті санкциялар қолданылуы мүмкін.

Бұл жағдайдан шығудың бір ғана жолы - жұмыс беруші міндеттемелерді барынша азайтуға немесе ҚР Конституциясына қайшы келетін ережелерді шарттық актіден алып тастау мақсатында қолданыстағы ұжымдық шартты өзгерту бойынша ұжымдық келіссөздерге бастамашылық етуге міндетті.

Заң шығарушының логикасына сүйенсек, ұжымдық шарт шарттық акт ретінде ҚР Конституциясының нормаларымен салыстырғанда жұмыскерлердің құқықтары мен кепілдіктерінің деңгейін төмендететін ережелерді қамтуы мүмкін, себебі ҚР ЕК бірде-бір бабында еңбек қатынастарын шарттық реттеу актілерінің мемлекеттің негізгі заңы - Конституцияның нормаларымен арақатынасын реттейтін норма жоқ.

Қорытындылай келе, ұжымдық еңбек дауларын шешу тәртібін білу, келісу комиссияларының мүшелерін еңбек заңнамасының негіздеріне оқыту көптеген даулы жағдайларды сот органдарына жүгінбей-ақ шешуге негіз бола алатындығын атап өткен жөн.

Еңбек заңнамасын қолдану мәселелері бойынша жұмыс беруші мен жұмыскерлер арасындағы келіспеушіліктерді ұжымдық еңбек дауларына жатқызу мүлдем негізсіз және дұрыс емес деп есептеймін. Еңбек туралы заңнаманы қолдану немесе еңбек туралы заңнаманың талаптарын орындамау мәселелері бойынша дауларда нақты қызметкердің бұзылған құқығы қорғалады және қалпына келтіріледі, ал бұл жеке еңбек дауларының мәнін құрайды.

Ұжымдық еңбек дауының заңнамада бекітілген тұжырымдамасының болмауы, сондай-ақ Еңбек кодексінде жеке еңбек дауларын сотта қарау тәртібін реттейтін нормалардың болмауы бүгінгі күні кәсіпорынның өндірістік және өндірістік келісімдерін даулайтын жекелеген жұмыскерлердің талап-арыздарын сот өндірісіне қабылдаудың және шешудің негізсіз тәжірибесінің қалыптасуына әкеледі.

Кейбір жағдайларда жекелеген соттар ұжымдық шарттан белгілі бір ережелерді алып тастау туралы қызметкерлердің талап-арыздарын қарау кезінде нақты заң нормасына сілтеме жасамай, талапкерлердің дауларды сотқа дейін шешу тәртібін сақтау қажеттілігі туралы негізсіз қорытынды жасайды.

Сонымен бірге, еңбек заңнамасында қызметкердің ұжымдық шартқа жеке еңбек дауларын шешу үшін белгіленген тәртіппен сотқа шағымдануына мүмкіндік беретін нормалар жоқ.

ҚР ЕК 284-бабының 3-тармағының, 282-бабының 9-тармағының ережелеріне сәйкес ұжымдық шарт еңбек заңнамасымен, жалпы, салалық, өңірлік келісімдермен салыстырғанда жұмыскерлердің жағдайын нашарлатпауға тиіс. Мұндай ережелер жарамсыз деп танылады және қолдануға жатпайды.

Алайда, ұжымдық шарттың ережелері жекелеген жұмыскерлердің талаптары бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін емес, өйткені олар осы ұжымдық шарттың тарапы болып табылмайды және құқықтары мен мүдделері ұжымдық шартпен реттелетін басқа жұмыскерлердің атынан өкілдік ету құқығы берілмейді.

Осылайша, ұжымдық келіссөздерде, ұжымдық шарт жасасуда немесе өзгертуде, оның орындалуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыруда, сондай-ақ ұйымды басқаруға қатысу құқығын жүзеге асыруда, қызметкерлердің жұмыс берушімен еңбек дауларын қарауда қызметкерлердің мүдделерін кәсіподақ ұйымы және қызметкерлер уәкілеттік берген немесе сайлаған заңды тұлғалар қорғайды.

РФ Еңбек кодексінің 398-бабында белгіленген ұжымдық еңбек дауының тұжырымы қазақстандық заңнама үшін ең қолайлы және ол осы құқықтық санаттың мәнін барынша толық сипаттайды. Осы ретте ҚР ЕК 1-бабының 1-тармағына «ұжымдық еңбек дауы» ұғымын келесідей жеке тармақшада енгізуді ұсынамын : Ұжымдық еңбек дауы - еңбек жағдайларын белгілеу, ұжымдық шарттар мен келісімдерді жасасу, оларды өзгерту және еңбекке ақы төлеуді қоса алғанда, жұмыскерлердің сайланбалы өкілді органының пікірін ескеруден бас тарту мәселелеріне байланысты жұмыскерлер ұжымы (ұжымдары) мен жұмыс беруші (жұмыс берушілер бірлестігі) арасындағы реттелмеген келіспеушіліктер.

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап енгізілген келісу комиссияларының жеке еңбек дауларын сотқа дейінгі тәртіппен қарауы туралы нормаларды сот практикасында қолданған кезде жұмыскерлердің жекелеген санаттарының, оның ішінде мемлекеттік қызметшілердің, әскери қызметте тұрған адамдардың еңбегі туралы Еңбек кодексінің 8-бабы үшінші тармағының, 143 және 144-баптарының ережелерін, басқа да ережелерін ескеру қажет.

ҚР ЕК-мен келісу комиссиясының құрылуы мен жұмыс тәртібі реттелген. Алайда, оның келісу комиссиясының қызметін реттеп қана қою жеткіліксіз, себебі тәжірибеде кейбір заңды тұлғалар келісу комиссиясының қызметіне немқұрайлы қарап, олардың шешімін мүлде орындамайды. Осы ретте, жұмыс берушілердің Еңбек Кодексінде көзделген келісу комиссиясын құру, оның ережесін бекітпеу, келісу комиссиясының шешімдерін орындамағаны үшін әкімшілік жауаптылық көзделетін болса, осы еңбек дауларын шешудегі баламалы институттың дамуына жаңа қарқын берер еді.

Келісу комиссиясы қазіргі таңда еңбек дауларын сотқа дейінгі шешудің маңызды институты болып табылады. Сауатты құрылған келісу комиссиясы сотқа дейінгі саты ретінде ғана емес, еңбек дауларын соттан тыс қорғаудың бөлек механизмі ретінде де үлкен рөл атқарады. Осыған орай келісу комиссиясы объективті шешім шығарып, дауласушы тараптардың құқықтары мен мүдделерін толық қорғайтын жағдай да, қоғамда келісу комиссиясына деген сенімділік артып, еңбек даулары соттан тыс әдіспен көп реттелетін болады деп ойлаймыз.

Медиация. Медиация алғашында 20 ғасырдың екінші жартысында дами бастады. Әлемдік тәжірибе медиацияны заңнамалық бекітудің көптеген мысалдарын ұсынады. Тиісті актілер АҚШ, Австрия, Германияда қабылданды. Еуропалық комиссия медиатор кодексін бекітті, ал Еуропалық Одақ медиаторлардың қызметін реттейтін бірқатар директивалар шығарды. Медиация туралы үлгілік заңды БҰҰ-ның халықаралық сауда құқығы жөніндегі комиссиясы (UNCITRAL) әзірлеп, оған Түсіндірме жазбада осы институт өз қолданысын тауып жатқан елдерде медиация барысында қол жеткізілген келісімнің құқықтық әсері мен міндеттілігі бойынша шолу қамтылады.

АҚШ-та бүкіл құқық жүйесі даулардың көпшілігін сотқа дейін өз еркімен шешуге бағытталған, ал судья сотты тоқтатып, тараптарға медиатормен жұмыс істеуге кеңес бере алады. Экономика, саясат, бизнес саласындағы медиаторларсыз бұл елде бірде-бір маңызды келіссөздер процесі жүрмейді.

Германияда медиация сот төрелігі жүйесімен етене байланысты. Мысалы, медиаторлар соттарда тікелей жұмыс істейді, бұл ықтимал сот процестерінің санын айтарлықтай азайтады. Бүгінгі күні медиация неміс соттарына тек отбасылық істер бойынша ғана емес, сонымен қатар жалпы юрисдикциялық соттарда, әкімшілік соттарда және т.б. біріктірілген. Неміс заң мектептерінің көпшілігінде медиацияның тұрақты курсы енгізілген. Яғни, заң факультетін бітіргендердің барлығы медиация курсынан өтеді.

Австрияда 2004 жылы медиация туралы федералдық заң қабылданды, ол медиаторларды даярлауды және белгілі бір оқыту стандарттарын реттейді.

Үндістанда медиация арқылы қол жеткізілген келісімдер іс жүргізу қолданыстағы сот талқылауында қозғалғанына қарамастан, төрелік шешімдермен бірдей күшке ие. Ал, Қытайда даулардың шамамен 30%-ы соттан тыс тәртіппен шешіледі [120].

Қазақстан үшін медиация институты қазақ әдет-ғұрпының табиғатына жаңалық емес. Дәстүрлі қазақ қоғамында делдал қызметін билер атқарған.

Жалпы, бұл институттың генезисі әдетте сақтар мен үйсіндер дәуірінен қарастырылғанымен, билер институты дәстүрлі қазақ қоғамына ғана тән.

Ш. Уәлиханов атап өткендей, «Би атағын көтеру қазақтарда халық тарапынан қандай да бір формальды таңдау және халық тарапынан билеуші биліктің бекітілуіне байланысты болған жоқ. Қазақтарға мұндай құрметті атақ тек қана билік әдет-ғұрыпты терең білу, шешендік өнерімен ұштасып, қазаққа берді. Билер есімін алу үшін қазақ өзінің заң білімін халыққа тез арада танытуы керек болатын. Мұндай адамдар ауыздан-ауызға бүкіл далаға тез тарады және олардың есімі баршаға белгілі болды. Осылайша, бия атағы сот және адвокаттық практикаға патент болды... Ол халық арасында осындай құрметке ие болды. Ол халықтың құрметіне ие болғандықтан, әлі күнге дейін ешқандай тәртіптік шараларды талап етпеген және талап етпейді» [121, 12].

Қазақ билерінің мақсаты мен миссиясы болып табылатын «жер дауы», «жесір дауы», «құн дауы» қазақ әдеттегі құқық институттары оларды патриотизм, адамгершілік және әділдік сияқты құндылықтар баламаларымен шебер пайдалану дегенді білдіреді. Осының бәрі тұтастай алғанда қоғамның бірлігі мен тұтастығын сақтау мақсатында органикалық тұрғыда құрылған.

Осылайша, өркениетті әлемде кеңінен етек жайып келе жатқан медиация Қазақстан үшін жаңа институт емес. Дәстүрлі қазақ қоғамында медиатордың рөлін билер атқарған.

Бүгінгі таңда медиацияда дауларды шешу құралдарын қазақ билерінің қолдануына жасалып жатқан күш-жігер кең ұстанымдардан, ең алдымен осы феноменнің рухани-адамгершілік және әлеуметтік-мәдени ұстанымдарынан түсіндірілуі тиіс.

2011 жылдың 12 қаңтарында Қазақстан Парламенті дауды шешудің баламалы әдісі ретінде азаматтық және қылмыстық сот ісін жүргізуде медиация институтын енгізуді көздейтін «Медиация туралы» Заңды қабылдады [28].

Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңы диспозитивтік сипатқа ие, бұл медиацияны қолданудың кең аукымдылығын білдіреді.

С.Б. Идрисова азаматтық даулардағы (жанжалдардағы) медиация әсіресе келесі даулардың санатын шешуде тиімді екендігін атап өтеді. Олар :

- коммерциялық даулар;
- тұрғын үй қатынастарынан туындайтын даулар;
- меншік құқығы туралы даулар;
- отбасылық даулар (некені бұзу және мүлікті бөлу және т. б.);
- жұмыстағы қақтығыстар;
- мұраны бөлу туралы даулар;
- сот шешімдері мен үйғарымдарын орындау кезінде туындайтын даулар және т.б.» [122, 88].

Кез-келген еңбек дауында медиаторды тартуға болады. Медиацияның артықшылығы - бұл тығырықтан шығудың жолын табуға мүмкіндік береді, ал еңбек қатынастары сақталады және жұмыс берушінің беделіне нұқсан келтірілмейді. Сондай ақ медиацияның артықшылықтарының бірі рәсімнің өзі мен қабылданған келісімнің толық құпиялылығын сақтау кепілдігі болып табылады.

Әлеуметтік-еңбек саласындағы даулар еңбек құқықтары мен кепілдіктерінің тікелей бұзылуымен ғана емес, көбінесе жаңа еңбек жағдайларын белгілейтін жергілікті актілерді қабылдау кезінде тараптардың мүдделерінің қақтығысымен, жұмыс берушінің кадр саясатындағы өзгерістермен байланысты.

Медиация өзінің лайықты орнын тапқан шет елдерде адамдар арасындағы өзара қарым-қатынас, қоғамның әлеуметтік тұрақтылығы, халықтың әл-ауқаты - бұл үкімет қызметі ұстануы тиіс негіздер екенін түсінеді.

Ж.Т. Қарашева медиацияның соттан ерекшелігін дұрыс талдайды :

1. Медиация еркінділікті білдіреді – сот процесі бір тараптың қарсылығына қарамай басталады;
2. Медиатор сайланады, ал сот тағайындалады;
3. Медиаторда билік күші жоқ, ал сотта билік күші бар;
4. Медиатор күн тәртібін екі тарапқа ыңғайлы кезді пайдаланса, ал сотта белгілі бір мерзім белгіленеді [123, 147].

Қазақстан Республикасында медиация институты, оның ішінде медиация қағидаларын жүзеге асыруға байланысты біршама мәселелер бар деп есептейміз. Медиация қағидалары – медиация туралы заңды талқылау мен қолдануда басшылыққа алынатын бастауларды білдіреді. Біздің ойымызша заңның негізгі мақсаттарын жүзеге асыру үшін медиацияны реттеуші халықаралық танылған және кеңінен қолданылатын ережелерден тұратын халықаралық сауда (UNCITRAL) құқығы бойынша БҰҰ Комиссиясының халықаралық коммерциялық келісім рәсімі туралы Типтік заңына сілтеме жасау мүмкіндігін қарастыру керек [124, 81].

Қазіргі уақытта ақпараттың аздығына байланысты көптеген адамдар медиация мен татуласу, медиация мен делдалдық, медиация мен арбитражды бір ұғымға жатқызады. Сондықтан да медиация процедурасы сот процедураларынан едәуір бөлек [125, 25].

С.Б. Идрисова жоғарыда көрсетілген еңбегінде : «Медиация рәсімдерін кеңінен қолдануға кедергі келтіретін маңызды проблемалардың бірі осы институт туралы халықтың жеткіліксіз хабардар болуы болып табылады. Бұл міндетті шешу халық арасында медиацияның артықшылықтары туралы ақпаратты тарату жөніндегі жүйелі және дәйекті жұмыс кезінде мүмкін болады. Мұндай жұмысты медиаторлар ұйымдары да, мемлекеттік органдар да жүргізуі тиіс, олардың арасында соттарға, прокуратура органдарына, ішкі істер органдарына ерекше рөл беріледі» деп атап өтеді [122, 88].

Медиацияның мәнін, оны қолдану мүмкіндігін түсіну үшін әлеуетті медиаторларды, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін және заң жоғары оқу орындарының студенттерін оқыту жөніндегі жұмыс қажет.

Осылайша, осы параграфтың тақырыбын зерттеу барысында біз өркениетті әлемде кеңінен қолданылатын медиация Қазақстан үшін жаңа институт емес деген қорытындыға келдік. Дәстүрлі қазақ қоғамында медиатордың рөлін билер атқарды.

*Тарауды **қорытындылай келе,** Қазақстан Республикасындағы еңбек дауларын шешудің тиімді процессуалдық-құқықтық механизмін қалыптастыруға бағытталған бірқатар ұсыныстарды ұсынамыз:*

1. Жоғарғы Соттың жаңа нормативтік қаулысын әзірлеу және қабылдау, онда атап айтқанда:

- еңбек дауларын шешу принциптерін нақты анықтау;

- еңбек дауларын сотта қараудың қысқартылған мерзімдерін және еңбек дауы бойынша шешімдер дайындау мерзімдерін белгілеу, сот ісін жүргізу құқығын бұзғаны үшін ақылға қонымды мерзімде өтемақы төлеу мүмкіндігін қамтамасыз ету, өйткені көп жағдайларда еңбек даулары жалақының төленбеуіне байланысты туындайды және осылайша бұзылған құқықты қалпына келтірудің мүмкін еместігі жұмыскерді табысынан және күнкөріс қаражатынан іс жүзінде айырады;

- еңбек дауын шешу кезінде тараптардың құқықтары;

- еңбек дауларын шешу процесін ақпараттық қамтамасыз ету.

2. Ашық қол жетімді еңбек дауларының реестрін енгізу. Еңбек даулары туралы ақпаратқа ашық қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында заңға сәйкес еңбек дауларының реестріне еңбек арбитраждары шешетін құқықтар туралы еңбек даулары және еңбек делдалының қатысуымен шешілетін мүдделер туралы еңбек даулары енгізілетін болады.

Тәулік бойы тегін қолжетімділік үшін еңбек дауларын тіркеу туралы ресми ақпаратты жариялау Жоғарғы Соттың ресми веб-порталында жүзеге асырылатын болады.

3. Жоғарғы Соттың, кәсіподақтардың, жұмыс берушілер ұйымдарының және олардың бірлестіктерінің веб-сайттарында еңбек дауларын шешу мәселелері бойынша түсіндірме материалдарын орналастыру;

- электронды және баспа басылымдарына, интернет-басылымдарға түсініктемелер немесе сұхбаттар беру.

4. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 1-бабының 1-тармағына «ұжымдық еңбек дауы» және «жеке еңбек дауы» ұғымдарын келесідей жеке тармақшада енгізуді ұсынамыз :

«Жеке еңбек дауы – еңбек қатынастары тараптарының бұзылған еңбек құқықтарын қалпына келтіру, оның ішінде жеке еңбек жағдайларын белгілеу немесе өзгерту туралы талап қою бастамасы бойынша еңбек заңнамасын, ұжымдық шарт және келісім нормаларын қолдануға қатысты жұмыс беруші мен жұмыскер арасындағы реттелмеген келіспеушіліктер.

Ұжымдық еңбек дауы - еңбек жағдайларын белгілеу, ұжымдық шарттар мен келісімдерді жасасу, оларды өзгерту және еңбекке ақы төлеуді қоса алғанда, жұмыскерлердің сайланбалы өкілді органының пікірін ескеруден бас тарту мәселелеріне байланысты жұмыскерлер ұжымы (ұжымдары) мен жұмыс беруші (жұмыс берушілер бірлестігі) арасындағы реттелмеген келіспеушіліктер».

7. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 159-бабының 1 тармағы келесідей редакцияда ұсынылады : «жұмыскерлерінің саны он бес адамнан аспайтын ұйымдардың жұмыскері, үй жұмыскері, заңды тұлғаның жеке-дара

атқарушы органы, заңды тұлға атқарушы органының басшысы, сондай-ақ заңды тұлғаның алқалы атқарушы органының басқа да мүшелері арасында туындайтын дауларды қоспағанда, жеке еңбек дауларын - келісу комиссиялары, ал реттелмеген мәселелер не келісу комиссиясы шешімінің орындалмауы бойынша соттар қарайды».

8. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 160-бабы келесідей редакцияда ұсынылады : «басқа да еңбек даулары бойынша – жұмыскер, оның ішінде бұрын еңбек қатынастарында болған жұмыскер немесе жұмыс беруші өз құқығының бұзылғаны туралы білген немесе білуге тиіс күннен бастап келісу комиссиясына жүгіну мерзімі - бір ай, ал сотқа жүгіну үшін – реттелмеген даулар бойынша жүгінген кезде не еңбек шарты тарапы келісу комиссиясының шешімін орындамаған кезде келісу комиссиясы шешімінің көшірмесі табыс етілген немесе табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен пошта арқылы жіберілген күннен бастап он бір ай».

Еңбек дауларын шешудің жаңа тетігін, стандарттары мен рәсімдерін енгізу қажет. Кәсіподақтар мен олардың бірлестіктері, жұмыс берушілер ұйымдары мен олардың бірлестіктері қызметінің мазмұнын жаңарту, олардың институционалдық қабілетін күшейту және еңбек дауларын шешу процесінде стратегиялық рөлін арттыру маңызды. Еңбек даулары мен жанжалдарды шешудің тиімді тетігін құру қызметкерлер мен жұмыс берушілер мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз етуге және зерттелетін саладағы процестік тетіктердің тиімділігін күшейтуге мүмкіндік береді.

9. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 159-бабының 1 тармағына сәйкес сотқа дейін еңбек дауларын реттеу тәртібі негізінде келісу комиссиясының шешімін бұйрық өндірісімен атқару мүмкіндігін қарастыру қажет.

2.2 Азаматтық, әкімшілік және қылмыстық істерде еңбек дауларын сотта қарау тәртібі

Адам құқықтары мен бостандықтарының негізгі құқықтық кепілі, оларды қорғаудың әмбебап құралы - сотпен қорғау болып табылады. Азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының тікелей әсерін қамтамасыз ететін сот төрелігі олардың шынайылығы мен тиімділігінің белгісі болып табылады. Азаматтардың еңбек құқықтарын сот арқылы қорғау - адам құқықтарын қорғаудың әмбебап түрі. Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету сот төрелігінің тікелей міндеті болып табылады [18].

Ғ.С. Сапарғалиевтің сот билігінің ерекше жағдайын сипаттайтын «сот билігі құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге, заңдылықты сақтауға және заңсыз мінез-құлық үшін жауапкершілікке тартуға арналған негізгі құрал» деген пікірімен толық келісуге болады [126, 52].

Н.М. Митина өзінің диссертациялық зерттеуінде «Еңбек құқықтарын сотта қорғау - заңнаманың сақталуын қамтамасыз ететін және азаматтардың

құқықтарын қалпына келтіретін анағұрлым пәрменді тетіктердің бірі ретінде» қарастырады [127, 87].

Алайда, қазірге уақытта жұмыскерлердің (еңбек шартын жасаспау, еңбек шартының талаптарын бұзу, жалақыны уақытылы төлемеу, заңсыз жұмыстан шығару, қауіпсіздік ережелерін бұзу және т.б.) құқықтары жиі бұзылуда және әрбір жұмыс беруші өз кәсіпорнындағы еңбек заңнамасының барлық бұзушылықтарын түзетуге ұмтылмайды, ал жұмыскерлер көп жағдайда жеке кәсіпорындарда жұмыс істейтіндер өз құқықтарын қорғауға ұмтыла бермейді.

Еңбек заңнамасының бұзылуы көп жағдайда заңның орындалуын бақылаудың болмауынан туындайды.

Жұмыс берушілердің еңбек заңнамасын бұзуының негізгі себептеріне :

- қолданыстағы еңбек заңнамасын елемеу;
- жұмыс берушілердің басым көпшілігінің құқықтық сауатсыздығы (әсіресе жеке кәсіпкерлер мен шағын кәсіпорындар басшылары);
- жұмыскерлердің өз құқықтарын қорғай алмауы;
- кәсіпорындардың тиімсіздігі, олардың банкроттығы, контрагенттердің жұмыс берушілерда алдында үлкен берешегі және жергілікті бюджет берешегі (еңбекақы төлеу саласындағы бұзушылықтар бойынша) аясында өз қаражатының жетіспеушілігі және т.б. себептер жатады [128].

Қазақстан Республикасында сот билігі азаматтық, әкімшілік, қылмыстық іс жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Сотта еңбек даулары азаматтық іс жүргізу тәртібімен қаралады және ҚР АПК нормаларына сәйкес азаматтық істер сотқа өтініш келіп түскен сәттен бастап белгілі бір мерзімде қаралады. ҚР АПК 243-бабына сәйкес алименттер алып беру туралы шешімдер, қызметкерге жалақыны, бірақ үш айдан аспайтын жалақыны алып беру туралы шешімдер, жұмысқа қайта орналастыру туралы шешімдер, денсаулыққа зақым келуден, сондай-ақ асыраушысынан айрылуынан келтірілген зиянды, бірақ үш айдан аспайтын зиянды өтеу туралы шешімдер, ереуілді заңсыз деп тану туралы шешімдер, қаржы ұйымдарын және банк конгломератына бас ұйым ретінде кіретін және қаржы ұйымдары болып табылмайтын ұйымдарды қайта құрылымдау туралы және өзге де сот шешімдері дереу орындалуға жатады [21].

Жұмыс беруші жұмысқа қайта қабылдау туралы атқарушылық құжатты орындамаған жағдайда сот орындаушысы қызметкерге орташа жалақысын немесе қызметкерді жұмысқа қайта қабылдау туралы шешім шығарылған күннен бастап оны орындаған күнге дейінгі бүкіл уақыт үшін жалақысының айырмасын төлеу туралы қаулы шығару жөніндегі ұсыныспен сотқа жүгінеді.

Жұмысқа қайта қабылдау туралы шешімнің орындалуы жұмыс беруші жұмыстан босату немесе ауыстыру туралы өзінің заңсыз актісінің күшін жою туралы акт шығарғаннан кейін жұмыстан заңсыз босатылған немесе ауыстырылған қызметкер бұрынғы міндеттерін атқаруға іс жүзінде кіріскен сәттен бастап аяқталған болып есептеледі [129].

Еңбек заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік көзделген.

Жұмыс берушіні және (немесе) оның лауазымды тұлғаларын жауапкершілікке тартудың жалпы негіздері Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі - ҚР ӘҚБтК) 86, 87 88-баптарында және ҚР ҚК 152,153,154 баптарында белгіленген.

ҚР ӘҚБтК 88-бабына сәйкес жұмыс беруші жалақыны толық көлемде төлемеген жағдайда, жұмыс берушінің кінәсінен төлемді кешіктірген кезеңі үшін өсімпұлды есептемеуі және төлемеуі жағдайларында; үстеме жұмысқа, мереке және демалыс күндеріндегі жұмысқа ақы төлеу, сондай-ақ түнгі уақыттағы еңбекке ақы төлеу жөніндегі талаптарының бұзылуы, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер жағдайында әкімшілік жауапкершілік көзделеді [130].

Еңбек заңнамасын бұзу көбінесе осы жағдаймен байланысты болып табылады. Олар біріншіден, жалақы төлеудің тұрақсыздығы, екіншіден, еңбек және кәсіптер саласындағы кемсітушіліктер, үшіншіден, өндірістік жарақаттану және еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережелерін бұзу.

Осы аталған проблемаларға қатысты сот тәжірибесіне тоқталсақ.

1. Жалақы төлеудің тұрақсыздығы бойынша. 2024 жылғы «Әскери құрылыс Астана» ЖШС-нің жұмыскерлерге берешек қарызын өндіру туралы сот шешімі.

Жұмыс беруші «Әскери құрылыс Астана» ЖШС-нің 3839 жұмыскерге 2021 жылдан бері есептегенде, 270 миллион теңгеден астам жалақы берешегі жинақталған. 3 жылдан астам өздеріне тиесілі жалақыларын алу үшін жұмыскерлер мемлекеттік органдарға арыз-шағымдарымен жүгінгенімен, еш нәтиже болмады. Аты шулы мәселені шешуге Бас әскери прокуратура 4 уәкілетті органның (Қорғаныс және Әділет министрлігі, еңбек және қазынашылық инспекциясы) өкілдерінен тұратын жұмыс тобы құрылды.

Прокурорлық қадағалау актілері енгізіліп, берешек қарыздарды өтеу үшін қаражат көздері анықталды. Яғни, «Әскери құрылыс Астана» ЖШС-нің басқа (поставщик) жеткізушілермен жасалған келісім-шарттарынан 300 млн. теңгеден астам қаржы қайтарылып, борышкерлердің алдындағы бірінші кезектегі жалақы бойынша берешектері өтелген.

Бұдан бөлек, «Әскери құрылыс Астана» ЖШС-нің бұрынғы жұмыскерлеріне жұмыстан айырылуына байланысты 131 млн.теңге сомасында өтемақы төленді [131].

Осы ретте, жалақы уақытылы төленбеген жағдайда мәжбүрлеп өндіріп алудың 3 тәсілін атап өтуге болады, олар 1) нотариустың атқарушылық жазбалары арқылы; 2) сот тәртібімен; 3) еңбек инспекциясының ұйғарымы бойынша.

2. Еңбек және кәсіптер саласындағы кемсітушіліктер. Қазіргі уақытта еңбек даулары бойынша сот тәжірибесінің маңызды бағыттарының бірі - еңбек және кәсіп саласындағы кемсітушілікке жол бермеу мақсаттарына қол жеткізу қажеттілігі деп атауға болады.

Конституцияда және адам құқықтары жөніндегі негізгі халықаралық құжаттарда көрсетілген ерлер мен әйелдердің құқықтары мен теңдігін қамтамасыз етуге қол жеткізу мақсатында қолданыстағы заңнаманы

жетілдіруге және оны көрсетілген құжаттарға сәйкес келтіруге бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде жұмыс жүргізу қажет деп санаймыз. Алайда, ерлер мен әйелдердің теңсіздігін жою тек заң шығару жұмысында ғана емес, қазіргі заманғы гендерлік проблемаларды жариялау жөніндегі Белсенді мемлекеттік саясатты да қамтиды [132, 263].

Көбінесе соттар мұндай істерді қалай қарау керектігін, кемсітушілік фактілерін дәлелдеу процесі қалай жүру керектігін, белгілі бір жағдайда бұзылған құқықтарды қалпына келтірудің қандай әдістерін қолдану орынды екенін білмейді. Нақты әзірленген тетіктердің жоқтығы құқықтық нормаларды қолдануда бірқатар проблемаларды туғызады.

Әкімшілік құқық бұзушылық белгілері анықталған кезде абстрактілік «ұжымдық құрылымдардың» орнына әкімшілік жауаптылық нақты құқық бұзушылыққа жауапты адамдарға қатысты осы ұйымның басшылары немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасауға уәкілетті өзге де лауазымды адамдар қолдануға тиіс. Құқықтық оқуларға сәйкес заңды тұлға үшін заңдық жауапкершіліктің басқа түрі - азаматтық сипаттағы мүліктік жауапкершілік тән. Бұдан басқа, заңды тұлғаны әкімшілік жауапкершілікке тартуды практикалық тұрғыдан оң бағалауға болады.

Шын мәнінде, заңды тұлғалардың әкімшілік жауапкершілігі ұйым басшылығының заңсыз әрекеттері үшін жауапкершілігін арттыру болып табылады.

Жұмыс беруші – заңды тұлғаның құқықтары мен міндеттерін заңды тұлғаның басқару органдары немесе ол уәкілеттік берген тұлғалар, жұмыс беруші - жеке тұлға жүзеге асырады.

Лауазымды тұлғалар ретінде әкімшілік жауапкершілікке басқа ұйымдардың басшылары мен басқа да қызметкерлері тартылады.

Қазақстанның еңбек заңнамасы азаматтарды еңбек саласындағы кемсітушіліктен қорғауды жеткілікті түрде реттемейді. Жұмыскерлердің барлық санаттарына қолданылатын белгіленген нормаларға және еңбек құқықтарын жүзеге асыруда қиындықтар туындап отырған бірқатар топтардың теңдігін қамтамасыз ететін арнайы нормаларға қарамастан, жұмыскерлерді еңбек қатынастарындағы кемсітушіліктен қорғау механизмінің толыққанды жұмыс істеуі үшін қажетті тетіктер жоқ.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы статистикалық мәліметтерді талдау Қазақстанда жыл сайын азаматтардың еңбек құқықтарын бұзу саласында орта есеппен 3-5 мың іс қаралады [133, 7].

Көріп тұрғанымыздай, жұмыс берушіні әкімшілік жауапкершілікке тарту бұл - жұмыскердің бұзылған құқықтарын қалпына келтірмейді. Бұл ретте, мемлекеттік органның араласуы маңызды.

Зерттеу барысында еңбек қатынастарын реттеудің қолданыстағы мемлекеттік-құқықтық механизмі азаматтардың еңбек құқықтарын қорғауды толық қамтамасыз ете алмайтындығы анықталды.

Құқық қолдану тәжірибесін зерделеу мұндай жағдайдың негізгі себептерінің бірі прокурорлық қадағалау саласының заңнамалық тұрғыда шектелуі. «Прокуратура туралы» жаңа Конституциялық Заңымен және басқа

да құқықтық актілермен қадағалау функцияларын іске асырудың қолда бар жекелеген құралдары алынып тасталды.

«Прокуратура туралы» Заңның 4-бабына сәйкес прокуратура органдарының бірден-бір міндеті - адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауды және бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру болып табылады [134]. Осы Заңның 3-бабында көзделгендей, прокуратура кәсіпкерлік субъектілерінің, ұйымдардың және мемлекеттік органдардың қызметіне араласуға, олардың қызметін тексеруді тағайындауға, заңда көзделмеген негіздер бойынша ақпарат не құжаттар сұратуға құқылы емес. Яғни, Прокуратура органдарының азаматтардың еңбек құқықтарының бұзылуы туралы өтініштерін тексеру тағайындау және жүргізу үшін негіз болып табылмайды; сондай-ақ кәсіпорындардан жалақы бойынша берешек туралы ақпаратты сұрауға жол берілмейді.

«Қазақстан Республикасында тексерулерге және профилактикалық бақылауды барып жүргізуге мораторий енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 229 Жарлығымен тексерулер мен профилактикалық бақылауға мораторий (3 жыл) енгізілгендіктен, қазіргі уақытта Мемлекеттік еңбек инспекциясы да жалақының төленбеуіне байланысты өтініштер бойынша ешқандай шара қолдана алмайды [135].

Прокуратура органдарына хабарласа отырып, адамдар өз мәселелерін шешудің қысқа және тиімді жолын табады деп үміттенеді, себебі сот арқылы қорғау механизмі ұзақ уақытты талап етеді (мысалы, сот талқылауының ең ұзақ мерзімі - 135 күн, ал орындау үшін - тағы 63 күн) және материалдық шығындарды (адвокат қызметі, көлік және басқа да шығындар) талап етеді.

Нотариустың атқарушылық жазбасы да бұл проблеманы шешпейді, өйткені ол тек дау тудырмайтын берешектер бойынша жасалады.

Осының бәрі прокуратура органдарының жұмысы яғни, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетіктерінің қазіргі кемшіліктерін едәуір өтей алатынын айғақтайды және осы ретте, азаматтардың еңбек құқықтарын қорғауда прокурорлық қадағалауды жетілдіру үшін прокуратура органдарының өкілеттіктерін күшейту қажет деп санаймыз.

Еңбек қатынастары саласындағы қылмыстық жауапкершілік қылмыс жасағаны үшін, яғни ҚР ҚК-де көзделген қылмыс құрамының барлық белгілері бар іс-әрекет үшін туындайды.

Еңбек заңнамасын бұзу ҚР ҚК 152-бабында көзделген негіздерде яғни, біріншіден, жұмыскермен еңбек шартын заңсыз тоқтату не соттың жұмысқа қайта орналастыру туралы шешімін орындамау;

екіншіден, әйелмен оның жүктілігі себебі бойынша еңбек шартын жасасудан негізсіз бас тарту немесе еңбек шартын негізсіз тоқтату, үш жасқа дейінгі балалары бар әйелмен еңбек шартын жасасудан негізсіз бас тарту немесе еңбек шартын негізсіз тоқтату;

үшіншіден, мүгедектігі бар адаммен оның мүгедектігі себебі бойынша және кәмелетке толмаған адаммен оның кәмелетке толмағандығы себебі

бойынша еңбек шартын жасасудан негізсіз бас тарту немесе еңбек шартын негізсіз тоқтату [22].

Елімізде азаматтар өздерінің еңбек құқықтарын қорғаудың қылмыстық-құқықтық тәсілдерін, мәселен жалақы төлемегені үшін жұмыс берушіні қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы арызбен ішкі істер органдарына жүгіну мүмкіндіктері туралы біле бермейді немесе ондай әрекетке бара да бермейді.

Азаматтардың еңбек құқықтарын қорғауда өндірістік жарақаттану және еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережелерін бұзу, оның ішінде жұмыс кезінде адам өліміне әкеліп соғатын жағдайларда қылмыстық жауапкершілік көзделеді. Бұндай трагедиялы жағдай елімізде 2023 жылы 28 қазанда Қарағанды қаласында орналасқан «ArcelorMittal Temirtau» компаниясына тиесілі Костенко атындағы шахтада орын алған болатын.

Топтық жазатайым оқиғаның басты себебі, метан-ауа қоспасының жарылуы (возгорание метано-воздушной смеси) болды.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жазатайым өрт жағдайының орын алу фактісі бойынша ҚР Қылмыстық кодексінің 277-бабының 3-тармағымен (Тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік қағидаларын бұзу) қылмыстық іс қозғалып, арнайы комиссия құрылды. Комиссияның сараптамалық қорытындыларына топтық жазатайым оқиғаның себептері (өндірістік бақылаудың жоқтығы, сертификаты жоқ, таспа төсемін пайдалану, қауіпсіздік техникасының сақталмауы және қауіпсіздік талаптары мен техникалық реттеу нормаларының бұзылуы) анықталып, жұмыс берушінің кінәсі толық дәлелденді [136].

ҚР ҚК 277-бабының санкциясы үш жылдан сегіз жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасын көздейді.

Мемлекеттік айыптаушылар 46 шахтердің өліміне және 20-дан аса адамның мүгедек болуына әкеп соқтырған тау-кен жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзғаны үшін ҚР ҚК-нің 287-бабының 3-бөлігі бойынша кінәлі деп танылған сотталушылар шахта өндірісі жөніндегі директордың орынбасары В. Ереминге, бас инженер Н. Грозновке, № 6 участке бастығы В. Коптенковке, Шахта директоры С. Мустивке жаза мерзімінде қамауға алынған уақытты есепке ала отырып, 8 жыл бас бостандығынан айыру жазасын тағайындауды;

Техникалық қызметті үңгілеу жөніндегі бас инженердің орынбасары В. Гонноченкоға, қауіпсіздік техникасы жөніндегі бас инженердің орынбасары Д. Федоренкоға, бас механик Д. Коцарға, шаң жарылысынан қорғау жөніндегі участке бастығының көмекшісі В. Пестрякке және конвейерлік көлік учаскесінің бастығы Т. Ғабдушевке жаза мерзімінде қамауға алынған уақытты есепке ала отырып, 8 жыл бас бостандығынан айыру жазасын тағайындауды;

Желдету және қауіпсіздік техникасы учаскесінің бастығы В. Шишкановқа жаза мерзімінде қамауға алынған уақытты есепке ала отырып, 6 жыл бас бостандығынан айыру жазасын тағайындауды сұрады [137].

Сот барлық сотталушыларды кінәлі деп тауып, оларды төрт жылға бас бостандығынан айыру жазасын тағайындады. Жазаны жеңілдететін мән-жайлар

ретінде олардың жас балалары бар екендігі, бұрын-соңды соттылықтарының болмағандығы және және жұмыс орнынан оң сипаттамалардың берілуі есепке алынды.

Сот қаза тапқандардың отбасыларына моральдық залалды өндіріп алу туралы талап қоюдан бас тартты.

Бұл «ArcelorMittal Temirtau» компаниясымен болған жазатайым алғашқы оқиға емес. 2021 жылдан бері жұмыс кезінде 15 адам қаза тауып, 2023 жылдың қыркүйегінде кен орындарында бірнеше рет өрт шыққан.

ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың тапсырмасымен шетелдік инвестор Лакшми Митталдың «ArcelorMittal Temirtau» компаниясымен инвестициялық ынтымақтастық тоқтатылып, 2023 жылдың желтоқсан айынан бастап қазақстандық «Qazaqstan Steel Group» (QSG) компаниясы бұрынғы «ArcelorMittal Temirtau» компаниясының кәсіпорындарына инвестор болды. «ArcelorMittal Temirtau» компаниясы атауын өзгертіп, «Qarmet» деп аталды [138].

ҚР-да қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, өндірістегі жазатайым оқиғалардың алдын алу, өндірістегі және сәйкесінше олармен байланысты экономикалық шығындарды азайту мәселесі өзектілікке ие.

«Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 ақпандағы N 30 Заңының 19-1 бабына сәйкес қызметкердің қайтыс болуына байланысты сақтандыру аннуитет шартына сәйкес аннуитеттік сақтандыруды жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар сақтандыру ұйымы сақтандыру төлемін жүзеге асырады [139]. Десе де, сақтандырушы тарапынан заңның бұл талабы әрдайым орындай бермейді. Ондай кезде жұмыскер өз құқықтарын қорғау үшін сот органдарына жүгінуге құқылы.

Өндірістегі жазатайым оқиғаларды тергеу тәртібі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде (186-190 баптары) және «Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды тіркеу және есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 31 қаңтардағы № 21 бұйрығында [140] көзделген.

ҚР ЕК 186-бабына сәйкес жұмыскерді тергеп-тексеру азаматтық қорғау саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарының, әскерилендірілген күзеттің жеке құрамының, авариялардың, дүлей зілзаланың салдарларын жою жөніндегі, адам өмірін және мүлікті құтқару жөніндегі ерікті командалар мүшелерінің еңбек қызметіне байланысты және еңбекке қабілетсіздігіне не қайтыс болуына әкеп соққан денсаулығының зақымдану жағдайлары кезінде асыру кезінде қолданылады [14].

Жазатайым оқиғалар ретінде тергеуге жататын оқиғалар деп дене жарақаттарын (жарақаттарды), оның ішінде басқа адам келтірген; жылу соққысы; күйік; үсік шалу; суға бату; радиация; жануарлар мен жәндіктердің шағуы және басқа да дене жарақаттары; жарылыстардың, авариялардың, ғимараттардың, құрылыстардың және құрылыстардың қирауына, дүлей зілзалаларға және басқа да төтенше жағдайларға, зардап шеккендерді басқа

жұмысқа ауыстыру қажеттілігіне, еңбекке қабілеттілігін уақытша немесе біржола жоғалтуға немесе зардап шеккендердің қайтыс болуына әкеп соққан сыртқы факторлардың әсерінен денсаулыққа басқа да зақым келтіру салдарынан болған жарақаттардан зардап шегу жағдайлары танылады [141, 90].

Жазатайым оқиғалар, егер :

- жұмыс берушінің аумағында не жұмыс уақыты ішінде, оның ішінде белгіленген үзілістер уақытында, сондай-ақ өндіріс құралдары мен киімді ретке келтіру үшін қажетті уақытта, жұмыс басталғанға дейін және аяқталғаннан кейін ішкі еңбек тәртібі ережелерінде көзделген өзге де іс-әрекеттерді орындау кезінде немесе жұмыскер үшін белгіленген жұмыс уақытынан тыс жұмысты орындау кезінде, демалыс және жұмыс істемейтін мереке күндері жұмысты орындаған кезде орын алған болса;

- қызметтік іссапар орнына бару және кері қайту кезінде, қоғамдық немесе қызметтік көлікте қызметтік сапарлар кезінде, сондай-ақ жұмыс берушінің (оның өкілінің) өкімі бойынша жұмысты (тапсырманы) орындау орнына бару және кері қайту кезінде және т.б. жағдайларда тергелуге жатады.

Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеруді ұйымдастыру жауапкершілігі жұмыс берушіге жүктеледі.

ҚР ЕК 187-бабында көзделгендей, жұмыс беруші зардап шеккен адамға алғашқы медициналық көмек көрсетуді және қажет болған кезде оны денсаулық сақтау ұйымына жеткізуді ұйымдастыруға; еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиға орнындағы жағдайды (жабдықтар мен механизмдердің, еңбек құрал-жабдықтарының жай-күйін), сондай-ақ жазатайым оқиға болған жерді фотосуретке түсіруге; арнайы тергеп-тексеру жөніндегі комиссия мүшелерін еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру үшін оқиға орнына жіберуге міндетті [14].

Бұдан бөлек, жұмыс беруші қажет болған жағдайда жазатайым оқиғаны тиісті және уақтылы тергеп-тексеруді ұйымдастыру және қамтамасыз ету және тергеп-тексеру материалдарын ресімдеу жөнінде өзге де шаралар қабылдауға, сондай-ақ болған жазатайым оқиға туралы тиісті органдарды дереу хабардар етуге тиіс [142].

Еңбек қызметіне байланысты топтық жазатайым оқиға (екі немесе одан да көп адам), ауыр жазатайым оқиға немесе адам өліміне әкеп соқтырған жазатайым оқиға кезінде жұмыс беруші (оның өкілі) бір тәулік (24 сағат) ішінде белгіленген нысан бойынша :

- аумақтық бөлімшеге;

- қауіпті өндірістік объектілерде болған жазатайым оқиғалар кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне;

- жұмыскерлердің өкілдеріне;

- жазатайым оқиға болған жердегі құқық қорғау органына хабарлауға міндетті [14].

ҚР ЕК 188 сәйкес еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеруді өндірістік жарақаттың ауырлық дәрежесі туралы қорытынды алған кезден бастап, жазатайым оқиғаны тергеу үшін жұмыс беруші (оның

өкілі) кемінде үш адамнан тұратын комиссия құрады. Тергеу барысында осы факт бойынша материалдар жиналады, соның негізінде жазатайым оқиғаны тергеу жөніндегі комиссия болған оқиғаның мән-жайлары мен себептерін, сондай-ақ еңбекті қорғау талаптарын бұзуға жол берген адамдарды анықтайды.

Тергеп-тексеру, арнайы тергеп-тексеру актілерінің нысандарын және еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиға, кәсіптік ауру туралы актілердің нысандарын еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді. Топтық жазатайым оқиға кезінде акт әрбір жәбірленушіге жеке жасалады. Тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін актіге тергеп-тексеруді жүргізген барлық тұлғалар қол қояды, оны жұмыс беруші бекітеді және мөрмен расталады.

Жұмыс беруші, жұмыскер мен төмен тұрған мемлекеттік еңбек инспекторы не қауіпті өндірістік объектілерде болған оқиғалар кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспектор арасындағы келіспеушілік болған жағдайында тиісті жоғары тұрған мемлекеттік еңбек инспекторы немесе сот қарайды [14].

Осылайша, ҚР ЕК-де және заңға тәуелді актілерде өндірістегі жазатайым оқиғаларды тексеру және есепке алу тәртібі жеткілікті түрде егжей-тегжейлі реттелген деген қорытынды жасауға болады. бұл тиісті органдар мен тұлғалардың өз міндеттерін дұрыс орындауы кезінде, біріншіден, жазатайым оқиғаларды есепке алуға, екіншіден, болашақта жазатайым оқиғалардың алдын алу және болдырмау үшін кінәлі адамдарды жауапкершілікке тартуға мүмкіндік береді.

Тарауымызды ***қорытындылай келе,*** *еңбек қатынастарындағы кемсітушілікке байланысты тәжірибеде туындайтын жағдайларға қарамастан, ҚР Жоғарғы Соты осы күнге дейін істердің осы санаты бойынша сот практикасын жинақтап қорыта алмауда, сот істерінің жіктеуішінде «әйелдерді жыныстық белгісі бойынша кемсітушілік туралы» жалғыз статистикалық белгі бар қалған нысандар мен түрлер бойынша тиісті белгілер жоқ, бұл қоғамдық қатынастардың осы саласының жалпы көрінісі мен жай-күйін қалыптастыруға кедергі келтіреді.*

Осыған байланысты «Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы № 7 нормативтік қаулысына еңбек қатынастарындағы кемсітушілікке байланысты істердің санаттарын қарау тәртібін бекітетін, кемсітушілік фактілерін дәлелдеудің ықтимал дәлелдері мен тәсілдерін ашатын, қолданыстағы заңнаманы соттарға түсіндіретін толықтырулар енгізу ұсынылады. Бұл шаралар азаматтарды еңбек қатынастарындағы кемсітушіліктен сот арқылы қорғауды күшейтуге ықпал етеді. Халықаралық құжаттардың талаптарына және еңбек қатынастарындағы теңдікті арттыру және кемсітушілікті жою мақсатында қолданыстағы заңнаманы жетілдіру бойынша өзгерістер енгізуді ұсынамыз.

2.3 Азаматтардың жекелеген санаттарына қатысты еңбек дауларын қараудың ерекшеліктері

Еңбек заңнамасының негізгі мақсаттарының бірі - қолайлы еңбек жағдайларын жасау және жұмыскерлер мен жұмыс берушілердің құқықтары мен мүдделерін қорғау болып табылады.

Азаматтардың еңбек құқықтарын қорғаудың сот тәртібін еңбек дауының түріне қарай әртүрлі қырынан қарастыруға болады. Азаматтардың жекелеген санаттарына қатысты еңбек даулары ең көп тараған санаттардың бірі болып табылады.

ҚР ЕК-не сәйкес сәйкес жекелеген санаттарға маусымдық жұмыстағылар, вахталық жұмыстағы жұмыскерлер, үй жұмыскерлері, үйде жұмыс істейтін жұмыскерлер, персонал беру жөніндегі қызметтерді көрсететін жұмыскерлер, қашықтықтан жұмыс істейтіндер, азаматтық қызметкерлер, сондай-ақ, заңды тұлғаның атқарушы органы басшысының және заңды тұлғаның алқалы атқарушы органының басқа да мүшелері, азаматтық және эксперименттік авиация саласындағы жұмыскерлер, мемлекеттік қызметшілер, депутаттар, судьялар және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілері, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және оның ведомстволары жұмыскерлері, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган жұмыскерлері және т.б. жатады [14].

Көріп отырғанымыздай, жұмысшылардың жекелеген санаттары өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, ерекше жұмыс кестесі бар жұмысшылар, қызметтің белгілі бір стратегиялық саласында жұмыс істейтін мемлекеттік қызметшілер ретінде сипатталады.

Еңбек дауларын сот тәртібімен қарау кезінде кейбір ерекшеліктерді ескеру қажет. Мысалы, маусымдық жұмыстарға қатысты сынақ мерзімі белгіленбейді (ҚР ЕК 134-бабының 3-тармағы).

Сондай-ақ, жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу үшін екі негіз бар: өндірістік сипаттағы себептер бойынша жұмыстарды екі аптадан артық тоқтата тұру және еңбекке уақытша жарамсыздық салдарынан қызметкердің бір ай ішінде келмеуі (ҚР ЕК 134-бабы 4-тармағының 1 және 2-тармақшалары).

Вахталық әдіспен жұмыс істейтіндер үшін жұмыс жағдайлары мен вахталық демалысты қоса алғанда, тұрғын үйді, тамақтануды және жұмыс орнына дейін жеткізуді қамтамасыз ету талап етіледі. Жұмыскерлердің осы санатының ерекшелігі он сегіз жасқа толмаған (жалпы еңбек қабілеттілігі 16 жаста) адамдарды, жүктілік мерзімі 12 және одан да көп апта жүкті әйелдерді вахталық жұмысқа жібермеу талабы болып табылады.

Жұмыс мерзімі 15 күннен аспауы керек, дегенмен оны ұжымдық еңбек шартын жасасу арқылы 30 күнге дейін ұзартуға болады. Теңіз кемелерінің экипажы үшін бұл жұмыстың ерекшелігіне байланысты мерзім 120 күнтізбелік күнге дейін ұзартылуы мүмкін (ҚР ЕК 135-бабы) [14].

Үй жұмыскерлеріне қатысты жұмыс берушінің еңбек кітапшасына оның жұмысы туралы мәліметтерді енгізбеуі туралы ережені қолданады. Үй

жұмыскерінің құқықтары еңбек шартымен қорғалады, онда еңбек шартын бұзу туралы ескерту мерзімі, жұмысынан айырылуына байланысты өтемақы төлемдерінің мөлшері туралы мәліметтер міндетті түрде қамтылуға тиіс. Сондай-ақ тараптар қандай да бір мәселелер бойынша келісімге келмесе, онда сотқа жүгіну құқығы сақталады.

Үйде жұмыс істейтін жұмыскерлерді жалдаған жағдайда тараптардың құқықтары да еңбек шартымен қорғалады. Жұмыскерлердің бұл санаты бұрынғысынан ерекшеленеді, жұмыс процесінде олар өздерінің материалдарын, жабдықтарын, құрал-саймандарын, құрылғыларын пайдаланады немесе тараптардың келісіміне байланысты жұмыс берушінің қаражаты есебінен сатып алады. Ал Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 137-бабында сотқа шағымдану құқығы туралы мәліметтер жоқ болса да, бұл тараудың жалпы мағынасынан тараптардың мұндай құқығы бар екені анық.

Персонал беру жөніндегі қызметтерге қатысты жұмыскерлердің жағдайының нашарлауына, оларды кемсітуге және еңбек саласындағы жалпы талаптарға ұқсас басқа да бірқатар ережелерге жол берілмейді.

Заңды тұлғаның атқарушы органы басшысының және заңды тұлғаның алқалы атқарушы органының өзге де мүшелерінің, сондай-ақ ішкі аудит қызметі қызметкерлері мен корпоративтік хатшының жұмысына қатысты құрылтайшылардың құрамы өзгерген жағдайда олармен жаңа еңбек шарты жасалады. Құрылтайшылар жоғарыда аталған санаттағы қызметкерлерге тәртіптік жаза қолданылған жағдайда жұмыс берушінің актісін бекітеді, олардың жұмысқа қабылдануын және босатылуын уәкілетті тұлға арқылы бақылайды.

Азаматтық авиация персоналына қатысты азаматтық авиация саласындағы халықаралық стандарттар мен нормативтерді ескеру қажет. Олар жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ұзақтығының ерекше нормаларын реттейді. Бұл жерде «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» ҚР Заңы құқықтық негіз болып табылады. Сол сияқты, нормативтік құқықтық актілер пакеті судьялардың өздерінің, мемлекеттік қызметшілердің, әскери қызметтегі адамдардың, арнаулы мемлекеттік, құқық қорғау органдары мен мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, ҚР ҰҚҚ, қаржы нарығын және қаржы нарығын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган қызметкерлерінің еңбегін реттейді.

Мемлекеттік қызметтің ерекшелігі – бұл жұмыс түріне қабылдау еңбек шартын және жұмыс берушінің актісін жасау арқылы тағайындау немесе конкурс негізінде жүзеге асырылады. Конкурсты бос лауазымдары бар мемлекеттік мекеме, мемлекеттік кәсіпорын өткізеді. ҚР ЕК 139-бабының алтыншы тармағында мемлекеттің мүддесін қорғайтын тыйым салатын нормалар ғана бар. Төлем мемлекеттік бюджет есебінен жүзеге асырылатыны түсінікті, ауылдық жерлердегі жұмыспылар үшін біршама артықшылықтар бар. Сонымен қатар, жыл сайынғы медициналық жәрдемақы төленеді.

Баршамыз білетіндей, еңбек даулары ұғымы ҚР ЕК баптарында көзделген.

Мемлекеттік қызметте ұжымдық даулар қызметтік қатынастарды ұжымдық реттеудің болмауына байланысты туындамайды. Сонымен бірге, ұжымдық келіссөздер мен келісімдер дәстүрлі түрде мемлекеттік қызмет аясынан алынып тасталды, алайда, қазіргі уақытта олар Халықаралық еңбек ұйымының 1981 жылғы № 154 Ұжымдық шарттарды әзірлеу туралы келісіміне сәйкес көптеген елдерде мойындалғанын атап өткен жөн.

Сонымен қатар, көптеген елдердің заңнамасы мемлекеттік қызметкерлерге кәсіптік одақтарға қосылуға және кәсіптік одақтарға кіру құқығына мүмкіндік береді. Венесуэланың Еңбек туралы органикалық заңының 8-бабына сәйкес, мансаптық мемлекеттік қызметкер, егер бұл көрсетілетін қызметтің сипатына және мемлекеттік басқару талаптарына сәйкес келсе, ұжымдық келіссөздер жүргізуге, дауларды бейбіт жолмен шешуге және ереуілге шығуға құқылы. Дегенмен, мемлекеттік қызметкерлердің қатысуымен ұжымдық келіссөздер жүргізу мәселелерін реттейтін барлық ережелер (оларға рұқсат етілген елдерде) еңбек заңнамасымен реттеледі. Демек, ұжымдық қызметтік дау жеке қызметтік дауға антитеза ретінде анықтама бойынша мүмкін емес. Бұл жағдайда барлық қызметтік даулар жеке еңбек даулары ретінде қаралады [143, 26].

ҚР ЕК 159-бабына сәйкес жұмыс беруші мен микрокәсіпкерлік субъектінің, жұмыскерлерінің саны он бес адамнан аспайтын коммерциялық емес ұйымның жұмыскері, үй жұмыскері, заңды тұлғаның жеке-дара атқарушы органы, заңды тұлға атқарушы органының басшысы, сондай-ақ заңды тұлғаның алқалы атқарушы органының басқа да мүшелері арасында туындайтын дауларды қоспағанда, жеке еңбек дауларын – келісу комиссиялары, ал реттелмеген мәселелер не келісу комиссиясы шешімінің орындалмауы бойынша соттар қарайды [14].

Алайда, осы абзацта «Қазақстан Республикасының арнаулы заңдарында және өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген белгілермен жұмыс істеу қызметкерлердің жекелеген санаттарына, оның ішінде ҚР Еңбек кодексімен реттелетін әскери қызметшілерге, мемлекеттік және құқық қорғау органдарының лауазымды адамдарына, мемлекеттік қызметшілерге қолданылмайды» деп жеке еңбек даулары туралы айтылады.

Біздің пікірімізше, мемлекеттік қызмет даудың мазмұны жеке еңбек дауына қарағанда әлдеқайда кең. Жұмыс берушінің өкілі ғана емес, жұмыс берушінің өзі, яғни, мемлекет де қызметтік қатынастардың тарабы болып табылады.

Осыған байланысты қызметтік даудың мәні «ішкі» қызметтік қатынастардан туындауы мүмкін, оның мәні еңбек шартын және мемлекеттік қызмет ережелерін, сондай-ақ азаматтық қызметтік қатынастарды қолдану болып табылады, олардың мәні құқықтың үстемдігінде жатыр. Бұл ретте мемлекеттік қызметкерлер қолданыстағы заңнамаға да, олар қызмет ететін органның нормативтік актілеріне де, басқа мемлекеттік органдардың нормативтік актілеріне де сәйкес келмейтін нормативтік актілер шығару арқылы өз құқықтарының бұзылуынан сот арқылы қорғалуына басқа азаматтармен тең құқылы.

Бұл ретте, атап өтілгендей, қызметтік дау еңбек қатынастарынан емес, әкімшілік құқықтық қатынастардан туындайды. Бұл жеке зерттеушілердің ұстанымына қарамастан, мұндай дауларды әкімшілік-құқықтық даудың бір түрі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді, бұл әкімшілік-құқықтық қатынастар тараптары арасындағы дауларға тек ресми бағыныштылық қатынастарында жоқ даулар жатады деп санайды.

Бұл заңнамадағы олқылықтар мен дәлсіздіктерге байланысты деуге негіз бар, мемлекеттік қызмет даулары мәселесі заң ғылымында әлі жеткілікті түрде ашылған жоқ, өйткені талқылауға қатысты көптеген мәселелер шешімін таппай, пікірталас тудырады. Атап айтқанда, біздің заң әдебиеттерінде «қызметтік даулар» ұғымына тиісті мән берілмейді.

Қызметтік даудың концептуалды негіздерін әзірлеуде және осы құқықтық құбылыстың түсінігін анықтауда оның теориясының категориялық қатарын құрудың принципті маңызы бар. Біздің ойымызша, ең алдымен, қызметтік даудың мәні, түрлері, мазмұны және динамикасы сияқты категорияларды қамтылуы тиіс.

«Қызметтік дау» ұғымын теориялық зерттеуді оны белгілейтін терминді түсіндіруден бастаған жөн. Терминнің анықтамасы оның мағынасын түсіндіруді, осы термин белгілеген ұғымның көлемі мен мазмұнын ашуды білдіреді [144].

«Дау» термині «қызметтік дау» ұғымын білдіреді, ал «қызметтік» сөзі оның предикаты болып табылады. «Қызметтік» сын есімі зат есім дауының сипатын анықтайды және мемлекеттік қызметпен ерекше қарым-қатынасқа байланысты деп түсіндіріледі. Түсіндірме сөздіктерде «Дау» термині екі мағынада түсіндіріледі: а) қарапайым мағынада «әркім өз көзқарасын қорғайтын, бір нәрсені талқылайтын сөздік жарыс» деп түсінілсе; б) ерекше заңдық мағынада «сот шешілетін келіспеушілік» немесе «сот тәртібінде құқықтық талап қою» деп түсіндіріледі [145, 40].

Дегенмен, қазіргі заң ғылымында «дау» ұғымы түсіндірме сөздіктерде қарағанда кең мағынада түсініледі, олар бір жағынан дауды тек оның сот нысанымен байланыстырса, екінші жағынан, оны тек «келіспеушілік» ұғымы арқылы анықтайды. Сонымен қатар, заң әдебиетінде «қызметтік дау» ұғымы жұмыс беруші өкілі мен мемлекеттік қызметшінің немесе мемлекеттік қызметке кіретін немесе бұрын мемлекеттік қызметте болған азаматтың арасындағы келіспеушілік ретінде ғана емес, сонымен қатар «қызметтік жанжал» немесе «мүдделер қақтығысының» бір түрі ретінде түсіндіріледі.

ҚР «Мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 1-бабының 17-тармағына сәйкес «мүдделер қақтығысы – мемлекеттік қызметшінің жеке басының мүдделері өзінің лауазымдық өкілеттіктерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін болатын кездегі мемлекеттік қызметшінің жеке басының мүдделері мен оның лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық» деп көзделеді [146].

Ресейлік ғалымдар М.В. Пресняков пен С.Е. Чаннов өз пікірлерін «қызметтік құқықтық қатынастардың тараптары арасындағы даулар түрлі себептер мен негіздер бойынша және лауазымдық құқықтық қатынастардың

кез-келген кезеңінде туындауы мүмкін. Көптеген қызметтік даулар мемлекеттік органда сырт көзге көрінбей, бірнеше жыл бойы созылуы немесе жұмыс берушінің өкілі мен мемлекеттік қызметкер арасындағы келісімдер арқылы шешілуі мүмкін. Көбінесе мемлекеттік қызметкерлер өздерінің және жұмыс беруші өкілінің арасында туындаған келіспеушіліктерді қызметтік дауларды шешуге мемлекет уәкілеттік берген органның қарауына жіберуден бас тартады. Даумен татуласуға бармайтын тараптар мәселені басқалай жолымен шеше алмаса, дауды шешу үшін арнайы органдарға жүгінген кезде ғана дау қызметтік дауға айналады» деп түйіндейді [147].

Бұл ғылыми көзқарастарға сүйенсек, қызметтік даулар жұмыс берушінің өкілі мен мемлекеттік қызметкер немесе мемлекеттік қызметке кіретін азамат немесе өтініш берушінің лауазымдық құқықтарының бұзылуына байланысты бұрын мемлекеттік қызметті өткерген және тараптардың бірінің талап етуі бойынша әкімшілік немесе сот тәртібімен қарауға жататын өтініш беруші арасында туындайтын құқықтық жанжал ретінде айқындалуы мүмкін. Бұл жағдайда «қызметтік дау» ұғымын «қызметтік (конфликт) жанжалдардың» жеке түрі ретінде қарастыруға болады, оның ерекшелігі оның заңдық сипаты және заңда белгіленген рәсімдер шеңберінде оны шешудің әлеуетті мүмкіндігі болып табылады.

Конфликтологиялық тұрғыдан алғанда, қызметтік жанжалдарды заңдастыру моделін сипаттайтын бұл тәсіл тұтастай алғанда түбегейлі қарсылық тудырмайды. Бұл жағдайда «қызметтік дау» ұғымы институционалдық делдалдық, қызметтік жанжалдарды заңдық формализациялау және өркениетті шешу мақсатында құрылымдау үшін қолданылатын құқықтық құрылым ретінде түсіндірілетіні анық.

«Конфликт» термині латынның «conflictus» сөзінен шыққан, бұл ұғым түсіндіруді және қатаң доктриналық анықтаманы қажет етеді. Құқықтық конфликтологияда ол көбінесе «қарама-қайшылық» ұғымы арқылы анықталады. Алайда, құқық теориясында бұл термин іс жүзінде қолданылмайды. Құқық теориясында заңды қақтығыс көбінесе «дау» немесе «келіспеушілік» ұғымымен түсіндіріледі [148, 78].

Демек, «қызметтік дау - келіспеушіліктің бір түрі» тұжырымдамасын одан әрі мағынасын терең ашуды талап етеді. Дауды келіспеушілік ретінде айқындау қызметтік даудың туындауының барлық мән-жайларын қамтиды, ал оларды объективтендірудің нысаны тараптардың құқықтық ұстанымдарының келіспеушілігі, айырмашылығы, қарама-қайшылығы болып табылады.

Қызметтік дау - бұл, ең алдымен, нақты, материалдық-қызметтік қатынасқа қатысушылар арасындағы дау. Бұл мән-жай субъективті қызметтік құқық туралы нақты даудың субъективті құрамы, яғни оның бұзылуына және оны қорғау қажеттілігіне байланысты туындайтын заттық реттеуші құқықтық қатынастың субъективті құрамымен, яғни осы субъективті құқық бұзылған құқықтық қатынаспен – даулы қызметтік құқықтық қатынаспен шектелетінін білдіреді.

Қызметтік даудың оның пәндік құрамы жағынан ерекше айырмашылықтарын ескере отырып, үш маңызды тармақты ескеру қажет :

1) біріншіден, қызметтік даудың ерекшеліктерін алдын ала анықтайтын даулы қызметтік құқықтық қатынастың субъекті құрамы, атап өтілгендей, оның пәндік құрамына енгізуге болмайтын оны шешетін юрисдикция органдары емес;

2) даулы қызметтік құқықтық қатынас даудың өзі емес, оның нысанасы болып табылады;

3) қызметтік дау – даулы материалдық құқықтық қатынастардан туындайтын жаңа, қорғаушы құқықтық қатынас.

Енді азаматтардың жекелеген санаттарының еңбек құқықтарын қорғауға байланысты **кейс** шеңберінде сот шешімін процестің әдістемесін сақтау тұрғысынан талдауды және еңбек даулары бойынша сот талқылауының тиімділігін арттыру жолдарын табуды қарастырайық : Нұр-сұлтан қаласы Алматы аудандық сотының шешімі. ҚР Ішкі істер министрлігіне (бұдан әрі - ІІМ) Азамат Ш.-ның талап арызы бойынша азаматтық іс [41].

Еңбек дауының мәні : жұмыстан босату туралы бұйрықты заңсыз деп тану, жұмысқа қайта қабылдау, мәжбүрлі жұмыстан шығу кезінде жалақыны өндіріп алу, моральдық зиянды өтеу.

Істің негізгі мазмұны (фабула): Талап қоюшы Ш. жауапкер ҚР ІІМ-де жедел уәкіл лауазымында жұмыс істеген. ҚР ІІМ 2019 жылғы 16 тамыздағы № 0160 л/с бұйрығымен талап қоюшы «Құқық қорғау қызметі туралы» ҚР Заңының 80-бабы 1-тармағының негізінде өз еркімен қызметінен босатылды.

Талап қоюшы Ш. ҚР ІІМ-не 2019 жылғы 16 тамызда жауапкер заңсыз жүргізілген қызметтік тергеу негізінде 2019 жылғы 8 тамыз бен 24 тамыз аралығында еңбекке уақытша жарамсыздық кезеңінде талап қоюшыны заңсыз негізде жұмыстан шығарғанын айтып, сотқа талап арызбен жүгінген. Жауапкердің бұл әрекеттері заңсыз деп есептейді, сондықтан талап қоюшы соттан жоғарыда көрсетілген бұйрықты талап қоюшыны жұмыстан шығару бөлігінде заңсыз деп тануды сұрайды.

Талап қоюшының тұжырымдары : талап қоюшының өкілі талап арызды толығымен қолдап, басшылықтың нұсқауы бойынша қызметтік тексеріс барысында болашақта қиындық тудырмас үшін талапкер өз еркімен жұмыстан шығу туралы арыз жазуға мәжбүр болғанын түсіндіріп, соттан оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің тұжырымдары: сот отырысында жауапкердің өкілі қойылған талаптарды мойындамай, көрсетілген талаптармен келіспейтіндігі туралы өз ұстанымын білдірді.

Даусыз жағдайлар: тараптар арасында еңбек қатынастарының болуы.

Талап қоюшының даулайтын мән-жайлары: жұмыстан заңсыз босатылуы, жұмыста мәжбүрлі түрде болмаған уақытына еңбекақы төлемеу, моральдық зиян келтіру.

Жауапкердің даулайтын мән-жайлары : заңсыз жұмыстан босатудың болмауы, мәжбүрлеп бос қалудың болмауы, моральдық зиян келтірудің болмауы.

Сараптамалық бағалау: жұмысқа қайта қабылдау туралы талап-арыздары мынадай негіздер бойынша қанағаттандырылуға жатпайды:

- ҚР ЕК 49-бабы еңбек шартын тоқтату негіздерін көздейді;

- ҚР ЕК-нің 144-бабына сәйкес құқық қорғау органдары қызметкерлерінің еңбегі қызметке кірудің, оны өткерудің және тоқтатудың ерекше шарттары мен тәртібін, еңбекке ақы төлеу шарттарын, сондай-ақ қосымша жеңілдіктерді, артықшылықтар мен шектеулерді белгілейтін ҚР арнайы заңдарында және ҚР өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген ерекшеліктермен Еңбек кодексімен реттеледі.

- Талап қоюшы өзінің дәлелдерінде 2019 жылдың 16 тамызында уақытша еңбекке жарамсыздық кезеңінде жұмыстан шығарылғандықтан оны заңсыз жұмыстан шығарды деп мәлімдейді, бұл жағдай қолданыстағы заңнамаға қайшы келеді. «Құқық қорғау қызметі туралы» ҚР Заңының 81-бабының 5-тармағына сәйкес қызметтен өз еркімен кететін қызметкерлер тікелей басшыны жұмыстан шығарудың жоспарланған күніне дейін бір айдан кешіктірмей қабылдаған шешімі туралы ескертеді, бұл туралы жазбаша баянат береді.

- Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 27 мамырдағы № 246 бұйрығымен «Құқық қорғау қызметі туралы» ҚР Заңының 81-бабы 1-тармағының 5) тармақшасы бойынша қызметкерді жұмыстан шығару жұмыстан босату туралы баянат берілген күннен бастап бір ай өткен соң жүргізіледі. Қызметкердің келісімімен (баянатқа сәйкес) оны көрсетілген негіз бойынша жұмыстан шығару емделуде немесе демалыста болған жағдайда бір ай мерзім өткенге дейін де жүргізілуі мүмкін. Істің нақты мән-жайларынан анықталғандай, талапкер еңбекке жарамсыздық парағы бойынша болған кезеңде ішкі істер органдарынан өз қалауы бойынша жұмыстан шығаруға баянат беру арқылы өз еркін білдіреді, ал жауапкер баянат негізінде талап қоюшыны жұмыстан шығарған.

- Сот отырысында талап қоюшының оның үстінен қызметтік тергеу барысында хаттама толтырылды деген уәждері расталмады.

- Сот іс материалдарын зерттеп, іс үшін маңызы бар мән-жайларды анықтағаннан кейін жауапкердің іс-әрекетінде жұмыстан босату кезінде бұзушылықтар анықталмады деген қорытындыға келеді, себебі бұл әрекеттер жоғарыда аталған Заңға және министрдің бұйрығына қайшы келмейді.

- «Құқық қорғау қызметі туралы» ҚР Заңының 81-бабының 1-тармағына сәйкес қызметкерлерді қызметтен босатуды осы лауазымдарға қабылдау және тағайындау құқығы берілген лауазымды тұлғалар жүргізеді. Талап қоюшыны атқарып отырған лауазымынан босату туралы актіні құзыретті лауазымды адам қабылдаған және ол жұмыстан босату туралы баянат негізінде шығарылғандарға негізделген.

- Жұмыстан босату туралы бұйрықты заңсыз деп тану және оның күшін жою, жұмыста қалпына келтіру туралы негізгі талап бойынша талап қою талаптарынан бас тартуға байланысты талап қоюшының жалақыны өндіріп алу туралы, мәжбүрлі түрде келмегені және моральдық зиянды өндіріп алу туралы талабы бөлігінде қанағаттандырылуға жатпайды.

- Жауапкердің өкілінің дау ескіру мерзімінің өтуіне байланысты қанағаттандырусыз қалдырылуы тиіс деген уәждері қате, себебі талап қоюшы жұмысқа қайта қабылданудан басқа, жалақыны және моральдық зиянды өндіріп

алуды сұрайды, тиісінше талап қою мерзімі «Соттардың еңбек дауларын шешу кезінде заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулының 4-тармағына сәйкес бір жылға белгіленген».

- Талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік бажды төлеу жөніндегі сот шығыстары республикалық бюджеттің кірісіне жатқызылуға жатады.

- ҚР АПК-нің 222-226-баптарына сілтеме.

Сот шешімі : азамат Ш.-ның Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне қатысты бұйрықты заңсыз деп тану, жұмысқа қайта қабылдау, мәжбүрлі прогул уақыты үшін жалақыны өндіріп алу, моральдық зиянды өтеу туралы талаптары қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Жалпы, бұл жағдайда заң нормалары сақталды деп қорытынды жасауға болады, алайда дәлелдемелерді жоққа шығару дәлелдерін көрсетуге қатысты кейбір күмәндар жоқ емес. Сот ісін жүргізудің тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстардың бірі, жоғарыда айтылғандай, қызметкердің ұстанымын күшейту арқылы тараптардың бәсекелестігін қамтамасыз ету болып табылады. Бұл қажеттілік қызметкерде жұмыс берушімен бірдей ресурстардың болмауынан туындайды.

Сондай-ақ, сот шешімінің дәлелді бөлігінде ҚР АПК-нің 226-бабына сілтеме жасай отырып, соттың кейбір дәлелдемелерді жоққа шығаратын дәлелдерін, сот басшылыққа алған уәждерін қосымша көрсету қажет болды.

Осыған ұқсас **кейс** еңбек даулары бойынша азаматтардың жекелеген санаттарына қатысты кейбір ұсыныстарды талдауға және қарауға мүмкіндік береді : бұл Нұр-Сұлтан қаласы Алматы аудандық сотының ашық сот отырысында шығарылған шешімі. ҚР ІІМ-не қатысты азамат С.-ның талап арызы бойынша азаматтық іс [41].

Еңбек дауының мәні: жоғары тұрған лауазымды тұлғалар қабылдаған жұмыстан босату туралы бұйрықты заңсыз деп тану, екінші тарапты қызметті ұзарту туралы баянатты қарау бойынша міндеттеу, лауазымын қалпына келтіру.

Істің негізгі мазмұны (фабула) : талап қоюшы ҚР ІІМ № «Х» бұйрығымен қызметте болудың шекті жасына жеткеннен кейін «Құқық қорғау қызметі туралы» ҚР Заңының 2-тармағы 1-тармағының 80-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарынан босатылды.

Бұл бұйрықты Алматы облысының полиция департаменті Алматы облысы ЖП бастығының № «Y» бұйрығымен қайталанған. Алматы облысы ДП бастығының № «Z» бұйрығымен бұрын шығарылған бұйрыққа өзгерістер енгізілді. Өзгерістер енгізуге № «Y» бұйрықта тиісті кезеңдегі жағдай бойынша жалпы еңбек өтілі 19 жыл, 3 ай, 12 күнді құрайтыны, ал 2019 жылғы 29 шілдедегі жағдай бойынша жалпы еңбек өтілі 20 жыл, 9 ай, 9 күнді құрайтындығы негіз болады.

Талап қоюшының уәждеріне сәйкес, жұмыстан босату кезінде жауапкерлер қолданыстағы заңнаманың нормалары мен нормаларын елеулі түрде бұзуға жол берген, бұл өз кезегінде талап қоюшының заңды құқықтарының бұзылуына әкеп соққан. Осыған байланысты талап қоюшы оның жұмыстан босатылуын заңсыз деп санайды, ал талап қоюшыны жұмыстан босату туралы шығарылған ұйғарымдардың күші жойылуға жатады.

Талап қоюшының тұжырымдары : сот отырысында талапкер тарап көрсетілген талап арызды толық көлемде қанағаттандыруды талап етті.

Жауапкердің тұжырымдары : сот отырысында жауапкердің өкілі ҚР ІІМ жұмыстан босатудың заңдылығын көрсете отырып, көрсетілген талапты қанағаттандырудан бас тартуды сұрады. «Алматы облысының полиция департаменті» ММ-нің өкілі сот отырысына келмеді, бұл ретте сот жауапкер істі оның қатысуынсыз қарауды сұрайтыны туралы жауап алған.

Даусыз жағдайлар: тараптар арасында еңбек қатынастарының болуы.

Талап қоюшының даулайтын мән-жайлары : жоғары тұрған лауазымды адамдар қабылдаған жұмыстан босату туралы бұйрықтың заңсыз сипаты, басқа тараптың қызметті ұзарту туралы баянатын қарау қажеттігі, лауазымына қайта қабылдау қажеттігі.

Жауапкердің даулайтын мән-жайлары : жұмыстан босату туралы бұйрықтың заңды сипаты, екінші тараптың баянатын қарау қажеттілігінің болмауы.

Сараптамалық бағалау: «Құқық қорғау қызметі туралы» ҚРЗ 2-тармағы 1-тармағының 82-бабына сәйкес құқық қорғау органдарында қызметкердің подполковник атағында қызметте болуының шекті жасы 50 жасты құрайды.

Полиция подполковнигі С. Ішкі істер органдарында 2000 жылғы сәуірден бастап, Алматы облысы ЖП Жеке қауіпсіздік басқармасының бастығы лауазымында 2018 жылғы ақпаннан бастап қызмет етеді.

ҚР ІІМ 27.05.2011 жылғы No 246 бұйрығымен бекітілген Ішкі істер органдарындағы қызметін тоқтатқан қызметкерлерді Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жеке құрамынан шығару ережесіне сәйкес, қызметкерлерді заңнамада белгіленген тәртіпте болу мерзімінің шекті жасқа толуына байланысты және органдарда болу шартымен жұмыстан босату кезінде, қызметкердің қызмет ету мерзімін ұзарту туралы мәселе «Құқық қорғау қызметі туралы» ҚР Заңының 82-бабында белгіленген тәртіппен қаралады.

«Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 82-бабы 2-тармағының талаптарына сәйкес жоғары кәсіптік даярлығы, атқаратын лауазымында жұмыс өтілі бар және денсаулық жағдайы бойынша қызметке жарамды қызметкерлердің қызмет өткеру мерзімін олардың келісімі бойынша құқық қорғау органының басшысы не лауазымға тағайындау құқығы берілген уәкілетті басшы бір жылдан бес жылға дейін ұзартады.

Талап қоюшының уәждеріне сәйкес, талап қоюшы 2019 жылдың 2 қаңтарында ең жоғары жасқа жеткен, сондықтан жауапкер 2018 жылдың 2 қаңтарында ең жоғары жасқа жеткендіктен, жұмыстан босатылғаны туралы талапкерге 2018 жылдың 02 желтоқсанынан кешіктірмей хабарлауы тиіс, алайда заңмен белгіленген мерзімде жазбаша хабарлама жіберілмеген.

Қызметкерлерді «Құқық қорғау қызметі туралы» ҚР Заңының 80-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша жұмыстан шығарған кезде хабарлама қызметтегі жағдайдың шекті жасына жеткенге дейін бір айдан кешіктірілмей жүзеге асырылады.

Азамат С. қызмет мерзімін ұзарту туралы хабарламаны ОВВК қорытындысымен бірге Ішкі істер министрлігіне 2019 жылдың 14 наурызында ғана жолдаған, 2019 жылдың 03 маусымында азамат С.-ға ең жоғары жасқа жеткенде жұмыстан шығару мүмкіндігі туралы хабарлама берілген.

2019 жылғы 30 шілдедегі актісінен көрініп тұрғандай, талап қоюшы ҚР ІІМ 2019 жылғы 29 шілдедегі No 405 л/с жұмыстан босату туралы бұйрығынан үзінді көшірмені жазбаша оқудан бас тартқан.

Сонымен қатар, жауапкер 08.08.2019 жылы ҚР Ішкі істер министрінің 29.07.2019 жылғы No 405 л/с бұйрығынан үзінді көшірмемен талап қоюшыға жұмыстан босату туралы хабарлама жіберілген.

Сот істің материалдарын талдай отырып, талап қоюшыға белгіленген мерзімде шекті жасқа толғаннан кейін жұмыстан босату мүмкіндігі туралы хабарлама берілмегенін, талап қоюшының қызмет ету мерзімі автоматты түрде ұзартылғанын куәландырмайды, бұл мәселе Заңның 82-бабы 2-тармағының талаптарына орай, лауазымға тағайындау құқығы берілген құқық қорғау органы басшысының немесе уәкілетті басшының өкілеттігіне кіреді.

Сонымен қатар, сот жоғарыда аталған заң нормаларын негізге ала отырып, қызмет көрсету мерзімін ұзарту тараптардың келісімі бойынша жүзеге асырылады және жұмыс берушінің міндетіне жатпайды деген қорытындыға келеді.

2019 жылғы 24 сәуірде Бас прокуратураның өз қауіпсіздігінің аумақтық бөлімшелері азаптаулар туралы өтініштерді қарау және қылмыстық істерді тергеу кезінде жол берген заңдылықтың бұзылуын жою туралы ұсынысы бойынша қызметтік тергеу жүргізілгені және басқарма басшысы ретінде С. қатысты 2018 жылғы желтоқсаннан бастап жедел-қызметтік іс-әрекет бойынша наразылықтар болғаны туралы жауапкер тарапының дәлелдері назар аударуға тұрарлық.

Айта кетейік, ҚР ІІМ 2018 жылғы 26 қазандағы бұйрығымен ұйымдағы сеніп тапсырылған бөлімшенің қызметін ұйымдастыруда жіберілген олқылықтар үшін талап қоюшыға қатаң сөгіс жарияланған.

ҚР «Құқық қорғау қызметі туралы Заңының 24-бабының 2-тармағына сәйкес полиция подполковнигі арнаулы атағындағы еңбек сіңірген мерзімі жеті жылды құрайды. 2012 жылғы 28 сәуірде азамат С.-ға «полиция подполковнигі» арнайы атағы берілген. Арнаулы атақтағы немесе сыныптық шендегі еңбек сіңірген мерзімі қызметкерге тиісті арнаулы немесе әскери атақ, сыныптық шен берілген күннен бастап есептеледі [149].

Осы норма негізінде азамат С.-ға 2019 жылғы 28 сәуірде «полиция полковнигі» атағы берілуі тиіс болатын. Жоғарыда көрсетілгендей, 2019 жылғы 24 сәуірде С.-ға қатысты қызметтік тергеудің қорытындысы бекітіліп, кейіннен Ішкі істер министрлігінің № 129, 2019 ж. л/с, сөгіс жарияланды.

